

**Мәуен ХАМЗИН**

**ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫНДАҒЫ  
САЛ-СЕРІЛЕР БЕЙНЕСІ**

**Монография**

**Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі  
«Болашақ» академиясы**

**Мәуен ХАМЗИН**

**Қазақ прозасындағы  
сал-серілер бейнесі**

**Монография**

УДК 821.512.122  
ББК 84(5Қаз)  
Х18

### **ПІКІР ЖАЗҒАНДАР:**

М. Әбдуов, филология ғылымдарының докторы, профессор  
Ш. Жалмаханов, филология ғылымдарының докторы, профессор  
З. Жұмағалисв, филология ғылымдарының докторы, профессор

**ISBN 978-601-273-324-2**

**Хамзин М.**

Х18 Қазақ прозасындағы сал-серілер бейнесі. – Монография.  
Қарағанды: «Типография Арко» ЖШС, 2016. – 138 бет

Монография «Болашақ» академиясының Ғылыми Кеңесі мәжілісінде талқыланып, баспаға ұсынылды.

Еңбекте қазақ халқының рухани өмірінде айрықша орны бар, әмбебап өнер иелері сал, серілер бейнесін сомдаған прозалық шығармалар талданған. Монография филолог студенттерге, магистранттарға және қызығушылық білдірген жалпы оқырман қауымға, әдебиеттану мамандарына арналған.

УДК 821.512.122  
ББК 84(5Қаз)

**ISBN 978-601-273-324-2**

© Хамзин М.

## МАЗМҰНЫ

Кіріспе .....	4
1. Қазақ халқының рухани өмірінде сал, серілердің алатын орны .....	12
1.1. Қазақтың сал, серілері жайлы деректер және анықтамалық сипаты .....	12
1.2. Сал, серілер туралы зерттеушілер пікірі .....	15
2. Қазақ сал, серілері ұлттық прозада .....	21
2.1. Тарихи шындық пен көркем шындықтың арақатынасы .....	21
2.2. Қазақтың сал, серілері өміріне арналған прозалық шығармалардағы көркемдік-эстетикалық ізденістер жүйесі .....	26
Қорытынды .....	129
Әдебиеттер тізімі .....	134

## КІРІСПЕ

**Жұмыстың жалпы сипаттамасы.** Жер бетіндегі ғұмыр кешіп жатқан жеті миллиардқа таяу адам мен жарты миллионға жуық түрлі ұлт, халықтың күнделікті өмір салтында бір-біріне ұқсас жайттар болғанымен, тек сол ұлттың болмысын ғана айғақтайтын ірі құбылыстар болады. Қазақ халқында кеңінен тараған сондай құрылысқа сал, серілер өмірі жатады. Еуропаның көптеген елдерінде көшпелі цирк, музыканттар тобы т.б. өнер ұжымдары болған. Алайда бір қарағанда, соларға белгілі бір дәрежеде ұқсас болғанымен, қазақтың өміріндегі сал, серілер құбылысының ешкімге ұқсамайтын өзіндік ерекшеліктері бар екенін баса айтуға тиіспіз.

Сол ерекшеліктерге:

1. Сал, сері ден атағанымызбен, олардың бір-бірінен айырмашылықтары бар екеніне ерекше ден қойғызу;

2. Бұлардың бәрі де қазақтың ұлттық әдет-ғұрып, салт-дәстүр, өткен тарихы мен жасаған руханияты және бүкіл ұлттық болмыс-бітім, кескін-келбетінен айрықша хабардар жандарға жатады. Олар тек хабардар болып қана қоймай, сол ұлттық болмыс нышандарының жоғалып кетпеуіне, мәңгілікке сақталуына үлес қоса білгендігі жатады.

Осы тұста айрықша бір айта кетер жайт мынада. Олар күні кешегі қаймағы бұзылмай, қалынтасып, өз билігі өзінде болған қазақы қоғамның төл перзенттері еді. Алайда қоғам өзгермей тұрмайды. Салт аттылар жасаған үдеріс белең Ұлы Дала өркениеті мен мәдениеті келмеске кетті. Жаңа үдеріс белең алды. Технократия дамыды. Материалдық игіліктер бірінші кезекке шығып, рухани игіліктер кейінге ысырылды. Технократияға негізделген өркеуде уақыт табиғатты бағындыруды мақсат етпей, керісінше, өздерін сол табиғаттың бір бөлшегіміз деп есептеген, көшпелілер әулеті өмір сүрген кейінгі уақыттан мүлде өзгеше, араларында жер мен көктей айырмашылықтар бар еді. Бұл-бір. Екіншіден, XVIII ғасырдың соңына қарай қазақ даласын отарлауға кіріскен Ресей патшалығы XIX ғасырдың екінші жартысында Қазақстан түгілі, Орта Азия елдерінің біразын өзіне қаратып үлгерді. Демек, өз

билігің өзінде болғандағы мен өзгеге бодан болғандағы, уақыттың арасындағы айырмашылықты да ескеруіміз керек. Қазақтың мамыражай, бейбіт өмірі, ұлттық болмыс, әдет-ғұрып, салт-дәстүрі, руханияты, құқықтық ұстанымдары – бәрі де отарлаушы елдің заңымен реттелетін болды. Ендеше, сал, серілер дәстүрі мен олардың дәуірі де біртіндеп ығыстырыла бастады. Енді, негізінен, әрі әнші, әрі композитор, әрі ақын рөлін қоса атқарған кешегі сал, серілер өз шығармаларында әділетсіздік, отарлау саясаты сияқты зұлматқа қарсылық үнін қосты.

Міне, үстірт қараған адамның өзіне де қазақ өмірінде туып, дамыған, қалыптасқан сал, серілер феноменінің тарих сахнасынан қалай түскені бірден байқалады.

Біз монографиялық жұмысымызда қазақ топырағына ғана тән сал, серілер феноменінің қазақ әдебиетінде, дәлірек айтқанда, қазақ прозасында суреттелуіне назар аудардық.

**Тақырыптың өзектілігі.** ХХ ғасырдың бірінші жартысында С.Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу», С. Мұқановтың «Ботакөз» және М.Әуезовтің әйгілі «Абай жолы» шығармалары жарыққа шықты. С.Сейфуллин шығармасы жанры жағынан тарихи-революциялық, деректік-публицистикалық, мемуарлық романға, С.Мұқанов шығармасы тарихи-революциялық сипаты басым романға, ал М.Әуезов шығармасы жарты ғасырға бүкіл қазақ болмысын сыйдыра алған тарихи роман-дәуірламаға жатады. М.Әуезов романының құндылық ұлт сипаты туралы көп айтылды, жазылды, әлі де айтыла бермек, жазыла бермек. Біздің айтпағымыз, тарихи роман-дәуірлама біз қарастырған тарихи және тарихи сипаттағы қазақ прозасының тууына өлшеусіз әсер-ықпал етті. Бұл мәселе тек қазақтың сал, серілері туралы жазылған шығармаларға Әуезов романының әсері дегеннен гөрі, бүкіл тарихи шығармаға шеберлік мектебі болды деген кең ұғымды қамтиды. «Абай жолының» танымдық, тәрбиелік, эстетикалық қырларының өзі де осында жатыр. ХХ ғасырдың екінші жартысында яғни КСРО империясы қоғамындағы сәл «жылымықтан» соң, 60-70 жылдары ұлттық әдеби үдеріске аса талантты жастар тобы келген еді. Дәл сол тұста қазақ әдебиетінің жанрлық көкжиегі

кеңейді, стильдік ізденістер ауқымы ұлғайды, қаламгерлер бұрын айтыла қоймаған тарихи оқиға, тарихи қайраткерлер өміріне арнап, шығармалар жаза бастады. Жасы бар, аға буын өкілдері бар, сол кезеңде С. Жүнісовтің «Ақан сері», Ә. Әбішевтің «Найзағай», «Жаралы сұңқар», З. Ақышевтің «Жаяу Мұса», «Иманжүсіп», С. Сматаевтың «Дүние өтерінде шыр айналды», Т. Тілеухановтың «Соңғы сері», т.б. авторлардың қазақтың тарихи тұлғаларының өміріне арналған шығармалары жарық көре бастады.

Жалпы, сол кезеңде дүниеге келген тарихи проза туралы жазылған мақала, зерттеу еңбектері баршылық. Ал, сол шоғыр шығармаларды әр автор түрлі қырынан, түрлі проблемалар төңірегінде зерттеді. Біз жоғарыда сөз еткен шығармаларды топтап, диссертация да қорғалды. Ал, дәл сол шығармаларға қазақтың сал, серілері арқау болғандықтан, оларды біртұтас тұрғыда топтап, кешенді түрде зерттеу қазіргі таңда рухани қажеттіліктен туындап отырғанын айтқымыз келеді. Біздің магистрлік жұмысымыз осы мәселеге арналып отыр. Ендеше, аталмыш еңбек топырағының өзекті мәселеге арналғанын айтуға тиіспіз.

**Зерттеу жұмысының нысаны.** Монографиялық еңбектің зерттеу өзегіне С.Сматаевтың «Дүние өтерінде шыр айналды» повесі, М.Мағауиннің «Көкбалақ», С.Жүнісовтің «Ақан сері» роман-дилогиясы, Ә.Әбішевтің «Найзағай», «Жаралы сұңқар» (кейін «Атыңнан айналайын» деп аталды) роман, повесі, З.Ақышевтың «Жаяу Мұса», «Шынардың шытығы» (роман кейін «Иманжүсіп» деген атпен де жарияланды) романдары. Аталмыш шығармалардың басты қаһармандары уақыт аясынан алғанда, XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басы аралығында ғұмыр кешкендер. Бұл кезеңді сонау ерте дәуір өз алдына, XV-XVIII ғасырлардағы жеке Қазақ хандығы уақытымен де салыстыруға болмайды. Алғашқысы – қазақтың өз мемлекеті болған кезең, кейінгісі – қазақтың Ресей патшалығына отар, бодан болған кезеңі (XVIII ғасырдың соңынан бастап). Ал, біз қарастырған тарихи тұлғалар – қазақтың сал-серілері XIX-XX ғасыр еншісіне жатады. Сондықтан қос уақыт аясындағы кезеңдерді салыстырсақ, сал,

серілер уақытының келмеске кетіп бара жатқанын аңғарамыз. Біз қарастырған тұлғалар – қазақтың кешегі еркін, азат, таза қазақы қоғамындағы сал, серілердің ең соңғы тұяқтары. Жоғарыда көрсетілген шығармалардан басқа қазақ қаламгерлерінің біраз туындыларында бас қаһарман болмаса да, бірер рет көрініп қалатын, эпизодтық бейнелер сомдалған шығармаларға токтала кеттік, мысалы, Д. Досжановтың «Жібек жолы» романы, сондай-ақ Т. Тілеухановтың «Соңғы сері» атты романы сараланды.

**Зерттеу пәні.** Қазіргі жаһандану үдерісінде әрбір халықтың тілін, ділін, дінін жоғалтып алмау үшін әрекеттеніп жатқаны мәлім. Ол үшін ежелгі тарихың мен жалпыадамзаттық құндылықтар қатарына қосылатын рухани мұраларыңды айрықша назарға ұстап, басқаларға насихаттауың керек, көрсетіп, зерттеп, таратуың керек. Зерттеу пәні ретінде көркем әдебиетте ауқымды шығармаларға арқау болған сал, серілер бейнесінің сомдалуын талдай отырып, ұлттық болмыстың өзіне тән қырларын саралау алынды.

**Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері.** Жұмыста қазақ сал, серілерінің ұлттық прозадағы бедерленуін жан-жақты, кешенді түрде талдау негізгі мақсат болып табылады. Осы мақсатты жүзеге асыру үшін төмендегідей міндеттер қойылды:

–қазақ халқының тарихындағы сал, серілер құбылысы, олардың атқарған қызметі, ұлттық руханияттың дамуына қосқан үлестеріне ғылыми тұрғыдан баға беру;

–қаламгерлер С.Жүнісов, Ә.Әбішев, З.Ақышев, М.Мағауин, С.Сматаев, Т. Тілеуханов, Д.Досжановтардың тиісінше «Ақан сері», «Найзағай», «Атыңнан айналайын», «Жаяу Мұса», «Иманжүсіп», «Көкбалақ», «Дүние өтерінде шыр айналды», «Соңғы сері», «Жібек жолы» сияқты шығармаларында сомдалған сал, серілердің іс-әрекеті мен характерлеріне жан-жақты саралау жүргізіп, уақыт пен кеңістік ұғымдары тұрғысынан зерделеу жүргізу;

–қазақ тарихи прозасындағы сал, серілер көркем бейнесінің жасалу ерекшеліктеріне, әр автордың қаламгерлік, авторлық ұстанымдарына талдау жүргізу;



–сал, сері, әншілік, ақындық, композиторлық, әртістік т.б. қабілет-қарымның қазақ халқының рухани мәдениет пен өнерінде алатын орнын таразылау;

–қазақ тарихи прозасындағы сал, серілер бейнесінің сомдалу сипаттарын талдай келе, сол тұстағы қоғамдық-әлеуметтік, тарихи, саяси жағдаяттарға саралау жүргізу;

–нақты тарихи шындық пен көркемдік ақиқат арақатынасын талдаудан өткізу;

–өнер адамы мен қоғам арасындағы кереғар қарама-қайшылықтарды зерделей отырып, уақыт талабы, замана тынысы, қоғам келбетіне саралау жүргізу;

–әр автордың шығармасындағы ізденістер жүйесі мен жанрлық ерекшеліктерге сараптама жүргізу.

**Зерттеудің ғылыми жаңалығы.** Қазақ ұлттық әдебиетінің танымал өкілдері С.Жүнісовтің «Ақан сері», Ә.Әбішевтің «Найзағай», «Басыннан айналайын», З.Ақышевтың «Жаяу Мұса», «Иманжүсіп», М.Мағауиннің «Көкбалақ», Т.Тілеухановтың «Соңғы сері», С.Сматаевтың «Дүние өтерінде шыр айналды» сияқты прозалық шығармалары жарық көргеннен бастап, олар туралы бірталай еңбектер, зерттеулер, мерзімдік баспасөз бетінде түрлі мақала, сыни пікірлер жарық көрді. Олардың бәрі де бұл шығармаларды жеке-жеке, өздері мақсат тұтқан нысан бойынша қарастырды. Ғалым М.Хамзин 1983 жылы «Казахская, историческая проза о людях искусства (традиции и новаторство)» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады. Біз өз жұмысымызда аталмыш проблеманы сал, серілер бейнесінің жасалу қырлары, олардың ұлт руханияты мен мәдениетіне қосқан үлесі тұрғысынан зерттедік. Және бүгінгі күн тұрғысынан көркем шындық пен тарихи нақты шындықтың арақатынасына үңілуге тырыстық. Кешегі тоталитарлық тәртіп тұсындағы айпақ түгілі, ауызға алуға болмайтын мәселелерге тәуелсіз еліміздің еркін саясаты биігінен әрекет жасадық. Патшаның отаршылдық саясаты айтылса да, сол жүйенің бірден-бір заңды мұрагеріне айналған кеңестік билік жөнінде қазақ прозашылары тоталитаризм дәуірінде ештеңе айта алмады яғни заман талабы шынғырған шындықты айтуға мүмкіндік бермеді. Шын мәнінде Мәди де,

Иманжүсіп те сол жүйеден апат болған жандар еді. «Жаяу Мұсада» «Сұрша қыз» атты әнді Жаяу Мұса шығарды деп жазады З.Ақышев. Мұса Шормановты іске алғысыз етіп мансұқтайды. Олай етпеске амалы жоқ еді. Шын мәнінде өзі кедей, өзі Жаяу атанған жарлы Жаяу Мұсаға желеу етіп, нендей нәрсеге болса да араластыру сол дәуірдегі тиімді тәсіл болатын. «Сұрша қызды» шығарған Арап екендігі бүгін дәлелденіп отыр. Өз заманының сұңғыласы, көрегені атанған сүйегі асыл Айтан салдың өз заманынан көрген зардабын М. Мағауин «Көкбалағында» ишара, смеурінмен ғана білдіре алды. Ендеше, аталмыш шығармаларға нақты тарихи шындық тұрғысынан үңілу, көркемөнердің ең ірі құндылығы боп табылатын көркемдік-эстетикалық ізденістер жүйесіне талдау жасалынды. Сал, серілер бейнесіне топтамалық, салғастыру тұрғысынан жасалуына кешенді саралау жүргізілді.

**Зерттеу әдісі.** Жұмыста қарастырылған сал, серілер бейнесі сомдалған прозалық шығармаларды талдағанда типологиялық байланыс, салыстыра зерттеу әдістері қолданылды.

**Негізгі тұжырымдар.** Қазақ прозасындағы тарихи және тарихи сипаттағы шығармалардағы сал, серілер бейнесінің жасалуын талдау барысында төмендегідей тұжырымдар жасалды:

–қазақтың сал-серілері бейнесі сомдалған тарихи прозалық шығармалар топтастыра қарастырылды;

–ұлт руханиятындағы сал, серілер – қазақ мәдениеті мен өнеріндегі, жалпы өркениетіндегі ерекше құбылысқа жатады;

–қазақтың сал, серісі – болмысына әншілік, композиторлық, ақындық сипаттармен бірге, әртістік, басқа да әмбебап қасиеттерді дарытқан тұлға;

–ұлттық әдебиеттен сал, серілер бейнесін сомдаған прозалық шығармалар қазақ әдеби үдерісіндегі үлкен бір бағыт, айтулы үрдіс боп табылады;

–қаламгерлер С.Жүнісов, Ә.Әбішев, З.Ақышев, М.Мағауин, С.Сматаев, Т. Тілеуханов шығармалары қазақ әдебиетіндегі стильдік, жанрлық ерекшеліктерді дамытты деуге болады;

–жалпы, бойына әмбебап өнер сипаттарын жинақтаған сал, серілер бейнесін жасау С. Мұқановтың «Балуан Шолақ» повесінен басталса, сол үрдісті дамытып, өркендеткен, кемелдендірген шығармалар қатарына біз қарастырған шығармалар жатады.

### **Зерттеу жұмысының теориялық және әдіснамалық негіздері.**

Қазақтың прозалық шығармаларындағы сал, серілер бейнесінің жасалу ерекшелігін талдау үшін отандық ғалымдардың, басқа елдер әдебиеттанушыларының теориялық еңбектері басшылыққа алынды. Мысалы, М.Жұмабаев [1], Ә.Марғұлан [2], А.Жұбанов [3], Е.Ысмайылов [4], Б.Кенжебаев [5], С.Қирабаев [6], З.Қабдолов [7], Т.Кәкішев [8], Н.Ғабдуллин [9], М.Ғабдуллин [10], Қ.Сыдиықұлы [11], М.Қаратаев [12], Ш.Елеуенов [13], М.Базарбаев [14], С.Негимов [15], М.Хамзин [16], Ж.Дәдебаев [17], Қ.Алпысбаев [18], Р.Нұрғали [19], А.Сейдімбек [20], Е.Тұрсынов [21], А.Шәріп [22], Д.Қамзабекұлы [23], Б.Майтанов [24], Р.Бердібаев [25], Қ.Ергөбек [26] т.б. еңбектері. Аталмыш тізімдегі басшылыққа алған теориялық еңбектеріміз жұмыс барысында басқа авторлар зерттеулерімен толықтырылмақ. Сонымен қатар, жұмысты орындау барысында басқа елдердің әдебиеттанушы ғалымдарының еңбектері де басшылыққа алынды. Мәселен, В.Виноградов [27], В.Гусев [28], Л.Гусейнов [29], И.Кузьмичев [30], Г.Поспелов [31], М.Бахтин [32] т.б. еңбектер. Ал, жұмысты орындау барысында өзіміз қарастырған прозалық шығармалар яғни С.Жүнісов [34;35], Ә.Әбішев [35;36], З.Ақышев [37;38], М.Мағауин [39], С.Сматаев [40], Т. Тілеуханов [41] т.б. туындылар мәтініне сүйендік.

Еңбекті жазу барысында орыс әдебиетіндегі тарихи және тарихи сипаттағы шығармаларға салыстыру, типологиялық байланыс мәселелері тұрғысынан назар аударылды. Мәселен, Н. Задорнов, П. Загребельный, т.б. сонымен қатар, орыс зерттеушілері Г. Ленобль, М. Бахтин, Н. Конрад, С. Сигуа, Л.

Арутюнов сияқты ғалымдардың еңбектеріне де назар аударылды.

Жұмыстың әдіснамалық негізіне тәуелсіз еліміздің рухани салаға қатысты мемлекеттік саясаты алынды.

**Жұмыстың ғылыми және тәжірибелік маңызы.** Монографиялық жұмыстың ғылыми нәтижелері мен негізгі түйін, тұжырымдарын ЖОО филология факультеттерінде кеңестік дәуірдегі қазақ әдебиетінің тарихын (1960-жылдардан басталатын әдеби үдерісте) өткенде қосымша әдебиет ретінде пайдалануға болады. Тәжірибелік маңызы бойынша мектеп, лицей, колледждерде, гимназиядағы ұлттық әдебиет тарихын оқытқанда және жазба жұмыстарын (курстық, реферат, дипломдық жұмыс т.б.) орындағанда пайдалануға мүмкіндік бар, сондай-ақ ЖОО филология факультеттерінің қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша оқып жатқан студенттер оқу үдерісінде және семинар, арнайы курстарда және магистранттар ғылыми жұмыс жазуда пайдалануларына толық мүмкіндік бар.

**Жұмыстың құрылымы.** Монографиялық жұмыс негізгі екі тараудан, олардың құрамындағы бірнеше тараушалардан және қорытынды мен әдебиеттер тізімінен тұрады.

# **1. ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ РУХАНИ ӨМІРІНДЕ САЛ, СЕРІЛЕРДІҢ АЛАТЫН ОРНЫ**

## **1.1 ҚАЗАҚТЫҢ САЛ, СЕРІЛЕРІ ЖАЙЛЫ ДЕРЕКТЕР ЖӘНЕ АНЫҚТАМАЛЫҚ СИПАТЫ**

Қазақ тарихи прозасындағы сал, серілер бейнесінің жасалуы мәселесіне зер салсақ, сал, сері ұғымдарына қатысты деректерге, анықтамалық әдебиеттерге және ұлт санасында орнығып қалған түсініктерге ден қойғанымыз абзал.

1. Сал, сері ұғымдарының әрқайсына тән өзіндік ерекшеліктері бар, бірақ, мақсаттары біреу, олардың идеялық бағыты, мүдделері мен міндеттері бір арнадан табылады;

2. Сал, сері – қазақ елінде халықтың рухани сұранысына бірден-бір жауапты боп, сол қажеттілікті өтсеуге өмірі мен өнерін арнаған ерекше тұлға;

3. Сал, сері болмысында көп реттерде әртістік, цирк қызметкерлерінің, спорт элементтерінің, көз байлаушы, сиқыршы, дуалаушы өнері, әрі композиторлық, әрі әншілік, әрі ақындық талант-дарын ерекше ұя салған;

4. Қазақ сал, серісі – Ұлы Даланың мәдениеті мен өнеріне өлшеусіз үлес қосқан тұлғалар;

5. Сал, сері көп жағдайда беймезгіл заман аясындағы қақтығыс, қарама-қайшылықтарда әділет туын көтерген пәк жандарға жатады, малдының емес, шындығына көз жеткізсе, жарлының сөзін сөйлеген. Сондықтан да халқының ыстық сүйіспеншілігіне бөленген.

–Нақты деректік, ғылыми анықтамаға сүйенсек, олар туралы томендегі мағлұматтарға ден қойғанымыз абзал.

Ғалым С.Негимов «Қазақтың сал-серілері» кітабында олардың қатарына А.Тобылбайұлы, Қ.Өтемісұлы, Қ.Басығараұлы, Ы.Сандыбайұлы, Ш.Қошқарбайұлы, Д.Әлімбайұлы, К.Жұбандықұлы, Қ.Жапсарбайұлы, М.Жапақұлы, Т.Қалмағанбетұлы, Б.Қожабайұлы, Ғ.Файзоллаұлы, Ш.Отызбайұлы, И.Байзақұлы, Ақан сері, М.Бапиұлы, Сегіз сері, Біржан сал, Е.Беркімбайұлын жатқызады [15, 3].

Сондай ақ сал, серілер феноменіне олардың бойындағы әншілік, ақындық, композиторлық сипат, қасиеттерді ерекшелеп көрсетеді. «Сал, серілер поэзиясы – ұлттың саз өнері мен өлең өлшемін, әдебиеттің ұлттық сипаты мен көркемдік ойлау жүйесін айқындауға мол мүмкіндік береді. Халық өнерпаздарының шығармашылық қабілет-қарымын, орындаушылық техникасын, туындыларының архитектуралық сипатын, көркемдік құбылыстарын, шеберлік әлемін әңгімелеу барысында алуан сырлы мақамдарға, сарындарға, құйқылжып төгілген үн-әуездерге тоқталып өткен дұрыс болар.

Сарын – буырқанып бұрқыраған сөз өнерпазының сыр сарайын керемет жарқыратып көрсететін кілт іспетті. Сарында ақынның ынтықтық, құштарлық сезімі, асқақ рухы, дария көңілі, көркемдік дүниетанымы толқынды әуезділікке күйлілікке, ағыл-тегіл сыр түйдегіне, тізбегіне көшеді. Сөйтіп, ор қояндай орғытып, желдей ескен жүйріктің сарыны – оның жырларының сұлулық, әуезділік дәрежесін, сөз кестесін, ой кестесін танытады. Бұл ретте Байкөкшенің, Кемпірбайдың, Кәмештің, Сағырбайдың, Жанақтың, Қуандықтың, Түбектің, Байбаланың сарындары дарынды жыршы ақын Шәкір Әбенұлының (1901-1994) орындауында жеткендігін айтар едік. Бұл сарындарды 1944 жылы өнертанушы Б.Г. Ерзакович жазып алған.

Он бір жасында айтысқа түскен жыр түйғыны Байбала Жайсаң қызының сарынына құлақ түрейік:

Іздесен мен сұраған Байбаламын,  
Сендейдің қолы жетпес ай боламын.  
Қаиатым күн нұрына шағылысып,  
Аққудай айдын көлді айналамын.  
Көз жетпес көк теңіздің көркі менмін.  
Аң емес сен ілетін айдаланың.  
Көкте ұшқыш, суда жүзгіш, жерде жүйрік,  
Атсаң оқ, шапсаң қылыш сай боламын.

Немесе Сабырбайдың сарыны бойынша өрнектелген:

Екпінім тау еңсеріп, көл толқытқан,

Өрепін өрлеп ұшып шынға шыққан.  
Желге айтып асыл сөзді селге ағыздым,  
Сөзімді кім бар дейсің жерден ұққан.  
Секілді керуен көшкен көне сарай,  
Мен түгіл кеткен жоқ па келер құтпан.

Байбала мен Сабырбай шүу дегенде ой, қиял, шабыт қанатында самғап, керім-кербез, сымбал да сымбатты, әуенді-сазды, ұйқасты, ырғақты, ұшқыр да әсерлі, көркемдік сиқыры өзгеше сөйлемдерді толқындата туындатып, тындаушының жүрегін аттай тулатып, оттай жандырады.

Сонымен қатар ақындардың сарынына әлеуметтік-қоғамдық қайшылықтар өзек болған. Мысалы, «Жанақтың сарыны» былайша кеетеленген:

Бұл күнде хан мен қара тең болған кез,  
Бағалы бағасыздан кем болған кез.  
Ғаламат аснандағы жерге түсін,  
Ғажайып түсте көрген өң болған кез.  
Қайғы – теңіз, көз жасы – сел болған кез.  
Шалқыған шалқар көлің тандыр болып,  
Шалшық су тепкіні жоқ көл болған кез.

«Бақ қартая келе қара шыбын болды. Қайда еасық болса, соған қонды. Ол – пұшықтың мұрнына, соқырдың көзіне, таздың басына қонды» деген тәмсілмен тәркіндес.

Жалпы, мақам-сарындар әлемін зерделеу, талдап түсіндіру өз алдына жске бір зерттеудің міндеті.

Ақындар жайлы ой толғағанда, мына бір жәйтті айтпай өтуге болмайды. Қазақ ауыз әдебиетінің байырғы өкілдері мен таратушылар бірнеше тонқа жүйеленеді: әнші ақындар, жыршылар, өлеңшілер, айтыс ақындары, сал-серілер. Шынтуайтпап келгенде, әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері әрі бір-бірімен бірлесіп, ұштасып өмір сүретін қасиеттері де бар. Және тек музыкалық аспаптардың (домбыра, гармон, қобыз) сүйемелдеуімен ән айтып, жыр шығарады. Бұлардың өнеріне театрлық-драмалық белгі-нышандар да тәи. Осындай бірегей

ақын тұлғасы әрқашанда ғасырлар керуенімен ілгері баса бермекші» [15, 125-127]. Осы айтылғандардан шығатын қорытынды төмендегідей. Ақындық қуат, сазгерлік, әншілік, орындаушылық, құйма құлақтық, түрлі өнерді меңгеру сияқты қасиет-сипаттар қазақ даласындағы өнер иелеріне айрықша дарыған. Бұл өнердің айрықша жетілген түрі тұтастай алғанда, қазақтың тарихында ерекше орны бар сал-серілер болмысына жинақталған, орын тепкен деуімізге толық негіз бар.

## **1.2 САЛ, СЕРІЛЕР ТУРАЛЫ ЗЕРТТЕУШІЛЕР ПІКІРІ**

Біз жоғарыда көрсеткен тұжырымдарды әлі де дәйектеп, пысықтау үшін төмендегі зерттеушілердің пікірлеріне ден қойдық. Ақан қасына ылғи әнші, домбырашы, ойыншы, палуан жігіттерді ертеді. Бәріне киімді бірыңғай әсем кигізеді. Бір түсті ат мінгізеді. Бәрін бастайтын, әрине, Ақаниың өзі болады. Өзінің де басында шоқпардай үкі, үстінде асыл киім, астында бүгілген әсем басқан сәйгүлік, Ақанның әншілігі, үні, ақындығы ешкімді тең келтірмейді.

### **Сәкен Сейфуллин**

Ақанның өмірі – ертегі өмір. Судай сұлу, желдей екпінді, жалпақ жұртқа жат, жұмбақ өмір.

### **Мағжан Жұмабаев**

Сал мен серінің ерекше қасиеттері – әрі ақындығы, әрі әншілігі, әрі күйшілігі, әрі сауыққойлығы, елге қуаныш беретін, олардың жүрегіне жарық сәуле түсіретін зиялылығы.

### **Әлкей Марғұлан**

«Біржан әндерінің шыңының бірі халық арасында «Біржан сал» атанып кеткен әні. Ол әннің бірнеше варианты жазылған (ноғаға түскен). Кім айтса да белгілі, жұрттың бәрі білетін:



Баласы Қожағұлдың Біржан салмын,  
Ешкімге зияным жоқ жүрген жанмын.  
Кісіге өзім деген бас имеймін,  
Өзім әнші, өзім сал кімге зармын, -

–деген өлеңмен айтады. Бұл басынан аяғына дейін сазды, өте байсалды екпінде жүретін, Біржанның сал деген атына сәйкес келеді».

### **Ахмет Жұбанов**

Сал, серілерде ақындықпен қатар, әнші, күйшілік, композиторлық, би, спорт өнерлері де бар.

Сал, серілер, әншілік, ақындық, жыршылық, аңшы-мергендік, спорт-палуандық, сырттай әшекейлік (декорациялық), түрлі күлдіргі, гажап құбылмалы (фокус, жонглерлік) ойындар көрсеткіш – бәрі халық өнерпаздары.

### **Есмағамбет Ысмайылов**

«Адайдың жеті қайқысы» – XIX ғ. екінші жартысы мен XX ғасырдың бас кезінде Маңғыстау түбегінде өткен халық өнерпаздары, сал-серілер, күйші-домбырашы, әнші, жыршылар. Олар: Жаңай Өскенбай Қалманбетұлы, Майлан Шолтаман, Кенже Әділ Өтеғұлұлы, Медет Жылкелді, Қаржай Тұрсын, Мая Досат, Сүйіндік Тастемір Шыршығұлұлы. Бұлардың әрқайсысы, бірнеше өнер иелері еді. Олар бір жүріп, ел аралап, халыққа өнерімен қызмет еткен сегіз қырлы сал-серілер болатын. «Жеті қайқы» құрамындағылар – сазгерлік, ақындық, жыршылық, күйшілік, әншілік өнерлердің дәстүрлі дүлдүлдері.

### **Қабиболла Сыдықұлы**

#### **Сал-сері**

Сал-серілік дәстүрі бірте-бірте ұмытылып халық жадында тек Ақан сері, Сегіз сері, Біржан сал ескілді өнерпаздарға байланысты ғана сақтанып отыр. Сал және серінің

айырмашылықтарын тап басып, ажырату үшін де этнографиялық айғақтарды ашып көрсеткен орынды. Сал жігіт – желеңмен ауылға таяғанда аттан құлайды. Қашан ауыл қыздары келіп, көтеріп үйге алып кіргенше өлген адамша тырп етпей жата береді. Салдардың елден ерек өзгешеліктері, олардың көзге ұрып тұрар айрықша белгісі – киім киісінде. Ә. Диваев сипаттап бергендей, « Сал өзінің үстіне киген киімі халық кимеген түрден болады. Егер ол киген киімді халық кисе, оны кимей, қарақұрым киізден киім қылып киеді екен». Салдар киімдерінің жұрт назарын аударатындай күлкілі, сайқымазақ болуын қатты қадағалаған. Ел аузында салдардың паң жүрісі, тәкаппар мінездері, киім киістері, сән-салтанаты хақында аңыз-әңгімелер көп. Мәселен, Жетісу өңірінде «Дәурен салдың белбеуіндей ұзын» деген мәтел сөз сақталған. Ол Ілені кешіп өткенде белбеуінің бір ұшы аргы жағада екінші ұшы бергі жағада қалады деген әңгіме бар. Арқадан шыққан Қаспақ сал атын шәйі шүберекпен тұсап, құйрығын сүртеді екен.

Салдардың аттарына шөп орнына мейіз, су орнына бие сүтін беретінін халық әлі күнге дейін аңыз қылып айтады. Халқымыздың ежелгі салттарының бірі- салдық салыстыру. Бәсекеге түскен салдардың іс-әрекет, қылықтары басқа адамдар үшін ақылға сыйымсыз, ерсі, ұятты болуы мүмкін. Бәсеке кезінде астындағы атын әп-сәтте бауыздап тастау, тіптен тыр жалаңаш шешініп ауыл-үйді тегіс аралап шығу т.с.с. сал үшін әбестік емес. Салдық салыстыру кезінде кісілік, жомарттық, мәрттік, өнер, т.б. да сыналып отырған. Осыған айғақ ретінде Кенен Әзірбаев аузынан жазылып алынған Дәурен сал мен Қырмызы салдың бәсекесін айтуға болады. Салдар кейде сайқымазақ, кейде қу-әзілкештер тәрізді елді күлдіріп, думан қылып жүрген. Жоғарыда сипатталған салдарға тән ерсі мінез, аттан құлау, елден ерекше күлкілі киімдер кию тәрізді іс-қылықтар серілер бойынан табыла бермейді. Серілер таза, әдемі киіну, кербез, паңдық мінездерімен оқ бойы озық тұрады, олар жомарттық, сақылық, білімдарлық қасиеттерімен айналасына онеге шашатыны, тек өнер жолына беріліп, сауық құрып, аңшылық-саятшылықпен айналысып жүрген. Сал-серілердің топтасып жүріп, ауыл – ауылды аралаған сәтте тұтас ансамбльді

елестетеді. Олардың арасында әнші, ақын, балуан, т.б. түрлі-түрлі өнерпаздар жүретін. Серілер бірдей ат мінуі, бірдей киім киюі, салдардың елден ерек, алабажақ киімі, басындағы үкісі де көшпелі дала артистеріндей әсер қалдыратын. Салдардың ауыл сыртына келіп құлауы, қыздардың көтеріп кетуінің белгілі дәрежеде эстетикалық мәні болды, халықтық драма өнеріндегі ойын-сауықтың қызметін атқарған. Сал-серілер ақын, композитор, әнші болудың үстіне артистік, бишілік, фокусшылдық, т.б. қасиеттерді бойына жинақтаған жан-жақты өнерпаздар болған. А. Жұбанов, Ә. Тәжібаев естеліктеріне қарағанда Шашубай Қошқарбайұлы ат үстінде тұрып гармонмен ән салады, бет-аузын адам танымастай өзгертетін, бас терісін жүгіртіп ойнатқанда қалпағы төбесінде мөңкіп жүретін, таяғын сикыршыдай ойнататын. Тайжан Қалмағанбетұлы сикырлы болғаны сондай, жағын қисайтып, бірде мұрнын қағып, таңқы пұшық болып, көзін айналдырып, соқыр болып, құлағын шұнтитып, шұнақ бола алады екен. Ағашаяқ деген атпен мәлім Берікбол Көпенұлы (1861-1932) үлкен топтарда түрлі ойындармен халық назарын аударған. Ол 6-7 түйені қатар қойып, бір жағынан екінші жағына секіріп түсетін болған. Ұзын арқан құрып, қолына ағаш ұстап, арқанның үстінен жүгіреді екен. Ол әнші-ақындығымен қоса биші, желаяқ, спортшы, әрі күлдіргі болған. Екі аяғына бақан байлап желген атқа ілесу, шапқан аттың үстіне төбесімен тұрып билеу, шалқалап жерден аузымен тақия алу сияқты цирк ойындарын шебер орындаған. Берікбол Көпенұлы мен Назар Жүндібайұлы (1912-1897) аяғына үлкен сырық байлап өнер көрсеткені үшін «Ағашаяқ» лақап атты иеленген. Сал-сері Балуан Шолақ ойындарында спорттық, атлеттік сипат басым, мұның өзі көпшілікке театрлы көрініс ретінде қойылыпты. Сал-серілердің сан қырлы өнер иесі болып, бірнеше саланы меңгеруі, замана талабынан туған, себебі сахнасы мен театры жоқ, циркі мен балеті жоқ қазақ даласына жан-жақты өнерпаздар қажет еді.

**Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық.- Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2005-576 б.**

Жоғарыдағы «Қазақтың сал-серілері» еңбегінде С. Негимов төмендегідей тұжырымдар жасайды:

«Ұлттық поэзия тарихында бір басында ақындық-әншілік, композиторлық–орындаушылық, жыршылық-эңгімешілдік, импровизаторлық-ойыншылық өнерді аса сәтті тоғыстырған әнші ақындардың, сал-серілердің өрелі өнерпаздық табиғаты айрықша мәнділігімен ерекшеленеді.

Бұл орайда халықтың жуан ортасынан суырылып шыққан осындай біртұтас киелі өнердің көрнекті қайраткерлері Біржан сал, Ақан сері, Абай, Мұхит, Балуан Шолақ, Жаяу Мұса, Мәди, Үкілі Ыбырай, Құлтума, Сары, Майра, Естай, Нартай, Кенен, т.б. жөнінде түйдек-түйдек ойлар орбіткен Ахмет Жұбанов пен Есмағамбет Ысмайловтың сүбелі зерттеулері тарихи – әдеби деректерімен, мағыналы толғамдармен құнды. Әлбетте, бір ұлттың заманалар мен дәуірлер сырын шерткен көркем шежірешілерінің өнегелі өмірі мен өрісті өнерін тұтастай сойлетіп баяндау, талдап таразылау, жүйелеп зерттеу мүмкін емес. Кезінде дүниені дүбірлеткен дарынды дүлдүлдердің ұмытылғаны да бар. Мысалға жүгінсек, ақпа-төкпе ақын, әйгілі әнші, айтулы композитор Айтпай Демікпеұлы жайлы мағлұматтар жоқтың қасы. А.Затаевич Айтпайдың Ғаббас, Қадыс, Усайын дейтін өнерлі ұлдарынан бірнеше әндерді нотаға түсіріп, «Қазақтың 500 ән-күйі» еңбегінде жариялаған. Мұның ішінде аты «қазаққа мәлім болған», сөзі «үш жүзге тәлім болған» Айтпайдың «Раушан», «Перизат» әндерінің нотасы берілген.

Өмірбаяны мен өнерпаздық жолы беймәлім, «ән мен өлең өмірінің сәні болған» Айтпай сыңды аяулы да ардақты әнші ақындар қаншама. Әрине, бұл қазақ халқының тағдырын тәлкек еткен сұм заманның суық лебі, әміршілдік-әкімшілдік жүйенің сайқал саясаты шығар...

Қашанда үздік туған хас таланттың мұрасы, рухы, жарқын бейнесі толқын-толқын буындардың жүрегін толқытып, бойын балқытып, қиялын шарықтатып, болашақ биігіне бірге адымдап, бірге жасайды. Әркім дүниетанымына, рухани болмысына, ұғым-түсінігіне орай өзінше нәр-қорек тауып, эстетикалық ләззатқа, ой сәулесіне бөленіп, адамзат пен ғаламзаттың

күпиясына үніледі, белгілі бір өзіндік ой-пікірлер түйеді. Ендеше, бұл кітапта халықтың рухани мәдениетінің ірі өкілдері Арыстанбай, Қанапия, Құлтума, Ақан сері, Үкілі Ыбырай, Доскей, Шашубай, Майасар, Тайжан, Бөлман, Кенішбай, Қалқа, Иса сияқты саңлақтардың өмірі мен өнерпаздығына қатысты сирек әдеби деректерді жүйелі баяндауға ұмтылды» [15, 6-7].

## 2. ҚАЗАҚ САЛ, СЕРІЛЕРІ ҰЛТТЫҚ ПРОЗАДА

### 2.1 ТАРИХИ ШЫНДЫҚ ПЕН КӨРКЕМ ШЫНДЫҚТЫҢ АРАҚАТЫНАСЫ

Тарихи шығарма – адамзат баласының жүріп өткен жолының хронологиялық тізбегі ғана емес, сол адамдардың нақты іс-әрекеті, пиғылы, мінезі. Жанрлық тұрғыдан өткен уақытты қамтитын болғандықтан, тарихи шығарма авторының басты назарға ұстайтындары:

1. оз шығармасындағы кейіпкерлер арқылы сол дәуірдің қоғамдық-әлеуметтік, тарихи, саяси жағдаяттарынан оқырманды хабардар ету яғни бұл жерде адам мен қоғамның байланысы бірінші кезекке шығады;

2. тарихи шығармада автор әлеуметтік туындылардағы сияқты, ойдан шығару тәсіліне бара бермейді яғни нақты тарихи шындық пен көркемдік шындықтың ара-жігін айыра білуі.

Асылы, тарихи және тарихи сипаттағы туындыларға қойылатын басты талап тарихи шындық пен нақты шындықтың бір-бірінен алшақ болмауы десек, С. Жүнісовтің «Ақан сері» тарихи роман-дилогиясының үшінші кітабын жазбақшы болғаны мәлім-тін, алайда Қоскөлден бұлдыр болашақты бетке ап, ауру баласымен пұшайман боп, жігері жасыған Ақанның сол күйімен роман аяқталса керек еді. Ал, жазушы үшінші кітапты жазуға үлгерген күннің өзінде ол туындыға арқау болуға тиіс Мәмбетәлі Сердалин өмірі толыққанды бейнеленсе де, өмірден күдер үзіп, тарих сахнасынан кеткен сері өмірі негізгі желіден алшақ қалатын еді ғой... Жазушы Ә. Әбішев «Найзағайдың», «Атыңнан айналайынның» бас қаһарманы Мәди бейнесі арқылы қоғам келбеті, уақыт тынысы, замана талабы сияқты беймезгіл кезеңнің шынайы кескінін беруге тырысса да, Мәди өмірінің басты-басты деген күреске толы мезетін ғана бейнелеуге ұмтылған. Соның нәтижесінде Мәди болмысындағы жекелеген кемістіктер, кезінде Алаш идеясын қолдаған Қақабай сияқты ағасымен қарым- қатынасының шындығына үңілу, Мәдидің кімнің (қай жүйенің) қолынан мерт болуы толықтай ашылмаған. Қаламгер емеурін, ишаратпен болса да, ол жайттарды астарлап

бергені жөн еді. Ал, тарихи «Елім-ай» романы арқылы бұндай санаттағы шығармаға қойылар талапты жетік меңгерген. С. Сматаев тарихи шындық пен көркемдік шешімді тепе-теңдікте ұстай алған. З. Ақышев романдарында танымал әннің авторы деп бас қаһарманды атауы, тарихи нақты оқиғаларды індете зерттеп барып, шығармаға арқау етілуі – бәрі де тарихи шығармаға қойылатын талап үдесінен шықпаған деуімізге толық негіз бола алады.

XX ғасырдың алпысыншы жылдарынан басталатын үдерісте тарихи және тарихи сипаттағы прозалық шығармалардың біршама мол екендігін айттық. Қазақтың атақты салдары мен серілері өміріне арнамаса да, тарихи шығарма авторлары бұл жайтқа тоқталмай кетпейді. Себебі, қазақ тарихынан сал, сері ұғымдарын бөліп алып қарауға болмайды.

Біз қарастырып отырған шығармалар легінде болмаса да, Қ.Исабаевтың «Серт» роман – трилогиясында да осы сипаттағы кейіпкерлер көрініс береді. Эпизодтық сипатта болса да, автор атақты Жанақ ақынның көркем бейнесін сомдау барысында сал, серілерге тән элементтерді енгізіп жіберген. Автор Жанақ ақынның жаз мезгіліндегі ермегі ерекше екеніне тоқталады. Жанақ – дәуіріндегі яғни XVIII ғасырдың соңы мен XIX ғасырдың басында Баянауыл өңіріндегі әйгілі Шоң би Едігеұлы мен Шорман би Күшікұлының соңынан ерген, солардың ел арасынан төрелерді қуып тастап, қараны көтермелеу идеясын айрықша қолдаған ақын. Аталмыш уақытта сал, серілік дәстүрі ұмытылмаса да, элементтері сақталғанын көруге болады. Жазушының мақсаты өзі айрықша көтермелеп отырған билер тобының, әсіресе, Шоң бидің ұстанған бағыты дұрыс, сондықтан да оны халық арасынан шыққан өнер иелері де қолдауда дегенді көздеген. «Жыл сайын осы уақытта ел-елден балуан, жел аяқ, әнші – күйшілер, биші, сиқыршыларды жинап, жайлауларды аралап кетуші еді. Несін айтасыз, келесі ауылдың төбесі көрінгенде-ақ, Жанақ тобы аттан түсер еді де, ауыл ақсақалына хабаршы жіберер еді. Ақсақалдар жастарға дереу Жанақтың алдынан шығуға бұйырып, қызылды-жасылды киінген қыз бен жігіттер ойыншылар тобына қарай бет алар еді.

Жеткен жерлерінде өнер иелерімен қол алысып, амандасып болғаннан кейін қыз – жігіттер иіліп, Жанақтың жаюлы кілемге отыруын сұрар еді. Осындай құрмет күткен Жанақ отырар еді қарсы кілемге, жігіттер оны тік көтеріп алып, әкетер еді ауылға. Сол күннен бастап бұл ауылда той-думан, алтыбақан. Түн атаулыны Жанақты тындаумен өткізіп, жұрт танды таңға қосар еді. Аптадай уақыт өткеннен кейін Жанақ тобы қайта жиналар еді жолға. Мына ауыл топ мүшелеріне сый-сияпат көрсетіп, астарына ат мінгізіп, үстеріне шапан жауып, «Енді аулымыз құлазып қалады-ау» деп, мұңайсып қалар еді. «Егер келесі ауыл үйлері қараша, адамдары жұпыны болса, бай ауылдан тілеген салтанатты күтпей-ақ жетіп барар еді де, әнін айтып, күйін тартып, қайта шығар еді жолға»–деген жолдардан қазақ өміріндегі рухани салт-дәстүрдің қаншалықты құнды болғанын көреміз [42, 347].

Жазушы Д.Досжановтың «Жібек жолы» романындағы уақыт Қ.Исабаев романындағы уақыттан сәл ертерек кезенді қамтиды. Яғни XII-XIII ғасырлардағы Шыңғыс ханның Дешті Қыпшақ жеріне шабуылы романның арқауына айналған. Соғыс, арпалыс кезені, сондықтан үрей, қорқыныш, жау шабуылына қарсы тұру дайындығы т.б. көшпелілер өміріндегі тамырын тереңге жайған салт-дәстүрді кеңінен бейнелеуге мүмкіндік бермесе де, Д.Досжанов бірде еске түсіру, бірде лирикалық шегініс арқылы қоғам өміріндегі сыпалар (бертіндегі сал, серілер ертеректе солай аталған) іс-әрекеті мен өзіндік ерекшеліктеріне тоқталған. Сыпаның кірпияздығы мен кіділігі, талғампаздығы мен дегдарлығы, өзіне жарасып тұрар еркелігі, халқын рухани тұрғыдан өнер арқылы сусындатып, эстетикалық ляззат сыйлауы – бәрі де бірер сәтте болса да, ұтымды шыққанын айтқан жөн [43, 381].

С.Сматаевтың «Елім-ай» роман – трилогиясы, Қ.Жұмаділовтің «Дарабоз» романы т.б. шығармаларда да авторлар негізгі идеялық ұстанымы қазақтың сал, серілері өмірін суреттеу болмаса да, сол тұстағы халық өмірінен сал, серілер феноменін бөліп алып тастай алмаған. Бірде эпизодтық, бірде естелік, бірде ұлттық өнердің дүниеге келу сәтіндегі



психологиялық үдеріс т.б. тәсілдер арқылы авторлардың бұл мәселеден сырт қала алмағанын аңғару қиын емес.

Жалпы, көркем шығармаға, онда да тарихи туындысы аса қажет нәрсе тарихи шындықтан көркем шындықтың ауытқымауы. Егер біз қарастырған шығармаларды алсақ, екі түрлі кемістікті байқар едік, біріншісі – сол тұстағы идеологиялық саясаттың авторға шыңғырған шындықты айтқызыбауы, ондай тұста авторлар айтпағын ишарат, емеурін, тұспалмен жеткізеді. Екіншісі – автор тарапынан негізгі нысанды әбден қажеттеп, зерделеудің жетіспеуі. Бұндайда қаламгер ел арасындағы ауыз екі әңгімелер ауқымында қалып қойған.

С.Сматаев «Дүние өтерінде шыр айналды» повесінде шығарма түйіні ретінде «Аяқ-қолға қыл бұрау түскеніне үш жыл толды. Жүйрік домбыра күмбірінің күрмелгеніне де үш жыл болды» деген жолдарда тұр [40, 5] атты жолдарды алған. Біржан салға, Біржан ақынға, Біржан композиторға, Біржан әншіге көрсетілген қиянат. Жай ғана авторлық баяндау емес, характерлі баяндау. Бір ғана Біржанның емес, бүкіл өнер иелерінің халқы өзгеге бодан, кіріштар болған сәттегі пұшайман болған халі. Зорлық пен зомбылыққа, қиянат пен қысастыққа айтқан лағынеті. Қарғысы. Ендеше, екі-үш сюжеттік желінің өзара ұштасып, ортақ идеяға қызмет ету үдерісіндегі баяндау тәсілін де, психологиялық талдау, деталь, символ, тартыс, элегиялық сарын т.б. – бәрін-бәрін автор осынау жолдарға сыйғыза білген. Бұнда ащы өксік бар, налу бар, тарығу бар. Күдік басым, үміт жоқ. Асқынған драматизм бар. С.Сматаев стиліне тән қасиеттер: өзгеше сырмен өрілген сұлу тіл, ғажайып өрнек, автор толғанысы мен кейіпкер ойының шебер кірігіп келуі яғни ой ағымы. Көркем әдебиеттің негізгі мұраты оқырманға эстетикалық ляззат сыйлау десек, прозашы С.Сматаев эстетикалық ляззатты өз қаһармандары ішіндегі әнші, күйші, шешен, ділмар, дана жандар бойынан іздейді. Осыдан келіп, қазақ болмысындағы рухани байлық – сөз өнеріне, деген ғаламат құштарлық, оны тудырып ғана қоймай, ұрпақтан ұрпаққа жеткізген дәстүр жалғастығын көреміз. Бұл –

жазушының стильдік ерекшелігі ғана емес, қаламгерлік ұстанымы деуге толық негіз бар.

М.Мағауиннің «Көкбалақ» романындағы басты кейіпкер әйгілі домбырашы, дәулескер күйші екені белгілі. Автор қазақтың ұлттық өнерінің бірден бір шырақшысы, сақтаушысы, насихатшысы ретінде анда-санда болса да, бір көрініп қалатын Айтан салды сомдап шығарған. Айтан сал – қазақтың тек өзіне ғана тән руханияты, әдет – ғұрпы, салт – дәстүрі сал, серілік дәстүрмен берік тоғысқан қоғамның келмеске кеткенін жүрегімен сезінген озық та озат ойлы жандардың жиынтық бейнесі.

Романдағы Айтан – Тоқсаба күйшідей өнерпаздың ұстазы. Бір жағынан алып қарағанда, Айтан қазақтың келмеске кетіп бара жатқан сал, серілік өнерінің соңғы тұяғындай эсер қалдырады. Егер Айтан мен Тоқсаба арасында М.Әуезовтің «Абай жолындағы» Құнанбай – Абай тартысындай тартыс болса, Айтан – ескінің, күні өтіп бара жатқан дәуірдің өкілі, Тоқсаба – жаңа, болашағы жарқын уақыттың өкілі. Демек, қос уақыт аясындағы екі қаһарман арасында тартыс туса керек еді. Алайда, автор ондай тәсілге бармаған. Керісінше, Айтан мен шәкірті арасындағы асқан сыйласым мен бір-біріне деген құрметке сүйсінесіз.

С.Сматаевтың «Дүние өтерінде шыр айналды...» повесінің бүкіл элеуметтік жүгі «Аяқ-қолға қыл бұрау түскеніне үш жыл толды. Жүйрік домбыра күмбірінің күрмелгеніне де үш жыл болды» деген жолдарда тұр [40, 5].

М. Мағауиннің «Көкбалақ» романындағы:

«–Айтан сал келді! Айтан сал!

Салды орталарына алған қалың жұртшылық даурығу үстінде. Күн қақты болған жүздерде ыстық ықылас, жеңіл мұң, келмеске кеткен үміт пен күдік бар.

–Айтан сал келді! Айтан сал!» [39, 3].

Салдың келуі, Тоқсабаның табалдырығынан аттап, шаңырағында болуы, түнімен шәкіртімен сырласып, ой бөлісуі, кенет... О, тоба!.. өнердің киесі ме, құдіреті ме, ілулі тұрған домбыраның кенет үн шығаруы, Тоқсабаның тіл-ауыздан айрылғандай күй кешуі, тек Айтанның ғана селт етпеуі – бәрі-

бәрі сол риясыз әңгіменің қорытындысы іспеттес әсер қалдырады. Себебі, бұл жүздесудің скеуінің соңғы кездесуі екендігін Тоқсаба, әрине, білген жоқ. Ал, Айтан сал білген.

Жалпы, біз қарастырған шығармаларда белгілі бір дәрежеде үндестік, бағыт бірлігі мен ұқсастық элементтері мольнан кездеседі. Мәселен, «Найзағайдағы» Мәди мен «Иманжүсіптегі» бас қаһарман іс-әрекеттері мен қимылында ұқсастық жиі байқалады. Мәди де, Иманжүсіп те сал, серілік, жалпы, өнерпаздық сипаттан гөрі, беймезгіл замандағы алыс – жұлыс, арпалысты мақсат тұтқан адамдар. Екеуі де әлсіздің әлдіге жем болмауы үшін күрескен жандар. Екеуі де қарулы, қуатты күш иелері. Екеуі де ел жуандарымен жағаласып, келе-келе патша өкілдерімен арыстанша арпалысқан күрескерлер. Ақан, Біржан, Айтандар әділет үшін күресіп, зорлық – зомбылыққа өнер күшімен қарсы тұста, бұл екеуі тек өнерімен ғана қару етпей, білек күшіне сүйенген жандар. Тағдырларының трагедияға толы сәттері де ұқсас. Екеуі де ойламаған жерден дұшпан қолынан мерт болып, арманда кетті. Ұқсас тағдыр, ұқсас пешене.

## **2.2 ҚАЗАҚТЫҢ САЛ, СЕРІЛЕРІ ӨМІРІНЕ АРНАЛҒАН ПРОЗАЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРДАҒЫ КӨРКЕМДІК- ЭСТЕТИКАЛЫҚ ІЗДЕНІСТЕР ЖҮЙЕСІ**

Өз шығармаларына қазақ тарихындағы ерекше құбылыс боп табылатын сал-серілер өмірін арқау еткен С. Жүнісов, Ә. Әбішев, С. Сматаев, З. Ақышев, Т. Тілеухановтар басты қаһармандар бейнесін сомдау барысында сол тұстағы қазақ жерінде қалыптасқан қоғамдық-әлеуметтік, тарихи, саяси жағдаяттарды реалистік тұрғыдан беруге ұмтылды. Жалпы, әлеуметтік роман мен тарихи туындының құрылымында айырмашылықтар бар екені белгілі. Әсіресе, соңғысы тарихи шындық пен нақты шындыққа негізделген көркемдік шешімді ерекше талап етеді. Жазушы қолтаңбасы яғни стильдік даралығы да үлкен жауапкершілікті талап етеді.

С. Жүнісов «Ақан сері» роман-диалогиясы арқылы асқынған драматизмге толы, кейіпкердің ой ағымы мен өткір диалог, терең монологтарға толы стильдік сипатқа ие екенін көрсетсе,

Ә. Әбішев «Найзағай», «Атыңнан айналайын» шығармалары арқылы бас қаһарманның алмастай өткір іс-қимыл, әрекетін, уытты диалогын динамикалық жедел даму тәсілімен беру арқылы өз стилін аңғартады. Ал, З. Ақышевта баяндау, танымдық, этнографиялық сипаттар басым болғандықтан, бұл жайттар оның стилін байқатады. Күрескер Жаяудың, Иманжүсіптің тартысқа толы жасындай жарқылдаған психологиясын аңғарту баяндау арқылы жүзгес асқаны бәлендей табысқа жетті деу қиын. Тіл тазалығы, асып, төгіліп, шеберлік арқылы жүзеге асқан шалт қимыл, ғаламат өнер мен сол өнерді жасаушының, жан әлеміне терең үнілу, авторлық баяндау мен кейіпкер диалогы мен монологының шебер қиюласуы С. Сматаев шығармасындағы стильдік даралықты айғақтайды. Ой ағымына көбіреу көңіл болу, баяндауы басым болса да, сол баяндау тәсіліне характерлік сипат дарыту жазушы Т. Тілеуханов стиліне тән болып келеді.

М.Әуезов романының бас қаһарманы Абай да XIX ғасырдың перзенті. Ол ақын, ұлы ойшылы, философ. Қазақ халқының ұлттық ой-сана, оре-денгейінің символы. Жоғарыдағы сал, серілермен Абай әлемінің рухани жақындығы талас тудырмайды. Бәрі де ұлттық руханиятты жасаушылар. Алайда олар ғұмыр кешкен XIX ғасыр шындығын XX ғасырда қаймықпай айтуға патшалық отарлау саясатының бірден-бір заңды мұрагеріне айналған кеңестік билік мүмкіндік бермеді. Егер осы ойға ден қойсақ, коммунистік идеологияның ауқымында салтанат құрған социалистік реализм әдісінің дәл осы шығармаларға тигізген зардабын бүгінгі күн биігінен бірден байқауға болады. Ол зардап нақты тарихи шындық пен көркем шындықтың арасындағы сәйкессіздіктен туған-ды. Кінә авторларда емес, социалистік қоғамның қатаң идеологиясында еді.

Нақты айғақтарға жүгінсейік.

«Абай жолындағы» типтік бейне биігіне көтерілген Құнанбай – кесек қимылдың, шарт әрекеттің, аса күрделі мінез бен пиғылдың иесі. Егер үстем идеологияның қатаң шарты боп табылатын таптық принцип тұрғысынан келсек, Құнанбай би, болыс, аға сұлтан, қажы болғандықтан, оны тек қана даттау

керек. Әуезов те осы қағидадан шыға алмады, еріксіз түрде Құнанбайды құрбандыққа шалып, Абайды ақтап алуға тырысты. Сондықтан да қатал, қатыгез, даланың қандыауыз жыртқышының образы дүниеге келді. Шын мәнінде Құнанбай сондай тұлға ма еді, ол туралы айтылды, көп жазылды, алайда көкейдегі көп сауалға ғалым Т.Жұртбайдың зерттеу кітабынан жауап табатынымыз анық. Әуезовтің ұлылығының өзі де сонда, аса қатыгез Құнанбайды зұлымдықтың шырқау шыңы етіп, көрсетті де, сондай жанмен күресетін жан етіп, Абайды алды. Яғни тартысқа салды. Демек, тартыстың адам болмысын ашатын бірден-бір қуатты тәсіл екенін ескерсек, Абай ғана асқақтап қойған жоқ, онымен талмай тартысқан Құнанбай да биіктеді. Бұл – М.Әуезовтің әрі тактикалық, әрі стратегиялық тәсілі еді. Тактикасы – негізгі мұраты Абай ұлылығын ұлықтау болғандықтан, нақты өмірдегі тартыс деп Құнанбай-Абай тартысын ойлап тапты, сөйтіп, екеуін де астыртын түрде асқақ биікке көтерді. Стратегиясы – өзгеге бодан болып отырған, пұшайман күйді басынан кешіп отырған қазақ ұлтын кесек характерлі Құнанбай, Бөжей, Базаралы, Дәркембай, Абай, Майбасар, Оразбайлар арқылы әлем жұртына таныстыруды көздеді.

Ә. Әбішев қазақтың данқты перзенті, композитор, әнші, ақын Мәди Бәпиұлы жайлы қос кітап шығарды. Оларда заманы өтіп кеткендіктен, сал, серілік салтты ұзақ уақыт өміріне өзек ете алмай, әлділерге қарсы шыққан, әділдіктің қорғаушысы болған Мәдидің күрескерлік қасиеті көбірек бейнеленеді. Жоғарыдағы назар аударған мәселелердің яғни нақты тарихи шындық пен көркемдік шындықтың тұрғысынан келсек, «Найзағайдың» жалғасы болып табылатын «Жаралы сұңқар» (кейіннен «Атыңнан айналайын» деген атауға ие болды) повесінде Зия деген кейіпкер бар. Ә.Әбішев өмірде болған адамның атын өзгертіп алған. Зия – Қаракесек-Керней руына жататын Дия қажы Ахметұлы. Өмірде нақты адам болған. Ақын, өр мінезді жан болған. Патшаның отарлау саясатын да, сол саясатты 1917 жылдан соң шебер жалғастырушы болған кеңестік билікке де қарсы күрескен адам. Алашорда қозғалысының белді мүшесі болған. Нақты оқиға, орын алған

хал-ахуалының бел ортасында болғандықтан, зұлым саясатты барынша әшкерлеп, қаймықпай көп өлеңдер жазған ақын. Қажылық парызын өтеп қайтқан. Бірнеше тілді жетік білген. Түркияның Стамбұлындағы атақты медреседе болып, білімін жетілдірген. Сегіз дастанның авторы. Дастан сюжеттеріне Мұхаммед пайғамбар, оның серіктері, жақындары арасындағы ірі оқиғалар арқау болған. Саяси есенімсіз деген атқа ие болып, 1931 жылы атылған. «Халық жауы» болған Дия қажы Ахметұлы туралы ресми биліктің пікірін ескерген Ә.Әбішев оның атын өзгертіп беруге мәжбүр болды.

С. Жүнісовтің «Ақан сері» роман-дилогиясында Науан (Наурызбай) қазірет бейнесі сомдалған. Науан – өз заманынның аса ірі тұлғасы. Оқыған, ислам дінін жетік білген ғұлама оқымысты болған. Нақты өмірде болған тарихи тұлға. Ислам дінін терең меңгеріп қана қоймай, оны кеңінен насихаттаған адам. ХІХ ғасырдың орта тұсында қазақ жерінің барлық өңіріне, әсіресе, құнарлы Көкше аймағына қоныс аударушылар Ресейден жаппай көшіп, орныға бастады, біраз уақыттан соң атамекенінен ажыраған қазақтарға олар күш көрсете бастады. Жергілікті ұлт өкілдерін жаппай шоқындыруға кірісті. Міне, осы тұста жаны түршіккен Науан қазірет Ислам діні үшін күресетін бірден-бір күрескер, қайраткер тұлғаға айналып еді. Ол Ақан серімен ботендігі жоқ жегжат болатын, екеуі қатты сыйласқан, пікірлес жандар еді.

С. Жүнісов романының бірінші кітабында Ақан серіні Науан қазіретпен тартысқа түсірген. Яғни тарихи шындықтан ауытқыған. Нұртаза, Сүлейман, Тұрлыбек, Батыраш т.б. азулы топқа қарсы күресті деп кескіндеуге тырысқан автор сол ауқым аясында Ақанды Науанға да қарсы қойған. Патша мұрагері қазақ жерін аралап, Омбыға келгенде, елдің мұнын тайсалмай айтуға жараған Ақанның Науан қазіретпен кескілескен тартысқа түсуі роман құрылысына селкеу түсіріп қана қойған жоқ, сонымен қатар, өмірде болмаған жайтты баяндау арқылы нақты шындыққа жасалған қиянат деп атаған орынды.

Бұл жерде автордан гөрі, кеңестік дәуірде салтанат құрған тоталитарлық тәртіптің бұлжымас заңдылығына кінә артқанымыз жөн.

3. Ақышевтің «Жаяу Мұса» романы да жоғарыдағы шығармалар сияқты кешегі тоталитарлық тәртіп заманында дүниеге келді. Ал, осы тұста таптық және партиялық принциптер тұрғысынан алғанда, қанаушы мен қаналушы қарым-қатынасы, қазақтың өз бетімен ел болуы мүмкін емес деген пікір, тек коммунистік, кеңестік жүйе ғана саны аз ұлттарды өркендете алады деген үстем идеологиялар т.б. айрықша үстемдік етіп тұрған болатын. Дәл осы жүйеден шығу қаламгерлер үшін айрықша міндет болатын. Соның нәтижесінде «Жаяу Мұсада» да ұлттық өнерге, оны жасаушыларға деген беймезгіл заманның ызғарын көрсету бірінші кезекке шықты. Өлай істемеуге болмайтын еді. Сондықтан социалистік реализм, қатаң цензураның ыңғайынан шығу мүмкін болмағандықтан, автор Жаяу Мұсаны күштілерден теперіш көріп, әбден сорлаған кейіпкер ретінде көрсетуге күш салған. Өгізді де олтірмей, арбаны да қиратып алмай, Мұса Шормановты панорамалық сипатта болса да, біресе оң баға беріп, бірде асқан қу, айлакер, зымиян жан етіп суреттейді. Біз бұл жерде өмірде болған нақты тарихи тұлға Мұса Шормановтың күрделі болмысына баға беруді мақсат тұтып отырған жоқпыз. Алайда сол М. Шорманов өз кезінде қазақтың өнер иелеріне айрықша құрмет көрсетіп, барынша қолдағаны мәлім. Романда Жаяу Мұсаға қиянат көрсеткен Мұстапа болыс сияқты інісінің дегенінен шыға алмай қалған сұңғыла Мұса бейнесінің осылайша сомдалуы да көп нәрсені аңғартады.

3. Ақышевтің «Иманжүсіп» романынан үзінді берейік:

«Көлбай бұл кезде аға сұлтан емес-ті. 1868 жылғы жаңа ереже бойынша аға сұлтандық қалып, қазақ даласы болыстарға бөлініп, елді болыстық старшиндар басқаратын. Көлбай болыс та емес. Жасым болса келіп қалды, жүру-тұру қиын дегенді сылтауратып, болыс сайлаймыз дегенде ояз бастығының озіне барып, болыстықтан бас тартқан. Жұрттың осегіне қарағанда, мұнысы қартайып тұрғандықтан емес. Жиырма жыл аға сұлтан болып, қырық жеті болыс елді қойша өргізген қу мүйіз өз көзі жұмылған күні басқа біреудің қолына ауып кетуден қауіптеніп, старшындыққа жиырма жастағы кіші ұлы Райымханды қойғызған. Ақмола болысының қағаз жүзіндегі

старшыны Райымхан Жылқыбаев,бірақ түп қазығы Көлбайдың өз қолында. Ол не айтса сол болады.Көлбайсыз Райымхан тыпыр ете алмайды. Әлі жастығы да бар,бір бүйірден Қуандық пен Қозғанның,бір жағынан Қыпшақ пен Керейдің қу мүйіздері келіп іреп кете ме деп,тізгінді өз қолынан шығармайды Көлбай. Сондықтан бүкіл Есіл мен Нұра, Атбасар мен Қорғалжын бойын мекендейтін Арғын, Қыпшақ, Уақ, Керей, Көлбай тұр десе тұрады, жат десе жатады. Аға сұлтандықтан қалса да қалың ел оны күні бүгінге дейін аға сұлтан» – дейді [38,80-81].

«Үйде оңбаған-түзде оңбайды». Күйеу жігіт бірқатар жылдан бері устінен түспей, қолтығы бөксерілген, өнебойы тулақ болып қалған қаудыр тонын тастап, көнетоздау шекпен күпі киіп шығыпты. Баяғыда тіктіріп берген сірі етігін қонышынан басатын. Байпағы жыртылып,өкшесі мен башпайы жылтырап көрініп жүретін. Оны тастатып, Бөлтіріктің үлкен баласының ескі етігін алып берген.Тек бас киімі ғана өзгерген жоқ. Шешесі өзінің ескі жеңсізінің бір өңірімен тыстап берген жылбысқа бөрік. Бұрынғы киімдерін тастап, осыларды кигенде Бошайдың қатын әперем деп жүрген баласы «құлпырып» шыға келді. «Мына жігітке кім бермейді қызын» деді іштерінен Бөлтірік те, Бөшай да. «Үстіне жөнді киім тимей көр болып жүр екен ғой. «Ағаш коркі жапырақ, адам коркі шүберек» деген бар емес пе. Бірақ астына мінген аты қалыңдық алуға бара жатқан бай баласына лайық емес. Қыстан арықтап шығып, аузына кок тиген соң ғана есін жиған шұбар байтал. Әнеугі әзірде Бошай жылқысын күзеген. Сонда осы байталын да жал-құйрығын шұнтитып күзеп жіберіп еді. Күйеу жігіттің желқөм ермен ерттеп мінгені осы шұбар байтал [38,131].

Сөзді қайтадан Әбен бастады. Ол осында отырғандардың көбінен жасы да үлкен, арғы атасы мынды айдаған атақты,текті тұқымнан қалған, өктемдігі де бар адам еді.

Сені біз әрі ақылды, тіл де, жон де білетін адам деп санап келдік. Бір басыңа жететін өнерің де бар, серілігің де бар. Домбыра тартып, ән салғанда бүкіл жұртты аузына қаратады деп еститінмін. Орысша сөйлеп кеткенде үстіне су жұқтырмайтын жорға, орысыңның өзін жаңылтады дейді. Соның бәрі рас-ақ болсын. Бірақ озің аңғалмысың, замананың



ағымына түсінбейтін ақымақсың ба. Құдайдың бүгінгі пендесі қалтасынан шыққан бір тиыны ертең екі тиын болып қайта кіретініне көзі жетпесе, ол тиынды шығармайды. Сол Жылқыбайдың екі баласы алдына алты мың жылқы салып отыр. Ол жылқы кімнің қоз жасынан жиналды. Қайсысында кімнің қарғысы бар – онда менің не шаруам бар, сенің не шаруаң бар. Жылай берсін жұрт, көзінің жасын бұлай берсін, тіпті қарғап-сілей берсін. Райымханның құлағы тас керең. Оған жылқы болса – болды, – деп Әбекең сөзді созып жіберді. Оның сөзін бөлген ешкім болған жоқ. – Мен саған айтайын, Жүсіпжан. Мына отырған, қыстауы болмағанмен жайлауы бар Сүйіндік ұрпағының біреуі менің қайным. Бер жақ шеттегі Ақтөре болысына старшын болып, ана жылғы бір сайлауда Манайдың Махметі деген сайланды. Ол маған балдыз, жеңгеңмен немере туыс. Өтірік айтсам, құдай жазамды берсін, Махметтің қолы болыстыққа берумен жетті. Оны өз көзіммен көрдім. Ағайынды үш жігіт еді, сайлау болады дегеннен-ақ барларын шашты-ақ, биірнайлар мен ояздан келген ұлықтарға төкті-ақ, көмейлеріне тықты-ақ. Ақырында үшеуі жаяу қалды десем, міне, құдай деп айтайын, бір отірігі жоқ. Бірақ ақырында құдай жарылқап, сайлауда жеңіп шықты. Ол ненің арқасы?! Сол бергеннің, төкеннің арқасы. Содан үш-төрт жыл өткен соң бір барсам, сізге өтірік, маған шын, үшеуі де мелдектерінен асып төгіліп отыр. Алдарында үйірілген жылқы, қотандағы қой, астарында үш жылғы құр ат, күміс ер-тоқым. Айтпаңыз деймін, айтпаңыз. Алды сегіз қанат, арты алты қанат ақбоз үй. Кірсе шыққысыз, қарала сырмақ, оюлы текемет, масаты кілем. Бастарында түлкі тымақ, үстерінде қасқыр ішік...

Сол Махметтің үлкен ағасы Құрманғали дегені бұрын мені көрсе асты-үстіме түсіп, кәрі күйеу деп, алдымда құрдай жорғалайтын. Кебісімді салғанның өзін үлкен дәреже қоретін, оның да сыры бар, маған бір заманда күні түскен кезі болған [38, 144-145].

1861 жылдың февралында Ресей патшасы Екінші Александрдың «ықыласы түсіп», жүздеген жыл алпауыттардың құлағында басы байлаулы жүрген шаруаларға «бостандық» берген. Бірақ бұлар бас еркінен басқа ештеңе ала алмай, екі

қолдарын мұрындарына тығып шыққан. Не жер жоқ, жер болса, оны жыртатын соқа жоқ, соқа болса оған жегетін кәлік жоқ. Не үстерінде лыпа жоқ, не бастарында баспана жоқ. Қатын-баласы қойдай маңырап, қозыдай шулағанда бұрынғы күніне зар болды шаруа. Жан қысылғанда бір тілім нан іздеп, бір тостаған сүт іздеп, басы ауған жаққа шұбыра жөнелді. Орал тауларының іші-тысы, бүкіл Қиыр Шығыс, солтүстіктің мұзды далалары босыған, қаңғырған шаруадан аяқ алып жүргісіз.

Соның шеті қазақ жеріне де келіп жеткен. Жеткенде бойында әл-қуаты барлары, бала-шағасы аздары, апштық пен жалаңаштыққа шыдай алатын жастауы жеткен. Кәрі-құртан кемпір-шал, балалы әйелдер, ауру-сырқаулар әуелде атамекенінен ірге көтеріп қозғалғанмен, ойлаған жерлеріне жете алмай, көбі жолда қалып жатты.

Алғаш келгенде-ақ қазақтар бұларды қарашекпендер деп атаған. Десе дегендей-ақ еді. Үстерінде қой мен сиыр жүнін араластыра, жуандығын бармақтай қып иірген жіптен тоқып киген шекпені. Әуелде ақ болсын, сары болсын, мейлі, әйтеуір қазақ жеріне келіп кіргенде әбден кір басып, қап-қара болатын. Аяқтарында болса шикі қайыстан, құрым киізден, болмаса камыс, қурайдан тоқып, ілдебайлап киген шөкелері, бастарында ит терісі ме, құс терісі ме, әлденелердің терісі ме, жаба салған жалбағайлар. Қыс болса құлақ-мұрын үсіген, жаз болса ерін жарылып, көз қызарған. Жол бойындағы қорегі қолға түссе, құс пен балық, түспесе, шалғын, жуа, тарғыл жуа...

Адам десе жүрегі елжіреп, аузына кетіп бара жатқанын бөліп беруге арғы түбінен әдеттенген қазақтардың бұларға жаны қатты ашыды. Арып, шаршап жеткен қарашекпендерге әрі жүр деген жоқ, құшағын жайып қарсы алды, аузына ас, басына пана, иығына киім болды.

Қарашекпен – тумысынан өз еңбегімен жан сақтайтын халық. Қолына жер түссе – күнкөріс мол. Қар кетіп, күннің көзі қылтиып көрінісімен қарашекпен жерден қылтиып бас алмайды. Нанды да, сүтті де, баспананы да, киімді де содан табады.

Қарашекпендердің ішінде мінез-құлқы әр алуан адамдар болды. Ептілер қазақ үйінің етін, майын, құртын, ірімшігін көрсетпей «сұрап алуға» келгенде қолдары сумандағандары да

бар екен. Топтанып келгендері күш көрсетіп, «мынау саған көп!» деп көрсетіп-ақ ала қашуға шімірікпейді. Мұның не? – десе жұдырығын көрсетіп, мал соңында жалғыз үй отырған қазақтарды қорқытып, көз алартуға, қойып жіберуге ұялмайтындары да, қызармайтындары да бар болып шықты.

Ондайлардан жәбір көрген қазақтар – құдай зауалынды берсіннен басқа шара таба алмай, қарғап-сілеп қала беретін еді [38,271-272].

Аса жоғары мәртсбелі Ақмола облысының  
генерал-губернаторы тақсырға

### РАПОРТ

Мен Ақмола уезін басқару жұмысына алғаш кіріскен күндерде-ақ ( 1893 жылдың августы) Ақмола уезі, Ақмола болысының қазағы Иманжүсіп Құтпанұлының сенімсіз, бұзақы адам екені айқын көріне бастап еді. Оның үстінен түскен сансыз шағымдар мен арыздарға қарағанда, осы төңіректе бір жылқысын немесе басқа бір малын Құтпанов ұрламаған бірде-бір адам жоқ деуге болады. Ол Ақмола қаласынан 35 шақырым жердегі Александровка селосында тұрады екен. Сол екі арадағы елдің малын Құтпанов түгел тонаған. Тіпті Ақмола мен Александровка арасында Иманжүсіптің қарулы шабуылынан жүруге болмай, қатынас үзілген. Осы маңайды мекендейтін орыс пен қазақ халқының аузында оның есімі ертегінің баскесер батырынан кем емес. Сол кездің өзінде-ақ Құтпанұлына тыйым салуға шара қолдануды ойланып едім, бірақ менің қолымдағы қаруы оныменен салыстыруға келмейтін болып шықты. Оны жақтайтын адам тіпті көп. Әкесі Құтпан Дайрабаев, екі ағасы Шоңай мен Ақшабай, шешесі, әйелдері – бәрі соның сөзін сойлеп, панасына алады. Қазақтың кең даласының, әсіресе Павлодар уезінің ұрылары бәрі Иманжүсіптің соңында. Оның бір уезден ұрлаған малын екінші уезге сол серіктері өткізіп отырады. Ең аяғында орыс селосында да достары көп. Мәселен, сол Александровкадан Сорокин деген шаруа, Ақмолада тұратын қазақ Ананьев, қаладағы адвокаттар түгелімен соның соңында.

Бұлар Иманжүсіпке қару-жарақ жеткізіп беріп тұрады және ояз әкімшілігі ол туралы қандай шара ойласа, соның бәрін қолма-қол жеткізіп отырады. Иманжүсіп Құтпанов болыстық старшынға қарсы топ құрып алған. Ал старшынның өзі де қоян жүрек, қолынан түк келмейтін ынжық адам екен, Иманжүсіпке көш жер жақындап баруға батылы бармады.

Мен өз тарапымнан шаралар қолданып, тым болмаса орыс селоларында, Александровка мен қала арасында тыныштық, қауіпсіздік орнатқан болдым, Александровкада тұратын шаруалардың біразының малын да қайтарттым. Осыдан кейін Құтпановты басқа қырғыздар маңайдан біржола аластап, көшіріп жіберуді талап етіп арыздар түсірді. Бұл туралы мен аса жоғары мәртебелі өзіңізден келісім және көмек сұрап, 1896 жылы 25 июньде 6607 рапорт жіберіп едім, бірақ ол өтінішім Сіздің 1896 жылғы 19 июльдегі 8047 хабарлауыңызға қарағанда аяқсыз қалды. Бұған қанағаттанбай мен өтінішімді тағы қайталадым. (менің 1897 ж. 3 январьдағы және 1897 ж. 13 февральдағы 227 қағаздарымды қараңыз). Осыдан кейін Құтпанов мүлде құтырып, өршеленіп алды. Шапқыншы, тонаушы шайқас құрды. Олардың арасында қалада тұратын адвокаттар да бар. Бұл сіздің жоғарыда айтылған 1896 ж. 19 июльдегі 8047 қағаздарыңызды арқа тұтып, болыс әкімшілігінің, прокурордың үстінен арыздан соң арызды, телеграммаларды жаңбырдай жаудырды. Бұл арыздар да мен және болыстық старшын бас араздықтың салдарынан Құтпановтарды қуғынға салып жатыр деп жала жапты. Екеуміздің үстімізден өсек таратты. Тіпті, олардың кейбір арыздары туралы тергеулер жүргізілді.

Құтпановтың Омбыда да тірегі бар. Мәселен, нотариус Голишевский мырзаға адамдар жіберіп, өзіңіз басқарып отырған губерниялық мекеме жайында теріс пиғыл таратып жүр. Бұл туралы менің тарапымнан өзіңізге бірнеше рет хабарландырылды (Бұл арада 1896 ж. мен 1898 ж. арасында жіберілген он қағаздың даталары мен номерлерін келтірді).

Шыдамы таусылған халық ең ақырында жұмысты сотқа бере бастады. Бірақ сотта қаралған істің көбі, неге екені белгісіз,

Құтпановтың пайдасына шешілді. Ол аз болса, әкімшілікке қарсы приговорлар тұрғызылды.

Иманжүсіп Құтпановты ұстап әкелуге стражниктер жіберсем, олардың баратынын күні бұрын әр жерге қойған тыңшылары арқылы біліп қояды. Әгәрда стражниктер қапылыста үстінен түсе қалса, қырғын соғыс болады. Ақырында стражниктерім сілікпеге түсіп, жараланып қайтып келіп жүрді. Бір жылы жаз Құтпановтар тау ішін жайлапты. Мұны естіп мен қапылыста білдірмей үстінен түсіп, ұстап әкеліндер деп поручик Каменьщиков бастаған отряд жібердім. Отряд Құтпановтың ордасын тауыпты. Адам баласы аяқ баса алмайтын тау шатқалында екен. Үйлері биік шың мен терең құздың арасында. Екі жақ ауызға да күзет қойылыпты. Қаладан отряд шыққанын Иманжүсіптің ағасы Ақшабай хабарлапты. Отряд Құтпановтардың маңайына да бара алмапты. Басқасын айтпағанда, жетпістен асқан шешесінің өзі жанына жан бара алмайтын әшәдді дейді. Қолында селебе, сойыл. Тек жақындасаң, жарып тастаймын деп, жанына жұрт жолай алмайтын көрінеді.

Құтпановтың шайқасында орыстар да бар. Георгиевка селосының мешаны Захар Колесников, Александровкадан Николай Пересыпкин, қалада тұратын Василий Ананышев Иманжүсіптің жан аяспас достары.

Құтпановтың көзі, құлағы әр ауылда, әр селода, әр қалада бар. Оның қазақтан да, орыстан да досы көп. Оның тірегі күшті. Ол ешкімнен қорықпайды. Оған тек қана патша әкімшілігінің, Сіздің, аса жоғары мәртебелі генерал мырза, өзіңіздің болмаса басқа егкімнің тісі батпайды. Тіпті, айта берсек, ол барған жерде самауыр қайнатулы, ет асулы, қымыз сапырулы. Қазақ ауылы болсын, орыс селосы болсын, құшағын жайып қарсы алады.

Халықтың тыныштығы, қауіпсіздігі үшін Иманжүсіп Құтпанұлын қайтсе де ауыздықтау керек.

Аса жоғары мәртебелі генерал-губернатор тақсыр, Сізден мыналарды өтінер едім. Ашығырақ айтқанда: Иманжүсіп Құтпанұлына, әкесі Құтпан Дайрабайұлына (88 жаста), Шоңай Құтпанұлына (42 жаста), Ақшабай Құтпанұлына (52 жаста) Мемлекеттік Советтің 1897 ж. 17 ноябрьде қаюылданған (1898

ж. 20 январьда қол қойылып бекітілген) пікірін қолданып, бәрін де қатындарымен, балаларымен бірге басқа, алыстағы уездердің біріне этаппен жер аудару. 2. Құтпан ұлынан зэрбір көріп, жапа шеккен шаруалардың шығынын Құтпановтардың малынан өндіріп беру.

Ояз бастығы подполковник (қол қойған) [38,320-323].

Осыған келіскен Бәтима елге қос атпен Жексенді жіберіп, мұсылманша хат білетін Жұмабек Нұралыұлы дегенді алдырды да, оған өзі айтып отырып, мына арызды жаздырды.

Аса жоғары мәртебелі Ішкі істер министрі тақсырға  
Ақмола оязы, Ақмола болысының қазағы Иманжүсіп  
Құтпанұлының қатыны Бәтима Құтпанова-  
Түктібаевадан

### АРЫЗ

Ақмоланың ояз бастығының айтуы бойынша, аса жоғары мәртебелі Дала генерал-губернаторы тақсыр, менің байым Иманжүсіп Құтпанұлын басқа обылысқа жер аудармақшы болыпты деп естідім. Ол жаңа барып орнығатын жеріне этаппен айдалуға тиіс. Бұл арада мен байымның басқа облысқа не себепті жер аударылатыны туралы айтайын деп отырғаным жоқ, ол оз алдына бөлек мәселе. Оның этаппен айдалуы жайында оз ойымды айтып, Сізден, аса жоғары мәртебелі министр тақсыр, мынаны тілемекпін. Басқа жерге ерікті түрде қоныс аударылған азаматтар өздерінің азаматтық провасын жоймайды, тек өзінің туып өскен ортасынан басқа ортаға барып орнығады. Олардың дүние, мүлік жинау провасы да жойылмайды, тіпті жер иемденуіне де правосы бар. Сондықтан олардың қол-аяғын кісендеп, этаппен айдаудың қажеттігі жоқ деп білемін. Жаңа қонысына барған соң, оларға бәрібір бостандық беріледі. Мұндайларды үкім шыққанға дейін алдын ала түрмеге қамап азап көрсету, одан кейін этаппен айдау мүлде әділетсіздік, адамның адамгершілігін қорлау деп ойлаймын. Бұл айдалушының өзінің ғана емес, бүкіл семьясының –қатын, баласы, туған, туысқаны, әке-шешесінің жанына батады. Ол-ол

ма, семья жау адамдардың қолында қалып азап шегеді, мал-мүлік талауға түседі. Бұрынғы орнында иесінсіз қалған семья бұзылады, шаңырағы ортасына түседі. Артында қалған ағайын-туыстарының арасында айдалған адамның мал-мүлкіне таласып араздық туады. Екіншіден, айдалып барған адам жаңа қоғамға жат, жеккөрінішті болады. Оның ешкіммен араласуға, адал еңбек етуге мүмкіндігі болмайды. Ол қораға түскен қасқыр тәрізді ызалы, тіршіліктен күдер үзген адам, бар ойы, бар ниеті қайтсе де қашып шығу болады. Сөйтіп ол қылмыс жолына түседі, түзелудің орнына бұзылады, ақырында құриды.

Жер аударылатын адамды этаппен айдау, біз тәрізді көшпелі халықтың жанына қатты батады. Әсіресе, менің байымдай өзінің әжептөуір дәулеті бар адамның малы, дүниесі қолынан іс келмитін қатын-баланың, жалдамалы адамдардың қарамағында қырылып-жойылып, ұстағанның қолында, тістегеннің аузында кетіп, талан-таражға түседі. Сонша мол байлықтан өзінің қара басына түк пайдасы тимей, одан сайын қаны қайнай түседі. Ол адам бөтен жерде, бөтен адамдардың арасында қараусыз, күтүсіз азып-тозады.

Қазақ халқының дәстүрі бойынша, байы ұзақ сапарға кетсе және оның қайтып оралуы неғайбыл болса, қатынының басқа байға тиюге (байының жақын туысы болсын, болмасын бәрібір) еркі бар. Және ол жаңа байына өз басы ғана емес, барлық малымен, дүние-мүлкімен барады. Әгерда Мемлекеттік советтің ұйғаруымен 1893ж. бекітілген және одан кейін 17 статья қосылып өзгертілген Ереже бойынша жазалы деп табылған адамды алдын ала түрмеге жауып азаптамай-ақ, полицияның бақылауымен ерікті түрде, өзінің аздаған малымен, дүние-мүлкімен, қатынымен, қол-аяғы кісенделмей жөнелтілсе, қандай әділ, қандай жақсы болар еді. Адамның ең жақыны, ең жанашыры- қойнындағы қатыны екені жұрттың біріне белгілі емес пе. Сонда жаңадан барып қоныстанатын елдің халқы да адам қатарында санап, жек көрмей, адамша қарсы алар еді.

Заңның өзі де менің ойымның дұрыстығын дәлелдейді. Рас, Ақмола, Семей, тағы басқа обылыстарды құру жөніндегі Ереженің 38-статьясы бойынша, қылмысы шектен асқан адамдарды тұтқынға алуға ояз бастықтарының правосы бар. Ал

менің байымның қылмысы шектен асып жатқан жоқ. Қазақ халқында мал ұрлау, әсіресе жылқы ұрлау етек алып отыр. Мұндай ұрылар көп. Бірақ олардың бірен-сараны болмаса абақтыға жабылғаны, жер аударылғаны жоқ, ұрланған малдың құнын төлеп, құтылып кетіп жатыр. Менің байымда жылқы ұрлаған-ақ шығар, бірақ оның абақтыға жабылатын, этаппен жер айдалатын ешбір жөні жоқ. Ол тағдырдың тәлкегіне түсіп, қаулаған өсектің, барып тұрған бар араздықтың тәлкегіне түсіп отыр. Менің байымның осынша түбіне жеткен Ақмоланың ояз бастығы мен болыстық старшын.

Иманжүсіп Құтпанұлының қылмысы туралы жөнді тергеу болған жоқ. Сот қарап үкім шығарған жоқ.

Біздер, қырғыздар, Россияның біз сияқты бұратана халықтары Іікастаның XVI пунктiнiң 819-статьясына жатамыз. Онда аса бір шектен асқан жағдайда болмаса, бұл халықтарды абақтыға жабуға болмайды. Кішігірім жазасы үшін, күн көрісінен айруға болмайды делінген.

Осыларды, айта келіп, менің Сізден аса жоғары мәртебелі министр тақсыр, өтінейін дегенім мынау еді. Менің байым Иманжүсіп Құтпанұлын Итжеккенге айдамай, осы төңіректегі ояздардың біріне жер аударсаңыз. Және оны этаппен айдамай, полицияның бақылауымен әйелін бірге ертіп әкетуге, аздаған мал-мүлік алуға рұқсат беріп, ерікті түрде жер аудартсаңыз. Әгәр қажет деп тапсаңыз, полицейскийлердің, стражниктердің жол шығынын өз мойныма алуға ризалық білдіремін. Бұған керекті ақшаны Ақмола оязы бастығының қазынасына күні бұрын тапсырып қоюға шамам келеді. Сонымен бірге, ол жер аударылғанша тұтқыннан босатып, полициялық қарауымен кепілдікке беруіңізді өтінемін.

Аса жоғары мәртебелі тақсыр! Әгәр сіз осындай бұйрық берсеңіз, қазынаның да мүддесін қорғаған болар едіңіз, сонымен бірге біз сияқты құлыңыздың шаңырағы құламауы, семьясы бұзылмауы үшін зор адамгершілік жасаған болар едіңіз. Ол үшін біз Сіздің аман-сау, дәрежеңіздің жоғарылай беруін бес уақыт намазымыздан тастамай, тілер едік. Осылай етсеңіз жазықсыздан күйіп отырған Иманжүсіп Құтпанұлының шаруасы бүлінбес еді, малы аман, әке-шешесі, бала-шағасы



уайым-қайғысыз отыра берер еді. Осындай әділ бұйрық бергеніңізден патша ағзамның заң-законына ешбір нұқсан келмейді, оны бұрмалайды деп ешкім айта да алмайды.

Бұл арызды өз қолыммен жазуға Бәтима Түктібаева хат білмегендіктен оның айтып отыруы және өтінуі бойынша қағазға түсірген Жұмабек Нұралыұлы.

Бұл арызды Бәтима Құтпанова-Түктібаеваның өзі хат танымайтындықтан, өзінің өтініші бойынша, өз айтуынан Жұмабек Нұралыұлының менің көзімше жазып, азиатша қол қойғаны рас. Соның растығына қазыналық мөрімді соғамын.

Ауылдық старшын Мұсабек Айдаболов Ақмола оязы, Ақмола болысы, 3-ауыл старшынның дөңгелек мөрі басылған [38, 365-368].

–Қажымұқанмен күресетін кім бар? –дей айғай салды. Қояндыға балуанды қағаз жазып алдырған жәрменке бастығы. Ешкім шыққан жоқ. Аанадай алыппен күресем деп есі бар адам айтар ма.

Бір топ пысықша шеткерек отырған Иманжүсіпке жетіп келді.

–Ал, жігітім, күш сынайтын, бағынды байқайтын жерің осы. Кешегі күресің жойқын болды. Қажымұқанмен ұстасуға сен ғана жарайсың. Құдай ондап, аруақ жар болса, жығып та жіберерсің. Қане, шешін.

Иманжүсіп орнынан түрегелді. Бәтіш оған «қайда барасың?» дегендей жалт қарады. «Қозғалма, сабыр ет»–деп белгі берді оған ері.

–Шешін, шешін, тымағыңды, етігіңді таста, –деп жан-жағынан қаумалап барады жаңағы пысықшылар.

–Мен шешінбей-ақ қояйын, осы бойыммен-ақ күресем, –деп Қажымұқанға қарай аяндады.

Қажымұқан өзімен күресетін балуан келе жатқанда бұрынғы дағдысы бойынша орнынан түрегелді.

Иманжүсіп жақындап келді. Қажымұқан ұстаса кетуге ыңғайланып, бір аяғын ілгері салып, бір аяғын кейін тіреп, сәл еңкейіңкіреп тұр.

–Ассалаумағаләйкөм, –деді Иманжүсіп, – жасың кіші болғанмен жолың үлкен, бауырым. Қыпшақтың сен бір баласы,

мен бір баласымын, сенімен күресуге келіп тұрғам жоқ, бір құшақтап, құмарымнан шығуға келдім, кел, бауырым, –деп құшағын жайды. Қажымұқан қалбалақтап қалды, көзінен жас білінгендей болды. Ол да жайды құшағын. Екеуі құшақ айқастырып, екі рет төс тигізісті.

–Ағам екенсіз ғой, –деді Қажымұқан қол ұстасып тұрып.

–Ағаңмын. Есіл бойындағы Қыпшақпын.

–Пәле-е-е!

Қажымұқан мен Иманжүсіптің «күресі» осымен бітті [38, 384-385].

Арап Байдалыұлы (шамамен, 1840-1910) – Баянауладағы Сүйіндік елінің, оның ішінде Айдабол бидің тұқымы Қоштерден тараған ұрпақ, балуан, Мұса мырза Шорманұлы барымташы ретінде ұстаған батыр. Орысша, қазақша әжептәуір сауаты бар, үстіне жақсы киім киініп, жүйрік ат мінетін сері әрі ән салып, домбыра тартатын өнерпаз жігіт болған. «Жаяу Мұсаға жаны жақын болып, оның өмірін, әндерін әуес еткен әнші-серілердің бірі Арап қашқын. Бұл тумысынан аса алғыр, дарынды, бетінен қайтпайтын ер кісі болған соң, Жаяу Мұса оған арнап «Арап батыр» деген белгілі ән-өлең шығарады. Араптың әлеуметтік ісі Мәди, Ермағамбет, Балуан Шолақ сияқты ерлік ісімен бірдей – халықты аяусыз жәбірлейтін болыстармен ұстасу, не күш көрсететін көрші кулактармен айқасу болды. Осының зардабынан Арап батыр да ояз тарапынан қатты қуғынға ұшырап, Баянаула төңірегінде тұра алмайды. Ығысып Қарқаралы жеріне ауысып, атақты Бөденің қолына барып тұрады», –деп жазады Ә.Марғұлан.

«Баласы Байдалының атым Арап,  
Мінуші ем кербестіні жалын тарап.  
Бір қызды Керекуден алып қашып,  
Ішінде жиырманың қылдым талап».

Бүгінде Арап батырдың зираты Далба тауының сыртында тұр. Арап батыр өзі сегіз қырлы, бір сырлы жігіт болған. Сұршақызды алып қашып, Сырымбеттегі Шыңғыс төре ауылын наналағанда, төрелер қыз алып қашып келген жігітті ұры деп

қасақана ұстатып, абақтыға жапқан. Сонда сүйген жары сатып кетті ме деген қауліп өлеңмен былай білдіреді:

«Түсті ғой зілмауыр жүк бұл басыма,  
Ой бөлер жоқ жолдасым, сырласым да.  
Жаныңмен жаным бірге десе-дағы,  
Жалғанда сырыңды ашпа ұрғашыға».

Сұршақыз атанған Күнбөпе ару кім еді? Қырық жасының өзінде Күнбөпе бет біткеннің ажарлысы болған деееді. Әкесі Бөде Қаракесектегі Қояншы-Тағай елінің болысы болған. Ол өзге болыстардай патша өкіметіне жағынып, бас имеген белгілі адамдардың бірі болған көрінеді. Патша өкіметі Бөденің халық ортасындағы күшті беделін пайдалану мақсатымен оған қанша сый-сияпат көрсетсе де, Бөде олардың әділетсіз істеріне жирене қарап, кейде күш көрсеткен ұлықтарды сабатып отырған. «Бөде осындай ерлік істерімен мықты көсемге айналып, оядан, залым болыстардан жәбірлік көрген әнші, сері жігіттер оның қасына жиналып, ойын-сауық құрып, ұлықтарды мазақтайды. Соның бірі «Қырық жігіттің басшысы» деп саналған Арап батыр екен. Бірақ бұлардың ісі ұзаққа созылмайды. Болыстардың Қарқаралы уезд басқармасының көрсетуі бойынша, генерал-губернатор Бөденің үйін күйретіп, оны үрім-бұтағымен Зайсанға жер аударуға бұйырады», – деп түсіндіреді Ә.Марғұлан.

Күнбөпе Бөде байдың қызы, Арап Байдалыұлы жасы жиырмадан енді ғана асқан байдың көмекшісі, ойын-сауыққа бай қызымен бірге жиі барып жүреді. Малға жығып атастырған адамы ынжық болып, қыздың көңілінен шықпайды. Мынды айдаған бай қызын салт басты, сабау қамшылы қызметшісіне бермейтінін жігіт те, қыз да жақсы білген соң, келген күйеудің ұсқынын байқаған қыз «мынадан құтқара көр» деп Арапқа қолқа салады да, киім-кешегін әзірлен қойғаи қоржынын қолтығына қысқан күйі Арапқа келеді.

Арап батыр мен Күнбөпе жайыпда: «Бөденің үйінде Сұршақыз деп аталған ақылды әрі сұлу қызы болған. Арап әнші Бөденің үйіне келісімен ол қыздан көзін айырмайды, екеуінің махаббаты күн-түн сайын арта береді. Бірақ олардың тілегі

оразды бола ма, жоқ па, албырт жүрек оны керек қылмайды. Әлден уақытта Бөденің көп баласын ұстауға Қарқаралыдан полиция шықты деген хабар сап ете түседі. Оны естіген Арап батыр ешбір богелместен сол күні түнде Сұршақызды алып, Көкшетауға тартады. Бірақ, үміт пен сескенудің арасында келген Арап бұл жерде Сұршақызбен бақытты болып тұра алмайды. Өйткені, бұл жердің болыстарының арамзалығы өзге жердің болыстарынан кем түспейді», – дейді Ә.Марғұлан.

Сұршақыз – Күнбөпе Бөдеқызы (1840-1932) жоніндегі оқиға Жақып төренің Арап батырға қылған қысастығымен байланысты орбиді. Оқиға былай болған. Бөденің төрт әйелінің бірінен туған Серік екен. Серіктің қарындасы Күнбөпе, оны Арап батыр алып қашады. Таң сарғая Ереймен тауының шеткі сілеміне жетіп тоқтайды. Көкшетауды басып, Шыңғыс сұлтанның Сырымбеттегі ауылына келеді. Елден қашқан ғашықтар Шоқанның туған інісі Жақып төре ауылын паналайды. Жақып пен Арап батыр екеуі дос-жаран екен. «Сенің қолыңда билік бар ғой» деп сауға сұрағанда, Жақып оны қолтығына алады. Төркін жағынан келген қыз-жігітті қонақжайлық салтымен жылы қарсы алған Зейнеп ханым оларға бөлек үй тіккізген. Бірақ, Жақып төре сұлуға қызығып, қызыл көрген қарғадай шыр айналады. Арапты ұры деп оязға ұстатып, абақтыға жапқызады. Күнбөпе де өткір қыз екен, Жақып төреге көнбей, оның залымдығын бетіне салық қылып, басқа біреуге тиіп кетеді. Арап батыр оқиғаға байланысты «Сұршақыз» әнін шығарады, әнде «Көкшетауда қалдың-ай» дейтіні, қыздың Көкшетауда қалуын көрсетеді. Бірақ, Арап батыр «Аман келсем, өз жері Баянтауда кездесеміз» дейді.

«Дарияның жарға соққан толқынындай,  
Көз салған көрінгенге көңіл арыз»,–дейді,

немесе:

«Мен келдім сол бетіммен Шыңғыс ханға,  
Бір қайла болар ма деп шыбын жанға.  
Паналан бозторғайдай тұрғанымда,

Шырылдатып ұстап берді-ау оязнайға»,  
– дейді Арап батыр.

Жақып төре туралы деректі жазушы С.Ақатаев та келтіреді. Сүйікті жігіті үшін ата-анасын қиып, туған жерін тастап келген Сұршақыз төре түгілі, ханға тоқал болуға көне ме, тілмаш арқылы ояз бастығынан басына бостандық сұрап хат жазған. «Ояздан басына бостандық алған бір қыз бар екен», деген хабар әп-сәтте елге тараған. Көкшенің жайсандары бас құрап: «Әйел елден кетсе де ерден кетпеуі керек», деген байлам жасап, «арамыздан таңда, қайсымызды қаласаң да талас-тартыс болмайды», –дейді қызға. Сонда Күнбөпе Өскенің ұлы Нұрқанды қалаған екен. Ә.Марғұлан мен С.Ақатаевтың жазбалары бірін-бірі растап, дәлдеп, толықтырған түрде түсіндіріп тұр.

Қашуды ойға алған Сұршақыз бен Арап батырдың Сырымбетке бет алуының себебі, Зейнеп ханыммен байланысты. Зейнеп Мұса мырза Шормановтың туысы, ал Арап батыр болса Мұса мырзаның кісісі, сондықтан қыз-жігіт төркін жағынан келген қонақты дұрыс қарсы алады деп сеніп барған. «Зайсанның болысы Арапты абақтыға отырғызып, Сұршақызды тоқалдыққа алады»,–деп жазады Ә.Марғұлан. «Сұршақыздан айырылған Арап Көкшетаудан Омбы абақтысына «әтаппен» бара жатып, оған арнап өзінің атақты «Сұршақыз»» деген әнін шығарады. Бұл әннің бірінші шумағы ғашық жарынан айырған ар, әділетті білмеген, арамза болыстың қабан жүректігін әшкерелеуге арналған. Бұл шумақтың Арап шығарған түрі былай:

«Шын жүрек тұра алмайды ғашық жарсыз,  
Ер жігіт кейде малды, кейде малсыз.  
Дарияның жарға сокқан толқынындай,  
Көз салған көрінгенге көңіл арсыз».

Бұл соңғы сөзбен Арап болысқа тиіскен. Екінші шумағы Сұршақыздың артында қалып қойғанына өкініп:

«Ғашық болған, Сұршақыз,  
Көкшетауда қалдың-ай!»

Үшінші шумақта үміттенуді асқар бел етіп ұстаған Арап алдағы өміріне зор үмітпен қарап, бұдан да босанармын. Сұршақыз сенімен тағы қосылармын деп өз көңілін жұбатады.

«Неше жыл жүрсем-дағы бұл айдауда,  
Шыдармын, қажымаспын денім сауда.  
Дәм жазып осы жолдан аман қайтсам,  
Сұршақыз, көрісерміз Баянтауда».

«Әннің мазмұны тегісімен Арап батыр мен Сұршақыздың махаббатын суреттеуге арналғанын көреміз», –дейді Ә.Марғұлан. Арап батыр Жаяу Мұсаға өте жақын кісі, мұндас, пікірлес және бір атаның баласы болғандықтан бұл әнді ол кісі Арап батырдың атынан жазуы да таңғаларлық нәрсе емес. Ә.Марғұлан «Сұршақыз» өлеңін Жаяу Мұса емес, әуені мен сөзін де Арап батыр шығарған еді. «Сұршақыз» әнінің атақты ақын, сазгер Жаяу Мұсаға еш қатысы жоқ. Әннен сүйген қызынан қапияда айырылып қалған жігіттің жанын өртеген өкініші мен көкірегін қарс айырған күрсінісі сезіліп тұр.

«Неше жыл жүрсем-дағы мен айдауда,  
Шыдаймын, қажымаймын денім сауда.  
Дәм жазып осы жолдан аман қайтсам,  
Сұршақыз, көрісерміз Баянтауда.

Қайырмасы:

Аспанда жырлар Бозторғай,  
Шіркін, әннің бұлбұлы-ай.  
Ахау, Сұршақыз, дүние-ай,  
Енді, есен бол-ай.  
Боларсың сенде мендей, маған күлсен,  
Ханзада, жауыздардан қорлық көрсен.  
Ауызың күлмек тұрсын, қисаяды,  
Айырылып ат-тоңыннан жаяу жүрсен».

Ә. Марғұланның айтуынша, Жаяу Мұсаның досы Айдарбек сал әнші, балуан әрі ойыншы болған. Оның баласы Ысмақ Мұсаның ән-өлеңдерін жатқа біліп, тапжылтпай айтатын кісі екен. Жаяу Мұсаның ісіне еліктеп, әндерін халыққа таратқан әнші-серілердің бірі – Ермағамбет Игібайұлы, екеуі де Мәди мен Балуан Шолақ сияқты әлеуметтік қиғаштықтың күшейген кезінде шыққан күрескерлер, ұстасқан кісілері – керауыз болыстар мен поселкелердің кулактары. Ермағамбет – ірі бай Бақтыбай қажының немересі, қыстауы Сайтанды, Өткелсіз, Шилі деген өзендердің жағасында, Ботақара қонысына таяу тұратын әншінің тағдыры осы елді мекенмен байланысты оқиғалар себеп болып, өмірі қыспақта өтеді, қоныстың малын ұрлады деп бес жылға Атбасар даласына жер аударады. Есіл бойындағы елді аралаған Ермағамбет әндерімен халықты өзіне тартады. Баянауладағы Жарылғапберді мен Жаяу Мұсаның әндерін кеңінен таратып, Атбасарда Сәтмағамбет әншімен танысқан, одан «Әупілдек» әнін үйреніп, Баянаулаға таратады. Бірақ, әннің текстін Ермағамбет өзінше шығарып алады. «Әупілдек» әнін Сәтмағамбет «итжеккенге» айдалған жігітке арнап, оның қарындасы Дәмеш қыздың атынан шығарған. Сәтмағамбет айтатын мәтін былай:

«Әупілдек айдын шалқар көл болады,  
Жағалай Әупілдекті ел қонады.  
Ежелден ата-баба қоныс еткен,  
Суы бал, шөбі тәтті жер болады».

«Әупілдек» айдауда жүрген Ермағамбет әншінің жанына жақын болғандықтан, әннің әуенін алып, сөзін өз күйіне жақындатып айтқан. Патша өкіметіне қарсылық түрінде айтылған әннің мәтіні:

«Қамысы Әупілдектің мүше-мүше,  
Сарғайдым мен Есілдің суын іше.  
Жез қанат құсқа біткен маған бітсе,  
Барар ем Сайтандыға әлденеше».

Бұдан байқайтынымыз, әннің текстін өзінше шығарып алу дағдылары кейбір әншілерге тән болған. Әнді шығарған автор мен сол әнді орындаушылар бар, оларды анық ажыратып айтуға тиіспіз. Қандай ән шырқалса да, оның кімдікі екенін айтып, шыққан тарихына көңіл бөліп, іздену қажет. «Сұршақыз» әнінің мәтіні Араптың басында болған оқиғадан шыққан. Оқиға желісі Баянаула, Ақсу-Аюлы, Кокшетаудың арасында өрбуі, ғашық жігіттің сүйгенінен айырылуы – бәрі де Араптың басынан кешкен тағдырына тән. Оларды басқаға телу дұрыс емес. «Сұршақыз» біреу, өйткені ол нақыт тарихи кейіпкер. Өлең мазмұны мағыналы, ғибратты, тарихи шын нұсқасы да сол. Әжуа, келеке етіп, мысқылмен айтылатын «Сұршақыз» нұсқасын Арап батырдың өзі шығарды деп айту қиын. «Әуіпідек» әнінің негізін жасаушысы болып, оны Сәтмағамбет, Ермағамбет әншілер әннің әуенін алып, оның созін өз күйіне жақындатып өзгерткеніндей, Арап батырдың «Сұршақыз» әнін Жаяу Мұса немесе Балуан Шолақ өзгерткен болуы мүмкін. Халық әндерін жинаушылардың қорына сондай екі-үш түрлі нұсқада түскен. «Сұршақыз, бір келгенде көктем дедің» деген өлең нұсқасын Арап батырдың өзі де қызға айтылған наз ретінде шығаруы ғажап емес. Алайда, өзі зорлық көріп, айдауға ұрынған адам мұндай наз айтуы неғайбыл. Ғашық назы бірге, қосылып, жұптасып болған соң сүйікті Арап батырына «күз келсін, көктем өтсін» деп мерзім белгілей ме?! Екінші нұсқадағы өлеңнің жасандылығы анық көрініп тұр. Қалай болғанда да, өлеңнің қайырмасы ешбір өзгеріссіз қала беруі, бұл ән нақты бір автордың шығармасы екенін анық байқатады. Қайырмасы:

«Әндір, әндір, әндір-ай,  
Ішімді оттай жандырды-ай,  
Ғашық болып қосылып,  
Құмарымды қандырды-ай.  
Сөйтіп жүрген Сұршақыз,  
Көкшетауда қалдырды-ай.  
Ахау, Сұршақыз енді есен бол!»



«Сұршақыз» Арап батырдың әні. Жаяу Мұса, Балуан Шолақ орындауындағы оның өзгерген нұсқасы. Өлеңді әуенімен қоса Арап Байдалыұлы шығарған. Шындығы осы. «Сұршақыз» әнін Арап батырдың өзі, оның досы болған Жаяу Мұса, Байдалының Мұстафасы, Арыстанбайдың Имамбегі, Шөкеңнің Құдайбергелі, Шоқаманның Әбділдасы, Айдарбек сал, Ермағамбет, Сәтмағамбет әнші, одан кейін Балуан Шолақ, Кенен Әзірбаев, Ермек Серкебаев орындаған. Қазіргі кезде Қайрат Байбосынов, Кенжеғали Мыржықбаев, Амангелді Қожанов, Қаблаш Әбікейұлы, Ерлан Рысқали орындап жүр. Жаяу Мұса орындаған «Сұршақыз» әні «Біржан-Сара» операсында Сараның ариясы ретінде алынған.

Сұршақыз өмір үшін айқасып, артына ұрпақ қалдырған ана, одан екі ұл, бір қыз туған. Сейтмағанбет деген ұлынан туған немерелері – Жәнібек, Қалиасқар, Жанәбіл. Жанәбіл Балуан Шолақтың серігі болған сері жігіт екен, өштескен казак-орыстар жала жауып, абақтыға қаматып, сонда опат болған. Сөйтіп, Сұршақыздың немересі Жанәбіл Балуан Шолақтың досы екенін көріп отырмыз. Тамаша дәлел емес пе?!

Сонымен «Сұршақыз» әнінің мәтінінде баяндалатын оқиғалар желісі тек Арап батыр мен Күнбөпенің басынан кешірген ғашықтық тағдырға тән. Бір өзінде бір драмаға жүк боларлық қатпарларды бойына шоғырландырған осынау бір әннің кейіпкерлерінің жеке тағдыры, олардың өмір кешкен – туған, сүрген, пана іздеген, қайта оралам деп үміттенген – аралы да, есімдері аталмаса да драма кейіпкері ретінде сезіліп отырған, тарихи шынайы тұлғалардың әрекеті – бәрі-бәрі осы әнде көрініс тапқан. Әнде баяндалатын оқиға оның Жаяу Мұсаның емес, тек Араптың әні екенін айқын танытады. Қазақтың дәстүрлі ән тарихына қосылған бір ғана «Сұршақыз» әнін көріп орындап, насихаттаған Арап батырдың жақын досы Жаяу Мұса. Жаяу Мұса орындаған «Сұршақыз» әнін Балуан Шолақ та орындаған. «Сұршақыз» әнінің екі-үш нұсқасы осылай халық арасына тараған.

Соңғы жылдар прозасының ерекшелігі сол: әдебиетіміздің тарихи романдармен, оның ішінде басым бөлшегін құрайтын өнер иелері жайлы жазылған туындылармен толығыуы. Қазақ

каламгерлерінің революцияға дейін өмір сүрген қазақтың өнерпаз жандарына осында өз туындыларын арнау себебі – сол өнер иелерінің өз творчестволарына демократтық, халықтық сарынды арқау етуі, өздері өмір сүрген қоғамдағы әділетсіздікті, үстемдікті, озбырлықты сынауы, үстем тап өкілдеріне отты тілін қару етіп, қарсы шығуы болса керек. Сайып келгенде, өнер иелерінің өктемдікке қарсы, өздері өмір сүрген қоғамға қарсы күресі революциядан бұрынғы халық күресінің тарихына жаңа сәуле шашады.

Біз талдамақшы болып отырған «Ақан сері», «Найзағай», «Жаяу Мұса» романдарының авторлары өз романдарында бас геройдың күресін, қоғаммен қатынасын, замана шындығын, өнерді жасау процесін көркемдік суретпен бермек болуға ұмтылған. С.Жүнісовтің, З.Ақышевтың, Ә.Әбішевтің алдында М.Әуезов салып кеткен сара жол, айқын дәстүр бар.

Ақан, Жаяу Мұса, Мәди – үш түрлі мінездің, үш түрлі көзқарас, характердің адамы. Әйтсе де біз үшін үшеуін жақындастырып тұрған фактор-өнер: қазақтың атадан әкеге, әкеден балаға мирас болған халық өнері. Халық тегіннен-тегін бұларды қастерлемес еді, егер бұлардың әр даусында өктемдікке, өздері өмір сүрген қоғамға деген күресі болмаса.

Мәдидің, Ақанның, Жаяу Мұсаның өр әрекетінен бас геройдың күресі, өз дәуіріне деген ызалы наразылығы, қоғаммен қатынасы айқын көрінеді.

«–Ассалаумағалайкум, Қажексе. Қараңғы түнді қармай қасыңа келдім, қамығып келдім. Жауымнан қашып, жауыннан жасқанып келгенім жоқ, өмірмен өштесіп, қарғыс оғынды тілей келдім. Саған, сен арқылы жасаған тәңірге арыз айта келдім. Бүгінгі менің сен арқылы айтар арызымды мұнан отыз жыл бұрын орыстың бір ұлы перзенті айтқан екен, әрі айдаудан саған арнап әкелген сыйлығым болсын, соны тыңданыз да, жасаған иемізге жеткізіңіз. Орыстың ол ұлы перзенті былай депті: «Біреулердің басқаларға өктемдігін жүргізіп талауына, олардың ең асыл қазынасы – азаттығын тартып алуына апатты право беретін кім? Олардың табиғат пен адам баласының праволарын маскаралауына жол беретін кім? Өзіне ермек үшін немесе көңілін сергіту үшін мырзалар құлының терісін сыдыра алады,

оны малша сата алады, итке, жылқыға, сиырға айырбастай алады: оны әкесінен, анасынан, апа-қарындастарынан, аға-інілерінен, оған қымбаттының барлығынан да өмір бойы айыра алады. Бар адамның әкесі – мархабатты тәңірім! Жауап бер маған: өзінің жақындарының етін жеп, сүйегін кеміріп қоректенетін олардың қаны мен көз жасын суша сіміретін осы жыландарды, осы аждаһаларды, осы жолбарыстарды сен бе дүниеге келтірген?» [35, 28].

Роман кейіпкері – Мәдимен алғаш осы сөздері арқылы танысамыз. Шағын да болса осынау үзіндіден болашақ кейіпкердің қандай жан екенінен аз да болса хабардар боламыз. Мәди – өр мінезді сияқты екен-ау. Орыстың ұлы перзентінің осынау ұлағатты сөздерін айтып, өмірдегі әділетсіздік атаулыға лағнат айтып, мәңгі ұйқыда жатқан қажыға жалмауыз «жыландар, жолбарыстар, аждаһаларды дүниеге келтірген сен бе?» - деп тепсінуіне қарағанда, көк оты кеудесінде лаулап, лапылдаған шешен тілді, дауыл мінезді адам сияқты ма, қалай?

«Нажағай... нажағай, –деп жарық тілеп, Мәди саңқылдай жөнелді, –қара түнмен қағысып нажағай отын шашпаса, адыра қалсын ақ» найзан. Тек өздерің қапы кетпендер, ұйықтап жатқан кезінде бас салатын қарақшыларға да ұқсамай, оятып алып егестіріп шайқасындар [35, 31].

Жоқ, Мәди – шынында да, өр екен. Горькийдің дауылпазы есіңізде ме? Ол да сұрапыл дауыл, алапат нөсер тілемеуші ме еді? Қастасып, өштесіп, жауыққан жау болса, опасыздықпен өлтіре салмай, оятып алып, егестіріп, әділ түрде жекпе-жекке шақырып алысуды мұрат қылып отырған жоқ па? Тасада тұрып ажал оған Төлегенге жібере салған Бекежан емес екен – Мәди. Бұл сөз де қажы моласының ішінде айтылған Мәди сөзі. Мәди жомарт та екен, елі үшін еңіреп туған ер де екен. Әйтпесе, басын ажалға байлап, осы жетіқараңғы түнде ауқаттылардың қыруар жылқысын барымталап алып, аш-арық халыққа таратып беруі – елі үшін еңіреп туған, халқы үшін жанын пида ететін қаһарманның ғана қолынан келер іс емес пе? Әкелген жылқыны ол тек аш-арықтарға ғана бөліп беруді мақсат етеді: «Аштарға ғана үлестірсін. Жылқыны союға шамасы келмейтіндер болса, елу қамшы дүре соғындар да, қол аяғын байлап, ессіз қораның

біріне тастап кетіндер» [35, 34]. Мәдидің қандай жан екенін осынау сөздерінен-ақ анығырақ аңғара бастағандаймыз. Беймезгіл заманның өнер иесіне деген қысастығы ғой, тағдыр өзінің ауыр гүржі шоқпарын жас Мәдидің басына ол сонау он жеті жасқа толған шағында-ақ тастап жібермек бопты. Әділдікті, мәрттікті, жігіттікті мұрат етіп, ақ ту етіп көтерген жас жігіт Назгүлге жасалған қиянатқа шыдай алмай, Түнекбай шонжарды талтүсте өзіндей батыр жігіттермен шауып алып, ақыры сонан бірнеше жыл айдауда болған екен.

Мәдимен алғаш таныстығымыз осылай басталса, Ақанды алғаш басқаша кездестіреміз. Кокшетау өңіріне өзгеше бір апат болып тиген Біршек қасқырды соққан жас жігіт Ақан қысқы кештің сұлулығына таңырқап, көкейіне келіп қалған әсем ойды өлең өрнектеріне түсіруге асығуда:

«Дүние қызыл от, қып-қызыл қан. Дәл ортасында тіршілік үшін жан алысып, жан беріскен қос арлан. Үлкен ойлы кезіп қадап, қайың арасынан бақылаған аңшы:

Дүние жалын, дүние от,  
Дүние ыстық, дүние шоқ,

—деп әр сөзін қайталап, бөгеле береді: «Дүние жалын, дүние от...». Сәлден соң ақын жігіт жап-жақсы өлең жолдарын құрап, басын біріктірді.

Тіршілік нәрін сепкен күн –  
Дүние жалын, дүние от,  
Тіршілік бойдан кеткен күн –  
Сенген шала, өшкен шоқ» [35, 23].

Дүниенің алыс-жұлыс күрес, сұрапыл, тайталас екенін, ақын жігіт сол кезде сезді ме екен? Алуан түрлі күрес, нелер шарпысу, беттесу күтіп тұрғанын әзірше аңшылық пен серілікті ермек етіп, сұлу ат пен сұлу әнді ғана мұрат тұтып жүрген жігіт сезінді ме екен?

«Найзағайдың» кейіпкерімен, сөйтіп, жаңбырлы түнде, иесіз мола ішінде, небір тар жол, тайғақ кешу жолда басын

ажалға байлап, халық қамын ойлап отырғанында жолықсақ, «Ақан серінің» кейіпкерімен бүкіл елдің әлі келмеген аты-шулы Біршек қасқырды соғып, табиғат құбылысын өлең жолдарына түсіріп тұрғанында жолықтық.

«Жаяу Мұсаның» авторы өз кейіпкерін Ақан мен Мәди сияқты есейген кезінен емес, балалық шағынан бастап суреттейді. Бұл жағынан алып қарағанда, «Жаяу Мұса» романы С.Бақбергеновтың «Қайран шешем» романына ұқсастау.

Үш романның қамтитын уақиғалары да, дәуірі де кең. Аталмыш романдарда революцияға дейінгі қазақ қоғамы, қазақ еңбекшілерінің әлсуметтік теңсіздігі, беймезгіл заманда дүниеге келіп, туған халқының әсем әні мен тәтті күйін сыйлап, оның эстетикалық мәдениетінің өсуіне барынша қызмет еткен Ақан сері, Мәдилердің өмірі кеңінен суреттеліп, оқырманға сол кезеннің табиғи шындығын беруге елеулі маңызы бары айқындалады. Үш романдағы үш бас кейіпкер бейнесі – түнек заманның озбыр күштерінен зорлық көріп, жапа шеккен көптеген қазақ өнерпаздарының кешегі халін жиынтық бейнеде бере алып тұр.

Тарихи романның авторы жақсы тарихшы бола білуі керек екенін В.Г.Белинский айтқан болатын. Ақышев те, Әбішев те, Жүнісов те Жаяу Мұса, Мәди, Ақан сері образдарын шындыққа лайық тарихи процеспен, халық өмірімен тығыз байланыста алып бас геройдың күресін суреттеуге тырысқан. Реализмнің ежелден келе жатқан дәстүрі де осыны талап етеді.

Академик Мұхтар Әуезов: «Шынай күрделі, қиын қақтығыстар тұсында ғана адам сезімінің, талайының, талабының, мінездерінің, тағдырдың, барының баршасы түгел ашылып, тартыс қатал айқасқа айналады. Осындай ғана қақтығыстар барлық повесть, роман, драма атаулының ең сенімді қанқасын, арқа сүйек тұлғасын тұрғызады» – деп жазды [60, 398].

Ендеше, ең үздік, шебер жасалған адам образын алдымен жою тартысқа құрылған қалың оқиғадан іздеуіміз абзал. Осыдан келіп, сюжет пен характердің өзара байланысы туады.

Әсіресе, қалың оқиға, шиеленіскен үлкен тартыс, тағдыр жайы – эпикалық көлемді романға тән сипат. Роман ішіндегі

элеуметтік қайшылықтар сол оқиғаның негізінде туып, өрби отырса, әрбір үлкен, қалың оқиғаға байланысты геройдың іс-әрекет, характері де қалыптасып, толыса түседі. Тарихи роман авторы әрбір кейіпкердің характеріне, мінез-құлқына, психологиясына тән типтік оқиғаларды оңтайлы талдап ала білуі шарт, яғни сол өзің ойлап/жатқан/ тапқан шытырман оқиғаның миллионнан бірін өкшеп алудың өзі өзінше ауыр жұмыс екенін ескерсек, Жүнісов, Ақышев, Әбішев /біз сөз қылып отырған/ кейіпкерлерінің көтерер жүгі де ауқымды болуы қажет.

«Абай жолы» эпопеясы кейіпкердің, яғни шәкірт Абайдың мүшел жасқа толар-толмас, небәрі он үштегі кезінен басталады. Елге асығып, оны сағынған жас жеткіншек Қодар-Қамқа трагедиясына тап болып, әке қатыгездігінен қатты түршігеді. Міне, осы тұстан Абай әке озбырлығы мен өктемдігін көріп, жамандықтан жиренеді, жақсылықты мұрат тұғып, өмірге көзөарасы қалыптаса бастайды.

«Ақан сері» романында Ақан Абай сияқты өмірге көзқарасы жаңа қалыптаса бастаған кезден емес, аз да болса, өмірдегі теңсіздік мәселесін аңғарып қалған күйде жүздеседі оқырманға. Әрине, екінші кітаптағыдай басына түскен ауыртпалықтан қысым көрген Ақан есейіп, өмірге көзқарасы байып, үлкен күреске әлі шыға қойған жоқ. Патша мұрагері – Цесаревичке қазақ халқы атынан үлкен шағым айтатын дәрежеге ол әлі жеткен жоқ. Ақан – әдемілікке, әсемдікке ғашық, өмірдегі сұлулыққа, өнердегі пәк тазалыққа ғашық. Халқы оны сері атандырған. Ақын бойынан өнерпаздық салтанат, серілік думан аңғарамыз.

Зұлмат заманның озбыр күштері бұлдыр болашағында өзіне нендей сыбаға әзірлеп қойғанынан ақын жүрегі бейхабар. Сұлулыққа, өмірдегі сылқым өрнек-суретке ғашық ақын табиғаттың өзіндей таза, бейкүнә, сәби жанды Ақтоқтыны қапысыз сүйді. Ол әлі үлкен күрестен аулақ. Ақын –екінші кітаптың соңындағы «Жоқ, кету керек. Тез кету керек бұл арадан. Тіршілікке қарсы шабар адам баласында дәрмен жоқ. Тек оның ыңғайына қисаю керек. Құс екеш құс та жылы мекендеріне кетті. Туған жерін, оскен слін тастап кетті. Сонда ауру баламен Ақан қайда бармақ? Кімге сыймақ? Ағайындарға

барып суық босағасынан орын сұрамақ па? Ағайын дейтін қай ағайын қалды? Бүгін бір жақсылық етсе, ертең құлағыңнан, өле-өлгенше міндетсіп кергір қиқу қалмайды. «Өлейін деп жатқан өлексені тірілттіп алдым, жынданған есаланды сауықтырып қатарға қостым» дейтін намысқа тиер қаңқу қалмайды соңынан, біреудің қолына қарап кіріптар боп, қас-қабағына қарап мүсәпір халмен өлімшенің күнін көріп, итқорлық тіршілік ету ғана қалғаны ма? Апырай, намыс, намыс қайда?! Өттең, намысқа шабар қазір не қалды? Қара қоста, айдалада өлейін деп жатқан жанның намыс несін алған?! Бәрінен де Ыбанжаннан обал-ау! Тіршілікке бүйтіп келмесе етті. Дүниеге келтірген әке баласынан ала алмаған өші бардай қор, мазақ өлімге тіреп, көз алдына аяусыз көмбек пе?! Жоқ, соңғы рет азаматша серпіліп, сақтау керек баланы. Қаз да балапанын қорғап, қанатынан қайрылды-ау. Адамның құс құрлы болмағаны ма» деп толғанып тіршілік үшін арпалысқан, өмірдегі күрес атаулыдан безіп, баз кешкен, жігері құм боп жасып, «үнсіз мүлгіген реңсіз мылқау далада, мылқау баласын арқалап, отыз жыл жолдас болған ән серігі-домбырасын, саятшы, серілік белгісі – мылтығын жапан түзде жалғыз шошайған қара қоста қалдырып, адуынды жастық шағымен, орны толмас арманымен, туып-өскен мекенімен үнсіз қоштасып, алыстағы сағымдай елестеген бұлдыр тіршілікті бетке алған Ақан» емес әзірше [33, 395]. Оның әлі күрестен беті қайта қойған жоқ, тауы шағылған жоқ.

Жалпы алғанда, творчество адамдарында өзгеше бір ерекшелік бар: олар да өзге пенде сияқты кәдімгідей өмір сүреді, ал қиялдарында олар бейне екінші, басқа бір әлемнің адамдары сияқты күн кешеді. Ақын – өнер адамы, өзін күнделікті күйкі тұрмыс тіршілігінен аулақ ұстайды. Ол өзін кербез, сырдан ұстайды, өмірден сұлулық іздейді, әдемі орнек, сымбаттылық көрсе, өмірдегі жоғалтқан жоғын тапқандай балаша қуанады. «Найзағайдың» бас кейіпкері – Мәдидің Ақан мен Жаяу образына қарағанда басты ерекшелігі сол: жазушы Әбішев өз геройының әсем әнмен тербеліп, серілік құрып жүрген жаны жайсаң, көңілі көтеріңкі жүрген тұсынан гөрі оның дауыл-күрестің, тартыс-қайшылықтың ішінде басымдау көрсетеді.

Мәди бар жаныммен, бар болмысымен өзі түсінбейтін, маңайын қоршаған жұмбақ әрекеттерге жауап іздейді.

«Мен дәл айтып тұрмын, өйткені, сіздердің барлық қылықтарыңыз қылмыс. Сондықтан сіздер мен үшін мүлдем түсініксізсіздер. Маған сіздердің кім екендеріңіз түсініксіз. Сіздер ғана емес, маған өмірдің өзі түсініксіз. Менің бәріне де түсінгім келеді, мен құдайдың да, патшаның да барлық заңын білгім келіп шарқ ұрамын. Өл үшін басымды тауға да, тасқа да сөғын, жаһан кеземін... «Өмір неге мұнша жалмауыз? Кім бар жауап беретін?» деп бар әлемге айғай салғым да келеді, кейде үнім жеткенше айғай саламын, қайда барсам да еститінім оз дауысымның жаңғырығы, мен түсінетін жауап жоқ. Бүкіл әлем жартас бөлін кеткендей, еститін үнімнің барлығы жартастың жаңғырығы секілді түсініксіз бірдеңе» [35, 298]. Мәди көкірегін мазалаған түсініксіз сұрақтарға жауап іздеп, шарқ ұрады. Жоғарыда келтірілген сөз – Мәдидің генерал-губернатордың қызы Натальяға айтқан сөзі.

Әрине, Мәди де, Ақан сері де, Жаяу Мұса да өздері өскен ортаға сай саналы күрескер, демократ, революционер дәрежесіне жеткен жоқ. Ондай дәрежеге көтерілмедің деп оларды кінәлау да қиын. Россияда болып жатқан ұлы оқиғалардың өзі сонау қиырда жатқан меңіреу, мылқау сахарға еміс-еміс қана көп уақыттан соң жеткен. Өскен, өмір сүрген ортасын ескеріп, сол сахараның ұлы ақыны Абайды да ондай дәрежеге жеткендік деп, кінәламайтынымыз сияқты, бұларды да кінәлаудың жөні жоқ. Мәди жауына найзағайдай сорғалайтын, оларды күтпеген жерден масқара жағдайға ұшыратып, жайына кетеді. Мәди – соңына қыруар қол ертіп, халқының мұң-мұқтажын жоқтап, дұшпанына қарсы шапқан Махамбет, Исатай дәрежесіне жеткен жоқ. Әйтсе де, осынау батыр адам ондай ойдан да аулақ емес:

«Қайран елім, мен қашан сенің жауыңа сермеген семсерің болар екенмін. Жалғыз атты қашқын болмай, қол бастаған қамқоршың болсам, жар қызығын, көрместен жастай еліп кеттім демес ем-ау!» [35, 94]. Бұл – Мәдидің іштей толғанысы.

Халқының өнер адамына деген ықыласы ерекше. Мәди сынды өнерпаз жандар туған халқын тек әсем әнімен ғана



тербетіп қойған жоқ, хал-қадарынша осынау туған халқының басындағы қара түнек ауыр халді қайтсек жеңілдетеміз деп шама-шарқынша әрекет етті. Мәди – өмір бойы қар жастанып, мұз тосеніп, өмірін арпалыспен өткізген адам. Аш-жалаңаш жұртына ауқаттылардың малын шауып алып, таратып берген, басын өлімге тіккен ержүрек жан. Әрине, Мәдидің күрес-арпалысы жеке адамның дара әрекеті. Коктен сорғалаған найзағайша Мәди жауын жамсата берді, жамсата берді. Иманның әкесі – марқұм Ноянның тілегін орындап, Токеш сияқты арамза қажыларды масқара ғып кетеді. Сүйгені Самал үшін де Мәди басын өлімге байлап, Шайтанкөлдiң жағасында генерал-губернатордың өзін тосып, қолға түсіріп, Атамановтан алған қару-жарағын өткізгемiн, Самалды тұтқыннан босату жайлы шарт-тілегін айтпақшы. Бірақ оның қолына губернатор емес, қызы Наталья түсті. Мәди образының бір қырын танытатын түс – Натальяның әкесімен айтысар тұсы.

Осы тұста бір айта кететін жәйт – Жүнісов пен Әбішев романдарының бір ұтымды тұсы – Анна Ивановна, Наталья сияқты ізгі жанды, көзі ашық, демократтық пиғылдағы образдарды беруі.

Натальяның әкесіне айтқан мына сөздерінен, біріншіден, осынау нәзік қыздың жүрегiнiң қандай ізгі екенін сезсек, екіншіден, оның сөзі арқылы Мәдидің және бір қырын тануға болады. «Егер менің тілегім орындалмай, Самал түрмеден шықпаса, онда мен сенен кек аламын, қайда барсаң да тауып алам» – деген Мәди сөздерінен қорқып тұрған жоқ. Наталья, ол қара тастай мызғымас әкім әкесінің жүрегіне аяныш сезімін туғызып, түрмедегі Самалды босаттырмақ, сөйтіп, ізгі жанды қыз өзі «орыстың Дубровскийі», «ағылшынның Робин Гуды» атаған Мәдиге берген уәдесін орындамақшы.

«Мен өмірімде мұндай сөзді айтып, көрген емес едім ғөй, ойланшы. Оның қандай адам екенін бұрыннан естіп білсем, бүгін көзіммен көрдім. Адаспаппын, сенімен кешегі айтыста да мен адаспаппын, мен оны дәл таныппын. Оны қарақшы дейтін – ауылдың байлары мен солардың ақшасына сатылған сенің өсындағы құзғындарың. Сен олардан ғөрі озіңнің қызына сен. Егер озіңнің арың мен қызыңа сенер болсаң, оны қарақшы

деуден аулақ бол. Арсыздар айтса айта берсін, ондай айуандықтан, халықтың ұлын «қаракшы» дейтін арсыздықтан сен аулақ бол, сен аман бол. Қайдағы бір қазақ үшін саған мұндай ауыз сөздер айтатын ақылсыз емес едім ғой, ойланшы!» [35, 315-316].

Кешегі зұм заманда үстем тап өкілдері тарапынан неше түрлі зорлық-зомбылық болғаны мәлім ғой, әйтсе де момын сахараның Самалдай аяулы қызын Мәди үшін түрмеге салу – барып тұрған сұрқиялық емес пе? Бұндай сұмдықты бұрын кім естіп көрген? Сол Самалдың түрмеде отырып, жынданып, қайғылы қазаға ұшырағанын көрген Натальяның «Қан ішерлер!» деп айкайлауы да заңды.

Өсынау ақ жүректі бикеш өмірінің соңғы минуттары соғып тұрған Мәдиге әлі де араша түспек болады. Ал, бұл тұста Мәди өз еркімен келіп, генерал-губернатордың қолына түскен еді.

«Жат елдің құрметіне бөленіп тірі жүргеннен өз жерімнің топырағына оранып жатқанды артық көрдім. Сол топырақтың қанды қолды әлдекімдерден емес, сіздің қолыңыздан бұйырғанын көксегенім рас» [35, 303]. Бір айта кетерлік ерекшелік сол – «Найзағай» мен «Ақан серінің» (концовкасы) аяқталуы өзара ұқсас. Өмірден көп теперіш көріп, аяусыз соққы жеген Ақан да күрестен бой тартады. «Тіршілікке қарсы шабар адам баласында дәрмен жоқ. Тек оның ынғайына қисаю керек» [34, 395] деген қорытындыға келеді. Мәди де, жоғарыда айтқанымыздай, өмірдегі көптеген әділетсіздікке жауап-себеп таба алмай, арпалыса-арпалыса шаршап, ақыры, генерал-губернатордың қолына келіп, тұтқынға түседі.

«Ақан сері» романында да демократтық көзқарастағы, жаны сұлулыққа ғашық, ізгі жүректі орыс әйелі – Анна Ивановна бар. Наталья – генерал-губернатордың қызы болса, Анна Ивановна уезд начальнигі Иамайловтың әйелі. Орыс жұртынан ең алғашқы боп, Ақандай ардагер ақынның өнеріне табынып, жалпы, қазақ өнеріне / әншілік өнеріне тәнті болған да осы Анна Ивановна. Осынау орыс әйелінің мына бір сөзінен Ақанның жан дүниесіне үңіліп, Ақанның қандай адам екенін болжауға болады. Анна Ивановнаның Ақанмен Сағынай асы кезіндегі

серуен тұсында әңгімелесуі бас геройдың образын айқын ашып тұр.

«Өз басым композитор, ақын атаулы мұңсыз болады деп ойламаймын. Жаны нәзік жанның сезімі өрмекшінің өрмегіндей болмашы желдің өзін тез аңғарғыш қой. Мен де сіздің жаныңызды тереңірек түсінсем бе деймін» [34, 313].

Тарихтан білеміз: халық сөзін сөйлеген, халыққа бір табан жақын тұратын Ақан, Жаяу Мұса, Мәди сияқты өнер адамдары зұлмат заманда өктем күш иелерінен озбырлық көрді. Олай болуы заңды да еді. «Имеген иттерге бас сері, дархан», - деп ақын жарлағандай, олар болыс-би, атқамінер байлардың шашбауын көтеріп, өлең айтқан жоқ. Керісінше, сол озбырлардың халыққа істеп отырған қылығын аяусыз беттеріне басты.

«Таяқ еттен өтеді, сөз сүйектен өтеді» дене халық мақалы тегін айтылмаған. Омбының «Степная газетасында» «Қиянат» деген атпен басылып, Баян дуанының аға сұлтаны Мұса мен оның болыс інісі Мұстафаның елге істеп отырған қиянатын баяндаған Жаяу Мұсаның мақаласы да – бас кейіпкердің характерін даралайтын детальдің бірі. Үстеп тап өкілдерімен тартыс-күресте ғана характер дараланатынын жоғарыда айтқанбыз. Жаяу Мұсаның Мұса, Мұстафаларға қарсы күресінің шиеленісіп, ең шарықтау шегіне жеткен тұсы – Мұстафа мен Жақыптың өтірік документ жасап, патша әкімдеріне уыстап ақша беріп, Тобылға жер аудартып, ақынды кекетіп, табалап мына бір ауыз өлеңді айтқан тұсынан басталады.

«–Шорман баласы құдай емес, бірақ құдайдан былай емес екенін білген шығарсың, Жаяу. Айға шабам деп арыстан мерт болыпты дегенді естіп пе едің? Естімесең осы. Ха-ха-ха.

Тон киген қызылсаннан Жаяу тонбас,  
Қалды ене Ақшоқыда Байжан қу бас.  
Көзіңнен мұнан былай бір-бір ұшар,  
Мінер ат былай тұрсын, ішетін ас, ха-ха...» [37, 284].

Тобылға айдалуға үкім шығарып, оны екі жылға кетіп бара жатқан Жаяуды мұқатып, Мұстафаның айтқан сөзі – бұл.

«Жаяу ала көзімен атып жыққандай, Мұстафа мен Жақыпқа кезек қарады. Намыс пен қорлыққа айдан бері түрме азабы қосылып жүден қалған-ды. Мұстафаға ол қанын ішіне тартып алғандай көрінді. Екеуінің алдынан өте бергенде тұра қалды.

Сәлем айт көн Қаржастың баласына,  
Қалдым мен Мұстафаның жаласына.  
Әкеңді өлтірген кім мен білмеймін,  
Сонда да құнын менен аласың да.

Кигенім қысы-жазы өңкей қызыл,  
Тартпаймын өле-өлгенше тілім ұзын.  
Саған күшім жетпейді, өкінбеймін,  
Мырзаның шаңға аунатқам ерке қызын,  
—деп жүріп кетті» [37, 285].

Ақанда сұлу сөз, сырлы да әсем ән көп, «От тілді, орақ ауызды» ақын зұлмат заманның шүйделі мықтыларына өткір сөзі, удай ащы тілімен ойтарыс беріп, бүкіл жұртты аузына қаратады. Ал, Мәдиде сөзден гөрі, іс басым, әрекет басым. Туған өлкесінің халқы аштыққа ұшырап, қырылу қаупі туғанда Мәди еш ойланбастан халқын аштықтан құтқару қамына кірісіп кетеді. Жас кезінде сүйгенінен айрылып, жас жүрегіне жазылмас қаяу салған Түнекбай, Текеш шонжарлардың жылқысын шауын алып, Шомбал сияқты алпауыттан кек алады. Сонау жас кезінде жүрегіне түскен әділетсіздік жарасы Мәдиді үлкен күрестерге аттандырды.

«Ақан серінің» бірінші кітабында айтылғандай, Сырымбет саласындағы, Қаратал қойнауындағы, Ереймен баурайындағы Сері басына түскен үш соққы жеңіл теперіш емес. Жаны нәзік, табиғатынан сезімтал, кірпияз, сұлу жанды Ақанға тағдыр Сырымбет саласында аяулы да адал махаббаты Ақтоқтыдан айырылу сыйын әзірледі. Әлібектің Қарабедеуімен Ақтоқтысын алып қашқан Ақан қолға түскен. Кеше ғана атын сырттай естіп, жүзін бір көруге іңкәр болған жастар енді Жалмұқанның атшабарлары болып, аяулы серіні қолға түсіріп, үнсіз қоршап тұр. Осы тұста Ақтоқты характері бар болмыс-бітімімен дараланып, оқырман алдында анық айқындала түседі. Ол

қапылыста қаза табар Ақанның тағдырын ойлап, мына қара көпірдің, қара күштің алдында амалсыз жуасып, бас иді. Жалмұқан соңына ергендер «ертең өкіне білсе де, бүгінін ойлай білмейтін шел көздер тарпа бас салып, өз әнін, өз сәнін, қасқырша таламаққа даяр. Олар қазір өз жүрегі қалаған ғашығы үшін күйген Ақан сері дегенді ұмытқан. Ру, ата намысын лайлаған жау тұр деп қана түсінеді. Бөлтірікше баулыңған жаужүректер қазір қыл арқанды жазықсыз жандардың мойнына бұғалық етіп тастап, қарауыл қотанында әулекіленіп, дырылдата сүйретуі де ықтимал» [33, 136].

Ақтоқты:

«—Ақан аға, кездігінді маған беріңізші, — деді... — Ақан аға, хақ тағала сіз екеумізді қосылуға жазбаған екен. Мен үшін жүдеп, ессіздердің алдында қор болмаңыз. Ақтоқтылар көп, Ақан сері біреу қарауылда. Мен сізге татымайтын сол көп Ақтоқтылардан аса алмаған бір бейбақ екенмін. Сізбен бірге өлу қолымнан келмеді. Бұғалыққа мойын ұсынар көп жасық қыздардың бірі ғанамын. Өмір бойы енді сіздің адал жүрегіңіздің, махаббат періштесінің қарғысы атсын мені. Мен енді сізбен еркін серуен құрар азат Тоқты емеспін, көгендегі басы байлы қара тоқтымын» [33, 136]. Ақтоқты бұл жерде әйел теңсіздігі сияқты шынжыр-бұғаудан құтыла алмай, басқа түскеніне көніп шерменде болғанын көз жасын көлдете мойындап та тұр. Ескі заманда қазақ қыздары мен әйелдерінің бәрі бірдей ескі салтқа мойын ұсына бермейді. Сондай-ақ ескі салт-дәстүрге еш қарсылықсыз мойын ұсынып кете бергендердің қатарына «Абай жолындағы» Тоғжан, Ділдә, т.б. жатқызсақ, эпопеядағы Керімбала, Салтанат, Нұрғанымдар аз да болса бас бостандық, махаббат еркіндігі үшін қарсылық жасайды. Ал, Үмітай мен Салихалар батыл күреске түседі. Өуезов романда әйелдердің әрекетсіздіктен қарсылық, наразылық білдіруге дейін барып және жай наразылықты әрекет, қимылға көшкенін, сөйтіп, бостандық, еркіндік үшін күрестің эволюциялық дамуын көрсеткен. Әйелдердің ертеңгі күні бостандық алатынына оқушының сенімін тудырған. Ақтоқты да Тоғжан мен Ділдә сияқты ескі заңға мойын ұсынған, бағынған көп қазақ қызының бірі. Дәл осы тұста бір айтар жәйт, осынау

Жалмұқан тобының алдында Ақан неге үнсіз? Басынан сөз асырмайтын адуынды Ақан көп шәуілдектің ортасында неге үнсіз қалды? Ақан сынды ақынның болмыс-бітімін даралайтын тартыс осы жерде өзінен-өзі туып тұрған жоқ па? Автор өз геройын бұл жерде лайықты көрсете алмаған. Өнер адамының басынан өткен «кез-келген кездейсоқ биографиялық ұсақ-түйектерді жиып-теріп көрсетудің керегі аз. Бүгінгі күн оқушыларына ақын өмірінің ең бір есте қаларлық, тәрбие берерлік бағалы құбылыстарын, адам баласының прогресшіл тарихы үшін аса маңызды жайларын саралап, талғап суреттеп беру керек»—демеп пе еді М.Әуезов?

Біздің қазіргі біраз жазушыларымыздың творчествосына тән негізгі кемшілік – сюжет құру шеберлігіне байланысты. Соңғы жылдарда жарық көрген бірталай прозалық шығармалардың ішінде жалпылай айтылып, босаң, сылбыр суреттелетін оқиғалар аз емес. Мұнда адам тағдырын терең ашып көрсететін қалың, қою эпизодтардан гөрі шұбатылған, көпсіген көріністер жиі ұшырасады.

Көркем әдебиет шығармаларының өзгеше мақсаты бар. Ол – нақтылы, жанды бейне арқылы адамды, адамның ішкі жан дүниесін суреттеп беруі. Ал сюжет – сол көркем туындының ең негізгі, ең басты элементтерінің бірі. Сондықтан бұл да адамның ішкі жан сезімін, характерін тереңірек ашып көрсетуге көмектесіп отырады. Дәл осы ретте сюжет характердің не өшу, не өсу, не жетілу, не қалыптасу, не құлдырау тарихын құрайды. Кейіпкердің бір-бірімен байланысын, қарым-қатынасын, әр алуан талас-тартысын көрсетеді. Болмаса, азып-тозып бара жатқан адамның психологиялық процесін бейнелейді. Бірақ, сюжеттің өзі әр уақыт геройдың характерінен туады. Кейіпкердің характері қандай болса, оның іс-әрекет, қимылы да сондай болуға тиіс.

Романдағы бір герой мен екінші геройдың арасындағы жекелеген сезім тартысынан бастап, әлеуметтік үлкен конфликтілердің барлығы да осы сюжеттік желінің негізінде көркемдік шешімін таппақ. Ал, шығарма ішіндегі конфликтінің өзі әр алуан болады.

Әлеуметтік үлкен конфликтілерден өзге жеке адамдардың басына байланысты туып, өсіп, өніп, өшіп, құрып жататыны жекелік тартыстар – нағыз көркем туындыға жан бітіретін өзгеше оқшау, жақсы силпат.

Халқы сүйген ардагер ақынның Қыпшақ еліндегі дүбірлі астан мерейі үстем боп, тақымына басқан Құлагердей дүлдүлі бәйгеде озып, жанына ерген серіктері өнер сайысында, білек сайысында үстем бөп дүйім жұртты аузына қаратқанда, Ақанның көксегені Әлібектей өр мінезді, азуы алты қарыс дала көкжалын марапаттап, шашпауын көтеру емес, керісінше, Көкшеден алыстағы ботен елдің арасында әсем әнді насихаттау, сұлу әні, маржан сөзімен туған халқын сусындату. Романның екінші кітабындағы ашық айқасқа шықпаған ақынның серілік, әншілік қызық қуып жүргенімен, бұл кез көп нәрсені байымдап, көп нәрсеге көзінің жеткен кезі. «Сізден сұрар бір ғана тілегім бар: Әлеке, егер маған салсаңыз, «Өлімді жерде молда семіреді» дегендей, ас десе қалмайтын, «ас ішіп, аяқ босатарларды», құран шығарып, аят оқып шарифат айтатын қожа-молдаларды, кісісі үзілгенше шіреніп, арқандай ширатылған дүңгірлеген қуыс кеуде бай-манаптарды ертпесеңіз» [33, 104] – деген Әлібекке арнаған сөздерінен роман кейіпкерінің характері біршама жақсы қырынан көрініп тұр.

Ақтоқтыға әрі окпе, әрі наз аралас жолдаған өлеңмен жазылған Ақан хаты Қыпшақ елінен келе жатқандағы шығарған «Тағырыбың» атты ұзақ өлеңіндей емес.

Нұсқамен олең жаздым, ей, қалқатай,

Көргенде дидарынды көңілім жай.

Алмайсың бір сөзімді ілтипатқа,

Қыз жоқ па әлде сендей әкесі бай...

–деп келеді Ақанның Ақтоқтыға жолдаған хаты. Ал, су Құсайынның аузымен айтылатын Қыпшақ елінен келе жатқандағы ақын толғанысы жарыққа шығып, маңындағы серіктерін де, тіпті жөлбарыс жүректі Әлібекті де жылатқан «Тағырыбында» ақынның өз басындағы жай ғана емес, сөл күңгірт замандағы өзіндей сансыз жастардың басындағы ауыр хал айтылған шығар-ау! Қас қарайып бара жатқан кез, елсіз даладағы көл жағасы... меніреу, тылсым мұңлық тыныштық.

Сол тыныштықты бұзған шерлі ақынның, жүрегін жарып шыққан мұңлық зары...

... Зат біліп, ырық берсең мен де, сендік,  
Көргем жоқ пиғылыңнан қазір кемдік.  
Сізден соң баеқа қызық керск смес,  
Егерде осы жолы ктсе теңдік... [33, 127].

Осынау ұзақ өлснде онер десең өнері бар, мәрттік десең мәрттігі бар, намые десең намысы бар Шөкей, Ожымбай, Сұлтанмұрат, Бәтжан, Аяғандардың зары, мұны тұнып тұрған жоқ па? Дәл осы тұс оқырман жүрегіне жылы тиіп, оның да көкірегіне мұң ұялатып, Ақандай аяулысына деген ілтипат сезімін оятып тұрған жоқ па? Автордың Ақан творчествосы, өнерді жасау процесін берудегі осы тұста сәтті шығып тұр. «Аһа-һей, а-һей... жаңғырып айғай десе, бірге ұрандап, жүйрігін тосқан тоспадан ат көпір боп жиналған қалың жұрттай, делебесі қозған, алға ұмтылып кимелеп, тұлпарын күтіп мойнын созған қазағымдай қалың жыныс қайың, терек, қарағайыңнан айналдым, айхай дала! Айдыныңнан, шалқарыңнан құс жыртыла айрылған сұлу көлдер, әсем өзен, кок белдер, тар қапастан шыққан мұңлы-шерлі ұлынды айықтырар алып батпан, зілдей зұлмат қайғыдан»... [33, 148]. Қызылжардағы дін оқуын тастап, туған еліне асығып келе жатқан балаң жігіттің Сырымбетті көргендегі өлеңмен ақтарылған сезімі бұл. Әуезовтің Абайын есіңізге түсіріңізші. Оқудан келе жатқан он үш жасар шәкірт бала еліне тақағанда коңілі қалай алабұртып, орекпуші еді?! Сағынып жеткен Шыңғыстауы жас шәкіртіне Құнанбайлар тобы болып, аз сыбаға әзірлемеп еді ғой. Сырымбет те солай, тек әсем күйінде ақын жігітке қиялына қозғау салар әдемілік емес, сол далада толып жүрген Батыраш, Нұртазалар болып, әр қырынан корінді ғой. Сырымбет тауы, қалың өскен қарағай іші, домбырасын құшақтаған Ақан... шерлі ән, мұңлы ән дүниеге келе жатыр.... шерлі ән, ия шерлі ән тағы да... бір Ақтоқты емес, мындаған қазақ Ақтоқтыларына шығарған Ақан зары бұл.

«Аулым қонған Сырымбет саласына,



Болдым ғашық ақ сұңқар баласына-ай,  
еркем-ай...  
Аулым қонған Сырымбст жел жағына,  
Артық туған бала едің ел бағына-ай,  
еркем-ай

–дей келіп «Қарындас-ай, енді есен бол» дегенде көз жасып төгіліп-төгіліп кетеді» [33, 149]. Жазушы табысын осы тұста бас геройдың, өнер иесі Ақанның өнерді жасау тұсындағы сәтін, психологиясын сәтті берген – деп тағы да айтқымыз келеді. Өнерін бағалап, бүкірігі болса да Кенжебикеге ақылдылығына ынтазар жүрекпен ынтығып, көңіл қосқан Құдайкүл атасындай Ақан жүрек сезіміне бас иіп, Ұрқияны сүйді. Шіркін-ай, сол тұстағы «ел жақтың түсі қандай суық еді. Анау бұғып жатқан қараңғы тұманның астында қалың қасірет, мың батпан мұң жатыр-ау. Елге лаң, өрге қайғы салған тоңмойын надандар тағы да сол тұманның астында сойыл сілтесіп, тіл безесіп, майдандасып жатыр-ау. Тым құрмаса бір рет ана қара тұманға тау үстінен, биіктен қарайтын күндері болмағаны ма?... Ай, сейілер түрі жоқ, не деген ұсқынсыз тұман еді» [33, 188]. Ақын дұрыс айтады, Ақандарға дегенде Ақандар емес-ау, дүйім еңбекші жұртқа дегенде беймезгіл заманның бұлт-тұманы сейіліп пе? Қара тұман Тастан, Науан бейнесінде келіп, Хадишаны трагедияға ұшыратты, Батыраш, Қотыраш, Нұрмағамбеттер бейнесінде келіп, Ақанды жалғыз серігі, ер қанаты Құлагерінен айырды. Намысқа тырысып, мәселенің мән-байыбына бармаған Жалаңтөс Ожымбай, Шәкей, Байбатыр, Бәтжандар басындағы аянышты хал да сол тұстағы дәуір тынысын, заман ағысын айқын көрсетіп тұр.

Құлагердей жүйрігін қолқалаған Қуандықтың жуаны Батырашқа Ақан қайырған жауап: «...Зорлықшыл, зұлымдықтан басқа ой дарымаған сеидердей қаңылтыр бет карауылда да көп, бар ауылда да көп. Талай көріп, талай кезіккен безерген беттерден безер күнім болса да, құтылар күнім болмағаны ғой...» [33, 231]. Ақан тұлғасын ірілендіріп тұрса, Батыраш сөзі: «Мың жерден айттырылып қойсын, әкесінің аузын ұрып, жұлып әпермейін бе? Кім менің қолымды қағады, кесе көлденең тұрып

жөрсін, қара суын теріс ағызайын!» [33, 231] – сасық көкірек, май шүйде, дала феодалының бар болмыс-бітімін, характерін көз алдыңа әкеп тұр.

Әсем әнімен халқының сусынын қандырып, шабытты шақта отырған сері Ақанның «Балхадиша» әні де ақынның өнерді жасау процесіне автордың қаншалықты мән бергенін көрсетеді. Ұзатылғалы отырған жас қыз Балхадиша, теңіне емес, мал деген күдіретті нәрсенің арқасында сезімі топас, көкірегі сасық біреуше кетіп бара жатқан қыз бала... Соңынан қарауылдай келген қос жеңгесі... Ақын шабыттанып отыр. Бір Балхадиша емес, жүздеген Балхадишаларға деген ақ тілеу ағаның ескерткіші бұл.

«Дегенде Балхадиша, Балхадиша,  
Боларсың біздің сөзге, дүние-ай, зар Хадиша,  
Бұлаңдап асау тайдай жүрген басын,  
Боларсың қандай жанға, құдай-ау, жар Хадиша!» [33, 239].

Асылы, кейіпкер сөзінен оның мінез құлқы, характері аңғарылады дейміз. Жазушы Жүнісов өз кейіпкерлерін сөйлету арқылы олардың тұлғасын тірілте түсуге күш салған. Іштей толғаныс, не басқа біреумен әңгімелесу, шарпысу үстінде, кейіпкерлердің қандай адам екенін, қандай мінезді жан екенін аңғарамыз.

Шын жүйрік қана өзіндей жүйрікті бағалай білер, оны қастерлей білер. Әнші Мұхит, ақын Мұхит, композитор Мұхит! Сегіз қырлы, бір сырлы, халқының аяулысы Мұхит өзгеден сый-сыйпат көріп, мақтау сөз естісе, естіген шығар, ал өзіндей ел еркесі Ақанның оның «Зәуреш» әніне берген бағасы – шын өнерпаздың жас өнер иесін алыстан тануы, оның өнерін бағалап өнерпаздығына бас иіні деп қабылдауымыз керек. Кейіпкер Ақанның сол тұстағы сөзіне назар аударайықшы! Терең мән де, әлеуметтік сезім де, шын өнерді, өнерпаз досын бағалар әділ де ыстық ықылас бар емес пе? Ақын тұлғасы соқталанып, өз сөзі арқылы осы тұста іріленіп тұрған жоқ па?

«–Шымырлаған бұл мұңды ән жалғызынан айрылған ата зары, төтелеп келген ажалға, төтеп бере алмаған, айтпай жеткен

ажалға ара тұра алмаған ана зары, жаңа көзін ашып, жұбанышы болған сәбиінен айрылған, қанатынан қайырылған адам зары. Көк аспанның астында еркін қалқыған қауырсын қанат азат құстай талмай ұшқан пенде – тірлігінде тіршіліктің қасиетін бағаламай, барында бардың қайырын көріп, жоғында жоқтың тауқыметін тартса да, тәубесін ұмытып, асып-тасқан күні астамшылық етіп, өзінен асар болса ұстамшылық етіп, алысып-жұлысып, айтысып-тартысып, бірінің бірі аяғынан шалып, іліге алмаса балағынан тартып келе жатқан тойымсыз жан. Зәуреші өлсе, көзінің жасы көл болып, етегі толып зар жылайды, тірі жүрсе не істер еді? Талай Зәурені әуреге салып, көкпар, тартып, бұтып-шатып жүрген әкелер аз ба? Аз өмірдегі өз құлқыны үшін, қысқа өмірдегі қызыл қызығы үшін қызын қыспаққа салып, көз жасынан мөлдіреген моншақ тағып, әр моншағынан бір малдың басын санап, нәрестенің шапанына ақық, жақұттан тасын қадап, әр тасына ертең айықпас қайғы жамайды. Құлыншақтай ойнақтаған сәби кезінде тұлымшақ, бой жеткенде екі өрім шаш қойса, сол өрім ертең бишік болып перзентінің өзін сабайды. Айналып-толғанып, «қозым, ботам» деп отырып, ана қолымен, ата қолымен сипаған қос тұлымшақты ертең қыл шылбырға айналдырып, біреудің жетегіне байлап береді. Көзі шарасынан шығып, аяғы шалысып, қалтыраған қозысы, мұрның тескен ботасы, амалсыз сөлендеп соңынан ереді... Мұхиттың әні осындай әкелерге, әнелерге деген қарғыс оғы, түсінгенді тебірентер ата қары, адам зары. Ендеше жастығында ойна да күл, біреудің тезегін терсең де теңінді тап, кезексіз мезгілсіз өлімге ерсең де, біреуге басы байлы құл болма, айдауға жүрер күң болма, саудаға түсер пұл болма. Берер бата, тілер тілек ендігі жастан осы болмақ. Атам заманнан бері ең жақынының зары ел ақтаған ақыныңның зары да осы» [33, 178].

Ақын-әнші. Ол өз әнін айтып, өз әнін ғана таратып жүрген арнасы тар деңгейсіз әнші емес. Бүкіл қазақ жұртының жақсы үлгі, жақсы жыры болса, қасына ерткен шәкірттеріне айтқызып, бар өнерді жұртқа жария етуші. Шалқар әнші, ұстаз. Өзі қашан да Біржан әнін айтып, оны өзінен жоғары ұстап, Қарауыл елі мен Керей елін өнер арқылы жақындатуды көздесе, алысқа тойға барып келсе, сонау кіші жүз елін он саусағынан өнер

тамған – күйші ел деп көкке көтере мадақтап, Мұхиттай ақынның жаңа өлеңін өз жеріне алғаш рет қасиетті шашудай шашады. Ақынның ақындық кредосы, мақсаты, әмірлік мүддесі Сағынай асына жүрер кезіндегі қарауыл шонжарларына атыққан сөзінен айқын аңғарылады:

«–Менің достарым – әнімді ертеңгі ұрпағыма жеткізер жұртым. Менің достарым – ешкімге қиянаты жоқ ақын, әншілер. Менің бауырларым – үш жүздің қазағы. Амалы, айласы аз, жаны абзал, көңілі шат қарапайым жұрт. Мен соларға барамын. Тоқсанға келіп саптаяққа сиіп өлген Сағынайды көрден тірілтпекке бармаймын. Көңілімде сайраған құсымды, төрт аяғы дүбірлеген қанатым Құлагерімді апарып, көптің көңілін жадыратамын, солардың қалғыған жүрегін оятамын» [33, 178].

Халқына аяулы екі адам болса, біреуі Ақан шығар, бір адам болса, сол бір адамның өзі Ақан шығар. Үстем тап өкілі, озбыр күш иесі Әлібек, адай елінің балуан жігіті Әліпқали, оқыған жігіт Мәмбетәлі мен оның достары Горбунов, Иваницкий, Чернышева, бүгінде дәурені өте бастаған кәрі сұлтан Шыңғыс та Ақанды өнеріне, ізгі жүректілігіне бола ұнатты ғой. Мейлі, мынды айдаған Нұрмағанбет паң мен Нұртаза, Мұқанәлілер бағаламай-ақ қойсын, халық өкілі Сакқұлақ бидің мына сөзі Сағынай асында мерт болған Құлагер емес, Батыраш, Нұрмағанбеттер екенін, ақын есімінің бүгінгі ұрпақ, ертеңгі ұрпақ зердесінде мәңгі сақталарын айқындап-ақ тұрған жоқ па? «Он ояз, қырық болысына тұратын Ақандай саңлағың келсе, көрінгенің құзғындай санғып, қарғадай шұқысың. Ақан көл еркесі аққуың, көк еркесі сұңқарың емес пе?! Ол қарауыл да, керей де емес, үш жүзіне ортақ ерке серің, қазағыңның атын тамылжыған әнімен аспанға шығарар бұлбұлың емес пе? Оның шартарапқа ұшқан көңіл құсындай, қанатындай Құлагер қазақ милләті бәйгеге қосар дүлдүлің емес пе?» [33, 356]. «Ақан серідегі» Қарауыл елі мен Керей арасындағы шонжарлар бәсекесі, Құлагер өлімі тұсындағы үлкен барымта, күні өтіп бара жатқан Сұлтан Шыңғыс пен Нұртаза, Мейрамдар, Нұрмағанбет пен Батыраш кикілжіндері дәл Бөжей – Құнанбай тартысындай әлеуметтік аренаға көтерілмегенімен Жүнісовтің әйгілі эпосядан алған тәлімі, өнегесі, үйренуі мен елігуі болып

табылады демекпіз. Әуезов романындағы Абай сыйлаған Барлас ақын атақты Біржан салдың ақын ауылына келуі – үлкен бір мереке емес пе еді? Ал, сол Біржанның Ақанға үлкен ұстаз болғаны, екеуінің бірге жүргенінің рас екенін жазады ғалым Е.Ысмайылов [4, 88]. Зейтін Ақышевтың «Жаяу Мұсасында» Жаяу мен Біржан сияқты әйгілі қос өнерпаздың кездесуі тартымды берілген.

Жаяудың Біржандай үлкен өнерпазға басынан өткен бүкіл ауыр хикаясын айтып берген үш күн, үш түннен кейінгі Біржанға:

«–Он жігіт қосып беріңіз – Керейден. Жақыптың шаңырағын ортасына түсірейін» [37, 271] – деуі бас геройдың әлі де замана парқын аңғармай, құр албырттыққа берілгенін дәлелдесе, Біржанның:

«–Өзіңде батырлық пен өжеттік қана емес, ағаттық пен аңғалдық та бар екен ғой. Өзің жалғызсың, озің жаяусың, не келеді қолыңнан? Менің қосып берген он жігітім не бітіреді? Арыстан айға шабамын деп мерт болған. Тілің бар, үнің бар адамсың. Арап пен Күнбөпенің арманда кеткен жар екенін, Андрей Жақыптың зорлығын ұрпақтан-ұрпаққа жеткізетін сөз қалдыр. Адам оледі. Сөз өлмейді. Жақсы сөз халықтың есінен кетпейді, аузынан түспейді» [37, 271] –деуі аға ақынның образын тұлғаландырып тұр.

Арапқа арналған «Сұршақыз» әні Жаудай халық ардақтысының сол тұстағы мыңдаған Араптар мен Күнбөпелер басындағы трагедияға қабырғасы қайсып, өнерімен оларға деген ыстық ықыласын білдіріп, мәңгі олмес ескерткіш – ән шығаруы – кейіпкер тұлғасын соқталандырып тұр. Дәл осы бір тұста ескере кететін жай – Жаяудай іргелі өнер иесінің өнерді жасау процесі, психологиясы, тебіреніс-толғанысы жалаңдау беріліп тұр. Біржандай аға ақынның сөзінен кейін Жаяу тебіренбес пе еді? Өзі ес біліп, етек жапқаннан бері коріп жүрген әділетсіздігі, мехнат-бейнеті, өмірге аяқ басқан әрбір жігіттің басындағы ауыр хал, махаббат деген қасиетті сезімге жүрекпен ұғысу емес, мал деген құдіретті күш өз үстемдігін жүргізіп тұрғаны сол сәт композитордың басына келмеді дейсіз ба? Көз алдына асқақ тұлғалы, өз ісіне мығым, байсалды, жақсы мен жаманды айыра

білетін біртоға Арап, оны жанындай сүйген Күнбөне келіп, ақын жанары ыстық жаспен шыланбады дейсіз бе? «Абай жолындағы» ақын Абайдың Тоғжан, Әйгерімдерге деген ыстық ықыласы, өзін қоршаған ортадағы махаббатқа деген үстемдер қиянаты ерекше толғаныс, тебіреніс, сырлы да сұлу сөзбен берілмеуші ме еді? Әуезов қаламынан туған ақын толғанысында, ақын психологиясына сүйсінбеуші ме едік?

«Көкшетау кейде қарлы, кейде қарсыз,  
Ер жігіт кейде малды, кейде малсыз.  
Дарияның дарға соққан толқынындай  
Көз салған көрінгенге көңіл арсыз» [37, 272].

Әнде де, әннің сөзінде де мін жоқ. Жаяудай жас шебердің бойынан туғаны көрініп-ақ тұр. Әттең Жаяудың осынау ән шығарар тұстағы психологиясының кемшіндеу соғып жатқаны ғана қынжылтады. Жаяу да, Мәди де, Ақан да, ең бірінші, өнер адамы ғой. Ендеше өнер иесінің образын жасау, беймезгіл замандағы психологиялық тебіреніс – толғанысын беру қажет еді. Өнер адамы жайлы шығарма жазушы қаламгерге жүктелер үлкен талап-тілек те осы міндеттен туындайды. Өзіндей өнер адамын қадірлеу, оның есімін халық арасында мадақтап, марапаттап отыру Ақан серінің асыл қасиеті болса, халық өнерін, поэзияны, әнді бағалап, оған Абай құсап жоғары талап-тілек қоя білуі кейіпкер ажарын аша түскендей. Бұндай жәйт Мәди басында да бар. Жүнісов пен Әбішев аталған туындыларында «Абай жолынан» тәлім алғаны көрініп тұр.

«–Ән... шіркін ән... асыл, сенен рахат не бар екен дүниеде, сенен қымбат қандай ғана сәні бар өмірдің? Ей, бауырлар, тыңдасандаршы, тыңдап алып шырқасандаршы» [35, 145]. Бұл Мәди толғанысы.

«–Оны жазған – орыстың Лермонтовы болса, аударған қазақтың Абайы болса, сыры неге саяз болсын?» [35, 145]. Қос алыпты қастерлеген Мәди пікірі – бұл.

«–Ей, сұм заман! Сен жалмамаған менің нем қалды? Ендігі бар күткен бақытым Самалымның құшағы еді, көрерім тағы да сенің қанды бұғауың болғаны ма? Енді қайттім? Самалымды

шынымен-ақ тірі жесір еткенім бе? Ондай перизаттың жас өмірін өксуменен өткізіп, бағын байласам, менің кім болғаным? Жоқ дүниенің бар қасіретін жалғыз тартсам да, өмірден жар қызығын көрмей өтсем де, оның обалына қалмаймын, бағын байламаймын. Маған темір торлы шымылдығын құрып, тас төсегін жайып тұрған қасиеттің қандай екенін жасырмастан айтамын да, ризалығын алып қоштасамын» [35, 140]. Арыстан жүректі Мәди ақын осынау арнау сөзі арқылы тек өз басындағы мұңды ғана айтып торығып тұрған жоқ. Олай түсінсек, Мәдиді білмегеніміз.

«Сізден тілегім, біреуден менің сәлемімді, сәлемімді емес, озімнің арыма берген антымды Текеш мырзаға жеткізіңіз: «орыстардың өгізін ұрлады» деген жаласы үшін өзін ат қып жібермесем, «біреулердің әйелін тауға әкетіп әйел етті» деген жаласы үшін үш әйелін бірдей тірі жесір етпесем, Мәди атым өшсін» [35, 146].

Серігі Иман айтпақшы, «Мәдиде бәрі де бар, бәрі де жеткілікті». ...Басыңызды өлімге не үшін қайта-қайта байлай бересіз? Елден асқан даңқыңыз бар, басыңыздан асқан бақ-дәулетіңіз бар, енді не үшін?». Әлеуметтік күресін алғаш өз намысы үшін бастаған. Оқырман алдында батырда, батыл, ел үшін еңіреген ақын, халқы үшін қолқасын да суырып берер өжет жан бейнесі осылай тұлғалана түскен.

Суреткер Әузовтың ұлылығы сонда – алпыс жылға жуық өмір сүрген Абайды бала шағынан өле-өлгенінше бастан кешкен қилы-қилы жағдайда, ортада, қақтығыста алып көрсетіп, оның адамгершілік характерінің, әлеуметтік көзқарасының, ақындық талантының қалай дамып, қалай қалыптасқанын дәлелдеп, Абайды типтік бейнеге көтеруінде. Бүкіл өмірінде Абай алуан қақтығыс-күрес, тартысты басынан кешті. Сөйтіп, ұлы ақын өз тұлғасын осылай даралады. Романист Жүнісов те өз кейіпкерін осындай тартыс, әлеуметтік теңсіздік – әділетсіздікке қарсы күрестерге сала білген. Дін – үстем тап өкілдерінің еңбекші халықты шырмап ұстар құралы деп келдік қой. Ақан сол дін иелеріне қарсы өз даусын көтеруі серінің халқым деп соғар жүрегі, елім деп езілер жаны бар екендігінің дәлелі. Науан

хазіретке Ақан аузынан айтылар уытты өткір сөз кейіпкер бейнесінің жаңа қырын танытады.

Абайдай ұлы өнерпаз Құнанбай, Тәкежан, Жиренше, Оразбай сияқты озбыр, айлакер би-болыстармен батыл шайқасқа түсіп, адал қарапайым жандарға қорғаныш болуға ұмтылып, өз тұлғасын асқақтатып қалай биік көрінеді десеңізші! Әуезов өз геройын әрбір ситуация, оқиға, тартыс сайын, эпопея оқиғасы дамыған сайын өсу үстінде көрсете отырып, асқақ шыңға шығарып, өзгеге өнеге қыла біледі ғой. Жүнісов те өз геройын әр оқиға сайын өсіріп, әр қырынан көрсете білуге ұмтылып, оның патша мұрагері, августейший атаман Николай Алексеевич алдында бүкіл қазақ халқы атынан халық мұңын, ел тілегін айтуы – жазушының ғана тамаша шеберлігі емес, роман қаһарманы Ақан күресінің, Ақан тартысының ең шырқау биігі, ең шырқау шыңы. Ылғи шең-шекпен киген ел жуандары мен патша ұлықтары қоршаған мұрагер... Өріп жүрген әкімдер... Осындай тұста патша ұлына қарсы сөз сөйлеу үшін қандай жүрек, қандай батылдық керек десеңізші! Тек жүректілік қана емес, елім деп, халқым деп соғар ұлы жүрек керек қой ақын кеудесіне.

Ақан осынау қатерлі іске неліктен барды? Автор өз геройын үнемі даму үстінде көрсетіп, ақыры осынау үлкен күреске қосып тұр. Және нақты дәлелдеме, психологиялық мотивировка арқылы. Халқының көзіндегі жасты, көкірегіндегі мұңды сезімтал ақын жан жүрегімен көре біледі. Хадиша, Ақтоқтылар трагедиясы, серінің өз басына түскен Сырымбет саласы, Қаратал қойнауы мен Ереймен тауларындағы үш ауыр тағдыр соққысы, жылқысы барымталған керей жуандарының момын елден жалғыз қарасын сыпырып алғандағы халық көзіндегі шерлі жас, Нұртаза, Науан, Нұрмағамбет ояздардың қалың бұқараға жасап отырған әділетсіздігі, үстемдік-қанауы – осының бәрі-бәрі Ақанды үлкен күреске шығарды. Осынау оқиғалар әділетсіздік атаулыға қарсы күрескен Ақан бейнесін тұлағаландырып қана тұрған жоқ, сонымен қатар сол замандағы дәуір тынысын, заман лебін бар болмыс-бітімімен көрсетіп тұр десек – артық айтпағанымыз. Беу, дүние-ай десеңізші! Кешегі серілік құрып, халқына ардақты боп, елінің айызын сұлу әнімен қандыратын



тамаша күндер қайда? Серісін ортаға алып, жүздері бал-бұл жанған думанды серіктері қайда? Қиыла, ұяла қараған бойжеткендер, әнін естігенде түн ұйқысын қиып таң атқанын білмей қалатын қалың бұқара, еңбекші халқы қайда? Оралмасқа кеткені ме, шынымен? Ақан осылай мұңайып, осылай толғанды ғой, әрине, дау жоқ. Нұртазаның зымияндығына алданған көзсіз ер жігіттердің ісін кумақ болып, Ақмолаға барғанында Жайынбек үйіндегі Советник Тұрлыбек Күшенұлына ақын ашынған жүрекпен соқтыққанда дүниедегі әділеттік атаулының жоқтығына қынжылып, бар болмысымен қиналып, ашына сөйледі ғой. Сол үйдегі отырған қауым алдына күрес құралы – ақындық өнерімен Күлнәзиядай қаріп жанның трагедиясын, «Үстері алым-ұлым, он екі мүшесінде сау тамтық жоқ, дала бересіне де, ауыл төбеттеріне де таланған мүсәпірлер жайын айта келіп, олардың Тұрлыбекті іздеп жүргенін, оқыған ұлымыз деп оларға үміт артып жүргенін, ертеңгі ұрпақтың алдында осы Тұрлыбек, Жайынбектердің жауапты екенін қалай ғана тамылжытып айтып берді десеңізші!

«Сенген қойым сен болсаң, күйсегеніңе болайын» деген екен ертеде біреу. Сондай-ақ ертеңгі жас ұрпақ алдында, бүкіл қазақ жұрты алдында терең жауапкершілікті түсінбек түгіл, «керей, керей» деп керей ел ауқымынан шыға алмай қалған өресі тар, зымиян Күшенұлы, күні үшін күштілердің артын жалауға дайын Жайынбектер тұлғасын серінің мына өлеңі-ақ ғаламат өткірлігімен беріп тұрған жоқ па?

«Көкқұтан мойнын созып қаз болмайды,  
Шөл-кұмайт көк шалғынды саз болмайды.  
Жамандар жауда жәрдем бермек түгіл,  
Тар жерде басын бақса аз болмайды.

Ер пайдасы тиеді сасқан жерде,  
Ел жаңылып, етегін басқан жерде.  
Жаманға жазатайым ісің түссе,  
Жабысып қалады екен аспан жерге.  
Тар жерде қолдың ұшын бергенді айтшы,  
Екінің бірі мырза тасқан жерде» [33, 159].

Абайдың дүниеге көзін ашқан Михайлов, Павлов, Долгополовтар болса, Ақанның дүниеге аз да болса көзін ашып, көп нәрсені үйреткен Новиков дейтін фельдшер, саяси көзқарасы үшін оқу орнынан қуылған Мәмбетәлілер, Әділетсіздік деген тек қазақты ғана емес, Ресей жұртын да жайлап тұрғанын ақын осылардан естіді. Россияның екеу екенін, бірі үстемдер Россиясы, бірі – еңбекші жұрт Россиясы екенін ақын осылардан болды. Сондықтан да көп нәрсеге қаныққан ақын Цесаревич алдында халық мұңын айтудан тартынған жоқ. Ал сол патша баласының қазақтай халқына деген ой-пікірін білген соң Ақанға бәрі бір еді. Кең даласында армансыз сөйіл құрып, серілікпен күн өткізіп жүрген ақын жүрегінде сондай нық болмаса да, бұрын аптша тұяғына деген болмашы үміті бар еді ғой. Горбуновтың:

«—Патша бұл сұмдықтарды білмейді деп ойлайсыз ба?» – деген сұрағына:

«—Шет жағасын білетін шығар. Бірақ түгелдей білсе, өз иелігіндегі елді осынша қан қақсатудан оған түсер пайда қанша?» – деп еді ғой. Ал, сол болмашы үміті үзілген соң Ақан ашынды. Сол ашумен ызалы ақын Шыңғыс алдына шақырылғанда да тілін артпай, отты тілімен қазақтың «сасық төкелерін» аямай сынап өтуі заңды да.

«—Халқымыздың тағдырын, күйін айтуға да шен мен шекпен керек пе? Халқың деп соғар жүрегің болмаса, саусылдаған темір шеннен не қайыр. Ал, елімізді, жұртымызды ойласақ, ол хақында патшаға бәріміз жамырамай, біреуміз ғана айтқанда тұрған не ағаттық бар?» [33, 284].

«—Қазақ елі, қазақ жұрты шынында, не корді? Жан-жағынан андыздаған Моңғолдың, Жоңғардың қан сасытқан шапқыншылығын кешегі хандардың, торе-сұлтандардың, бүгінгі ояз, болыстардың қиянат-қысастығын, озбыр-зомбылығын көрді. Одан басқа не жақсылық коріпті. Мен осыны айттым. Патша баласының «көргенсіз» дегені осы емес пе?! Ал, «тәрбиесіз» десе, ол да рас! Қазақ халқы не тәрбие, нендей жылы алақан коріп отыр? Алым-салық, айып-айбана төлеп, шұрайлы көлін, шүйгінді шобін, құнарлы жерін бергеннен

басқа, не қарымта қайтарып, алмақтан не салмақ көріп отыр. Сендер алған сылдырмақ шен, жылтыраған шекпен бе? Ертең шынжырын тағып жетелер, алыс қанға айтақтап басқа-көзге төпелер қарғыбау ма? Одан басқа не тәлім, орыс жұртының не тәрбиесін алып отырсыңдар? Тым құрмаса, ел билеген болыстар, көбінің қара танитын білімдерің, қол қоятын сауатың, орыс ұлығымен тілмашсыз сөйлесетін тілің бар ма? Сендер басқарған ел не тәрбие көріп қарық болмақ. Мен осыны айттым. Патша балсының «тәрбиесіз» дегені де осы. Мен, өзім білетін, көзі ашық қазақ білетін, бар қасіретті, бар тауқыметті жаздым. Қазақ та орыс елімен қоян-қолтық қосылып ел болып, тәрбие, шарапат көрсін деп, ел арызын патша сарайына ала бареын деп жаздым. Бірақ оны Мұрагер құп алмады. Неге құп алсын – қазақтың зердесіне білім құйып, тіліне нәр беріп, терезесі тең сөйлегеннен гөрі, отарлы қойдай айдап, оны ойсыз мақұлдаған, тілсіз бақылдаған мыйғұла текелерге басқартып қойса, жеуіне де оңай емес пе?!»

«—Ендеше, Шыңаға, бірінші әміріңізді орындай алмаймын: егер қате десеңіз, халықтың көргенсіздігі мен тәрбиесіздігін бетіне басқан мұрагердің өзі кешіріп өтінсін жұрт алдында».

«—Екінші әміріңізге құлдық, Шыңаға! Былай да ертең мұрагермен табақтас болуға бар ұлық итше таласып, өз-өздерің жақ-жақ боп жаға жыртысып жатқанда, менің қыстырылып бірге жүргенім тіпті ерсі. Жарайды, ешқайда бармаймын. Әттең, патша баласын бір көріп, табағынан бір асаған ет қанша азық болады сендерге? Енді көрмегенім Алексейдің баласы Николай болсын. Тілсіз маңырап, мұрнынан суы ағып бырс-бырс түшкіргеннен басқаны білмейтін, сақалдары шошандаған сасық текелермен отыратын патша баласы да табақтасқа жарыған екен!»

«—Аузың жетсе, тілің жетсе, айт, айта бер – ертең ол патша болса, сендер де сасық текелер, жариды екенсіңдер жақсы қойшыға» [33, 287].

Романда Құлагер қазасына байланысты Саққұлақ бидің айтқанымен Мәмбетәлі пікірінің өте ұқсас шығуы – Құлагер жырын бүгінгі ұрпаққа жеткізер жаңа буын қалыптасқанын дәлелдейтін ұтымды штрихтар. Сондай-ақ соңғы уақыттарда

саяси тұтқындардың аузынан шығатын сөз бен Ақан сөзінің ұқсас шығуы да – автордың әр оқиға сайын өз геройын өсіріп, жаңа қырынан көрсетудегі ұтымды тәсілі.

«–Е, оны өлтіргеннен тағы бір Ковзолов, тағы бір зұлым бас көтермей ме?.. Біреуінің басын құртқанмен жылан ордасы, бұзылмайды ғой!..» [33, 242].

«Абай жолындағы» Абай басына ел жуандарынан жасалған қастандықты Нұртаза тобы серіге де жасады.

«–Әй, Ақан! – деп, кесекөлденендей тұрған адам зірк еткенде барып, бұлардың кім екенін білді. – Қазір жоқтауынды асырып, мына тоғайдағы оппа қарға тығып кетсем, өлігінді кім табар екен. Өлімтігінді қасқыр жеп, сүйегінді құрт тескенде барып табар тапса. Бірақ, бір жолға тірі жіберем. Соңғы рет ескертемін, менің маңымнан жүріп, алдымнан шығуынның алды-арты осы болсын. Менің қолым да, құрығым да ұзын, билігім де зор. Мына елді кордің ғой. Қыңқ етсе түтіп жейді. Қыңсылаған дыбысынды ешкім естімейді. Кор, көріп ал да, ойлан!».

Ақан отты тілін өзін түтіп жеуге әзір тұрған оңкей жуаншүйдә Нұртаза тобының алдында да тартпағаны кейіпкер бейнесін биіктетіп тұр.

«–Көрдім, көрдім, Нұртаза!.. Бірақ ел коргем жоқ. Өңкей ел итінің күшіктерін көріп тұрмын» [33, 201].

Нұртаза тобының сері денесіне қамшы тигізіп, оңаша жерде сабауы – беймезгіл замандағы үстем тап өкілдерінің халық ардақтысы – онер иесіне деген жеккөрініш, қара түнек ниетінің жиынтық бейнесі. Автор осы сәтті терең түсініп, шебер бере білген.

Жалпы, Сәкен Жүнісов романның бірінші кітабында ел аяулысының серілік, аңшылық, саят онерін көрсетуге баса назар аударған да, екінші кітапта геройын қат-қабат тартыс, күрес ортасында көбірек көрсеткен.

Ақан жаны сұлу, мөп-мөлдір ізгіліктің, адамгершіліктің адамы дедік қой. Мөңкеге айтатын: «Ұрлық еткен басқаны зақымдайды: ұрлық түбі қорлық деген. Өз басым мал ұрлаған ұят, қыз ұрлаған мұрат деп санаймын» –деуі оның үлкен адамгершілікті қадірлейтінін сипаттаса, кедей Әлтайды

Қуандық руынан болғандықтан даттаған Ғазизді жұрт алдында ұялтып, ұрысуы – үлкен де кіршіксіз таза жүректі өнерпаз екенін дәлелдеп тұр.

Патша мұрагерінің алдында сөйлеген сөзі – Ақан күресінің ең шырқау шыңы десек, елді сорып, өлшеусіз қиянат жасап отырған Нұртазаға қарсы күресі – қалың елді соңынан ертіп, Нұртазадан кек алмақ болып ұсталуы – романның үлкен жетістігі. Ақанның Цесаревич алдындағы күресіндей болмаса да ірі күрескерлік рухын танытып тұр. Абай да оязға өшігіп, қалың бұқара жұртты соңына ертіп, ояз үйін сойыл астына алып, Базаралыны босатып алуы бар еді ғой. Серінің қалың жұрт алдында халықты Нұртаза сияқтыларға қарсы бастап, сөз сөйлеуі өте ұтымды шебер шыққан.

«Қашанғы бұға бересіңдер? Бұрынғысын айтпағанда күні кеше керей мен атығай, қарауыл арасына от тастап екі елді араздастырып, жауластырып қойған Нұртаза емес пе?! Керейдің қыруар малын айдатып алып, ақыры бәріне төлетіп, айып-айбана салған Нұртаза емес пе? Әй, мына жақта Қантай ауылының Есенбайлары отырсындар. Кеше қыс ішінде тыр жалаңаш дірдектетіп жігіттеріңе дүре салып, соғымдарыңа дейін тартып әкеткен, Қанабайдың стражниктері мен Нұртзаның ауылнай, поштабайлары емес пе?! Егер бұлай басындыра берсеңдер, ертең талайыңның көзіңнен қанды жас ағады» [37, 217] – деуі ақынның тек халқының рухани, эстетикалық мәдениетін көтеру ғана емес, күрескерлік, әділетсіздікке қарсы шабар жаужүрек ұл екенін дәлелдеп тұр. Автор өз кейіпкерінің бейнесін жана қырынан аша келіп, ақын сөзімен қалың жұрттың Нұртазадан кек алмақ болып жүгіруін, ақсақ оязға дейін таптап кеткенін, стражниктер мылтық атқанда серпілген жұртты серінің мысқылды өлеңімен көтеріп, дем беркін суреттеу арқылы ақын қашанда халқының көзі, құлағы, ол қашан да халқымен бірге деген ойды айтпақ болған.

Ақандай ел еркесінің үстем тап өкілдеріне отты тілін қару етіп, генерал Лосевскиймен көл жағалап жүргенде патша урядниктерін ителгіге, болыстарды көл үстінен күн көрер тұйғынға, билерді тышқаншылаған күйкентайға, ояз, генералдың өзін былалып құладыңға, ал ақ патшаның екі басы

бар, бүкіл құстың, аң атаулының көз жасынан жиналған нәсермен ойнайтын жыртқыш – Самұрық құсқа теңеуі – бас геройдың тұлғасын күрес үстінде даралап тұр.

Асылы, тарихи адамдар жайлы жазылған туындыларды сөз қылғанда сол тарихи адам өмірде қандай, әдебиетте қандай боп шыққан, көркем шындық тарихи дәлдіктен ауытқымаған ба? – деген проблемаларға баса назар аудару орынды нәрсе. Және осы романдарды сөз ете отырып, дәстүр мен жаңашылдық проблемасын да естен шығармаған жөн. Прозаик Жүнісов өмірдегі Ақанның жүрген жолын, өмір сүрген ортасын ол туралы материал тапшы болса да, ерінбей ізденіп, қыруар нақты материал тауып, өмірдегі Ақанның әдебиеттегі Ақандай тамаша образын жасап шығарды. Тарихи дәлдіктен ауытқымай, әрбір оқиға, Ақан басындағы жәйтті өз мақсатына – серінің күрескерлік рухын танытуға жұмсаған. Бұл тұста да Әуезовтің игі әсерін айтқан абзал. Ғалым Нұрғалиевтің пікірінше: күні бүгінге дейін Тобықты шалдары Қодар – Қамқа арасындағы сұмдықты рас еді дейді екен. Сол шындықты Әуезов өз мақсатына шебер пайдаланғаны бәрімізге аян ғой.

Сәкен Жүнісов өз романы арқылы кемелденген қазақ прозасындағы роман жанрында бұрыннан бар дәстүрді жете пайдаланып, бүгінгі таңда кешегі тарихқа жаңа көзқарас, позиция қалыптасып отырғанда, Ақан сері образын типтік дәрежеге үлкен эпикалық кеңдікпен, шеберлікпен жеткізе білген. Роман құндылығы сонда – автор кешегі беймезгіл замандағы өнер адамының өмірін, оның күресін, тағдыр талайын бүгінгі ұрпақ өкілдеріне өнеге еткен. Бір ақынның басындағы алуан жайды баяндаумен бірге, дәуір тынымын, замана кереғарлығын шебер суреттеген.

Ә.Әбішевтің «Найзағай» романындағы Мәди – «жазушы суреттеуінде өз заманының ері, батыры, халық қамқоры. Өзінің творчестволық еңбегімен ол туған елінің рухын көтеруді ойласа, күнделікті тіршілік үшін күресте де ол халық қасында көрінеді. Әбілжаппар өз геройын осындай екі жақта ұнамды бейнеде алады».

Автор өз геройын Әуезов сияқты Абайды он үш жасынан бастап суреттегеніндей емес, өзін қоршаған ортаға деген

наразылық көзқарасы қалыптасқан кезінен бастап суреттейді. Автор Мәди сияқты ел ақыны қашан да болсын халқымен бірге, оның қуанышы – халқы қуанса ғана, оның реніші – халық басына түскен ауыртпалықты, халық қайғысын өз қайғым деп қабылдауында деген тенденцияны білдірмек болған. Қазақтай елінің үлкені-кішісі, дені сауы мен кемтары ақынға бірдей. Ол бәрін де сүйеді, сол кем-кетік, кедей-кепшік үшін ол жанын үзіп беруге әзір.

Шомбал ауылына жанындағы серіктерімен келе жатқанда өзі сәлем берген мылқау жылқышының кемтарлығына ақынның қинала тебіренуінен автор осы өз позициясын айқындап тұр.

«–Мәди Иманның бұл сұрауына жауап берген жоқ, өзі құдайынан жауап күтті. Козін қадап алып сөйлеп тұр:

–Ей, барша әлемнің иесі, тәңірім! Бір сұрауға жауап берші! Қасіреттен басқаның бәріне зар қылғандай мынау адамның жазығы не? Құдіреті күшті құдайым, именерім жоқ қой, осы сұрауға жалтармай жауап берші. Сен онан екі елі тілді алып едің, ол өмірден алар сыбағасының бәріне зар болды. Ол өмір бойы сөйлеуге зар. Ол жар құшып, перзент сүюге зар. Ол адам баласының жылы лебізі мен жалынды лебізіне зар. Ол соның бәрін жұдырықтай жүрегімен ғана тындайды, сол арқылы ғана сырласады. Жұдырықтай жалғыз жүрек қайсысына жетсін, қай қасіретінді жеңсін...» [35, 97].

Мәди сол өзі өмір сүрген заманды жаратқан құдайға наразы. Ол сол қоғамға, сол заманның мықтыларына, үстемдеріне өш. Мәди Ақан сері сиқты сұлу әнімен халқын биік мәдениетке үндеуден гөрі, сол заманның шүйделілерінен білек күшімен, жалғыз жортып кек алғанды ұнататын жан. Бұған Шомбал ауылындағы, Текеш қажынікіндегі, Түнекбай жылқысын шауып алардағы әрекеті дәлел.

Ақан сері барымта, ұрлық жасауды абыройлы іс емес деп бағаласа, Мәди ондай істі дұрыс деп түсінеді. Мәди жеке басының қамы үшін осынау қатерлі іске барып жүрген жоқ қой.

Мәди ешкімнің алдында бас имейтін, ерлікті, мәрттікті мақсат тұтқан жан. Түнекбай қызы Келбетті кездестірген тұста дүниедегі ең күшті зат – махаббат деп білетін ақын қыздың ұтымды сөзіне риза боп, жомарт жүрегімен үлкен мерттік

жасайды. Жуандардың малына қырғидай тиіп, аш-жалаңаш елге таратып беріп жүрген Мәди халқына қадірлі болса, ел жуандарына қорқынышты әзірейілдей, ойда жоқта көктен сорғалап түсер найзағайдай көрінеді.

Өткен дәуірдегі өнер иелерінің әділетсіздікке қарсы тартысы – біздің революцияға дейінгі күресіміздің тарихына жаңа сәуле шашады дедік. Өзі өмір сүрген ортасымен халқы сүйер өнерпаздың күрес-тартыста болмауы мүмкін емес. «Жаяу Мұсада» да тартыс бар. Ең үлкен тартыс – Жаяу Мұстафа тартысы. Ауылымның маңынан әндетіп өтгің, қайырылып сәлем бермедің деген сылтаумен соқтыққан Мұстафа қылығы – сәлемді аңсағандықтан емес, күннен күнге ел арасында қадірлі боп бара жатқан Мұсаның беделінен қорқуы. «Найзағайда» генерал-губернатор Мәди әрекетіне ұлт намысын қорғайтын әрекетке ұласып кетпесе деген қауіппен қараса, Мұстафа дәл ондай ойда болған жоқ шығар, бірақ қатыгез болыс осынау ширақ жігіттің беделінен, өткір тілінен қаймығып, оны күшпен басып коюды ойлап, болыс книгесінен атын өшіріп, Жаяу атандырғанда, ертең-ақ отты, ақын жігіттің өзін бүкіл елге масқаралап «Ақ сиса» әнінің шығарын білмеді ғой.

«–Өлеңім мен әнім үшін ешкімнің алдына жығылып, аяғына бас ие алман. Үстімнен аспанды түсіріп жібермессің. Сен құдай емессің!» [37, 182]. Осынау өткір сөзді айтушы Мұса образы осы тұста айрықша дараланып тұр. Бір ғана Мұстафа емес, елдегі бүкіл жыртқыш атаулыға жеген жиіркеніш-назасы Жаяудың Омбы газетіне жариялатқан мақаласынан көрінеді.

Аға сұлтан Мұсаға, оның озбыр інісі Мұстафа болысқа атқан оқтан кем тимеген оқиға Жаяудың Мұстафа болыстан зәбір көріп, елден кетіп бара жатқандағы Араптарға айтқан сөзі:

«–Бірі тоғыз болыс дуанның аға сұлтаны, бірі Ақкеліннің болысы. Төрт болыс ел Айдабол-Қаржастың боқтығына тоймай, Сырым мен Қозғаннан, Ақбура – Тұлпардан өлексе жинап жеуге айналған екен ғой... Осы малдың әрқайсысының тұяғы мен құлағында қорегінен айрылып, зарлап қалған сорлының көзінің жасы, табан ақы, маңдай тері келе жатқандай көрінеді маған. Не болар екен дүние бара-бара?» [37, 193].



Орман ауылының басындағы трагедия – қыс ішінде жалаң аяқ, жалаң бас, үлкенді-кішілі болып Далбаға қарай үдере көшуі – «Ақан серідегі» бас геройдың қыстағынан айрылып, басқа жаққа көшуімен ұқсас оқиға. Нұрғазалардың Ақан қыстағын орыс переселендерге беруі серіге жасалған қысастық болса, Орман ауылына жасалған қиянат-озбыр әкімдердің қысастық сипатын танытып тұр. Ақан сері Жалмұқан тобы алдында неге үнсіз қалды? Осынау жердегі сері тұлғасын айқындар күрес өзінен-өзі туындап тұрған жоқ па? – дегенбіз жоғарыда. Мұса да өзіне қиянат жасап, болыс алдында неге үнсіз қалды? От тілді, орақ ауызды ақын жігіттің тілін аямай безеп, өткір сөздерімен озбыр болысты түйрейтін жері осы тұс емес пе?

Сондай-ақ Қараөткел тойына аға сұлтан қолқалап алып барып, «ән сал» дегенде Жаяудың айтқаны мынау:

«Қышпақтың нокталы балуанын жығып, сирағын сындырған Мұстафаға түйе бастатқан тоғыз бен үш тай-тұяқтан бір суыртпақ тиген жоқ. Мен шапан жамылмай-ақ қояйын, иығымнан түсіп қалар» [37, 270].

Сондай-ақ аға сұлтанның: «Бөтен елде қаңғырып не табасың? Ауырсаң, сырқасаң, қия басып жазатайым болсаң сүйенетінің де, сүйкелерің де жоқ. Кісі елінде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол деген. Өкпелесең Мұстафаға өкпеледің. Маған өкпең бар ма?» – дегенде Жаяудың: «Жоқ, қайта алмаймын елге. Қалды көңілім Аккелін мен Акбеттаудың болыс-билеріне» – деуі күрескерлік рухты танытқаннан гөрі, үлкенге ренжіген жас баланың өкпесіндегі шығып тұрған жоқ па? Дәл осы жерде, шаршы топ ішінде аға сұлтанның сұрқиялығын, елге жасаған әділетсіздігін, өзі көрінбей, өзгені жаманатты қылатын зымияндығын бетіне басудың оңтайы өзінен-өзі келіп тұрған жоқ па?

Жаяу Мұса – өнер адамы. Өнерпаз болғандықтан бас кейіпкердің образына айрықша үніліп, өнерді жасау процесі, толғаныс-тебіреніс, психологиясына баса назар аударамыз ғой. Осындай сыннан мүлтіксіз өтіп, ұтымды көрініспен шыққан тұс – «Ақ сиса» әнінің шығу процесі әділетсіздікке, өктемдікке, өзін қоршаған ортаға деген наразылық түгелдей дерлік осы олеңде өз тоғысуын тауып жатыр.

Өнер адамының беймезгіл заманда өзі өмір сүрген ортамен күрес-тартыста болуы – табиғи нәрсе. Жаяу Мұсаның образын ашуда автор тарихи шындықтан ауытқымай, өз геройын Петербургте, Тобылда, Әулисатада, Омбыда, тіпті Польшада да болғызды ғой. Демократ Шоқанмен сырлас болуы, Петрашевшылдардың кім екенін білуі, Шәміл көтерілісінен хабардар болуы, иатша өкіметінің отарлық соғысына өзі қатысуы – осының бәрі бас геройды эволюциялық жағынан өсіретін, күреске, күресуге негіз болып тұрған маңызды факторлар емес пе? Міне, мәселеге осы тұстан келсек, бас геройдың күресі тұрғысынан жоғарыдағы талдауымыз – қаһарман тұлғасының сәл кемшіндеу соғып жатқанын, іріленуі жетісіңкіремей тұрғанын дәлелдейді.

Нақты тарихи фактілерге құрылған Әшімбек Бектасовтың «Мәди» атты кітабына үңілсек, Мәдидің бүкіл өмірінде оны күреске шығарған тартыс – Мәди-Қақабай тартысы. Қақабай – Мәдидің ағасы. «Абай жолында» Абайды Абай етіп, ірілендіріп тұрған тартыс Абай – Құнанбай тартысы еді ғой. Профессор З. Қабдоловтың пікірінше, Құнанбай образы өз дәуірінде ғана емес, тіпті бүгін де біз үшін үлкен «тәрбиеші» емес пе? Ендеше, Әбішев Қақабайды үлкен тип дәрежесіне көтеруі қажет-ақ еді. Өмірдегі Мәди өз ғұмырында қазақ ауқаттыларымен ғана емес, орыстың үстем тап өкілдерімен де өш болғаны мәлім. Бектасов кітабында осындау азулы жыртқыш ретінде көрінетін Сербин дейтін орыстың байы бар. Осы тарихи фактілерге сүйене отырып, Әбішев пен Сербин бейнесі арқылы патшалық Россияның жергілікті әкімдерінен қазақ жұртының қиянат көруі, патша үкіметінің отарлық елдердегі ел билеу саясатын көрсетсе болмас па еді?!

Әбішевтің басты кемшілігі сол – романда Мәдиді ерекше тұлғаландыра жағымсыз кейіпкерлердің асқақ тұлғасы болмауы. Сондай-ақ автор «Найзағайдан» соң Мәди өмірінің ұлт-азаттық көтерілісі қарсаңындағы өмірін көрсетуге арналған «Жаралы сұңқар» атты повесін жариялады. Осы екі кітапта да жазушы Мәдидей өнер адамының іс-әрекетіне, жауларынан кек алуға деген істерін көрсетеді де, оның әншілік, ақындық өнеріне жеткілікті көңіл бөлмеген.

Қарақаралы төңірегінде тұратын көне көз қарттардың пікірінше, Мәди үлкен айтыс ақыны да болған. Сондай айтыстардың бірі – Мәди-Дия қажы, Мәди-Әбіш айтыстары, Дия қажы «Жаралы сұңқарда» Зия деген атпен берілген. Әрине, Мәдидің Қаракесек руының бір тармағы Керней мен Сырым елінен шыққан осы екі ақынмен айтысы үлкен әлеуметтік дәрежеге жеткен деп айта алмаймыз. Бірақ осынау фактілерді автор өз мақсатына пайдаланып, бас геройдың творчестволық жолын, өнер жасау процесін көрсетуге алмас па?

Сәкен Жүнісов өз романында қазақ прозасындағы роман жанрында бұрыннан бар Әуезов дәстүрін жете пайдаланып, Ақан образын тарихи шындық шеңберінде ала отырып, үлкен кендікпен, эпикалық суреттеумен бас геройды типтік бейнеге жеткізе алды. Осы бейне арқылы прозаик Жүнісов дәуір, замана тынысын ұтымды берген. Тарихтан белгілі, Ақан 70 жасқа дейін өмір сүрді, дүниедегі әділетсіздіктен опық жеп, күрестен қажыды да, өмірінің соңғы жылдарын Қоскөл жағасындағы иесіз қыстақта өткізді. Автор Ақан өмірінің ең басты бөлігін, ең маңыздысын, оның күресін, тартысын, өнердегі творчестволық жолын осы екі кітапта беріп үлгерген. Өнер адамдарына байланысты жазылған көркем туындылардың ішінде С.Жүнісов романы ең тәуір туынды.

Қазақтың тарихи романдарындағы жаңашылдық проблемасына келсек, «Ақан сері» романының екі кітабы талқыланған басқосуда жазушы Досжанов айтқан пікірі өте орынды [60]. Ақан-Салуа байланысы – ерекше құбылыс. Ақандай өнер адамын бұл құбылыс ерекше даралап тұр. Бас геройдың күресі, өзі өмір сүрген ортаның атмосферасы қаһарман мен қоғамның кереғар, қайшылық күрес тартысы, замана заңдылығы, дәуір тынысы проблемаларын сөз еткенде, жазушы Ә.Әлімжановтың «Махамбеттің жебесі», Д.Әбілевтің «Ақын арманы» романдарын да өз дәрежесінде жетістігі бар туындылар дей аламыз. Аталмыш авторлар өз геройларын сол дәуірдің күрес-қайшылығы үстінде көрсетіп, даралауға, типтік бейнеге жеткізуге күш салған. Қаһарманның іс-әрекеті, күресі, сол тұстағы ел тұрмысының реалистік бейнесі, әдеби шындық пен тарихи шындық тұрғысынан алып қарағанда, бұл романдар

кемелденген қазақ прозасына қосылған өзіндік орны бар туындылар.

Бүгінгі қазақ әдебиетінің жеткен жетістігіне әр адам байыпты оймен көз жіберсе, бұл жағынан мол көлем мөлшерімен бірге сан алуан сапалық сипаттарды көреді. Біздің төл әдебиетіміз қазір бұрынғы фольклорлық қалыптан шықты, көп салалы, көп жанрлы профессионал әдебиетке айналды. Қаламгер санының өсуі, тақырып, образдар, тіл байлығы, т.б. бірге өскелең әдебиеттің даму дәрежесіне дәлел болып табылатының бірі: жанр және стиль. Бұдан қырық шақты жыл бұрын тарихи роман тұмақ түгілі, оны сөз студің өзі де әдебиетімізде тарихи роман жанры қалыптаспағандықтан мүмкін емес еді. Тек М.Әуезов қана ұлы Абай өмірінен тарихи туынды жазып, тарихи роман жанрының керемет көркем үлгісін салып беріп кетті.

Соңғы жылдар прозасындағы өнер адамдарының өмірінен жазылған романдардың ішінде С.Жүнісовтің «Ақан сері» дилогиясын, Ә. Әбішевтің «Найзағай» романы және З. Ақышевтың «Жаяу Мұса» романдарын тарихи роман жанрына жатқызамыз. Алып отырған тақырыбы, негізгі мақсат – идеясы ұқсас болғанмен, осы үш романның жанры мәселесінде бір-біріне ұқсамайтын ерекшелігі де бар. Айталық, Сәкен Жүнісов өз романында ХІХ ғасырда өмір сүрген тарихи адам – өнер иесі Ақан серінің өмірін арқау етіп алып, әр түрлі ұлттық характерлер, образдар жүйесін жасады, осы образдар арқылы беймезгіл замандағы қоғам мен өнер иесінің қатысына үңілді, өмір шындығын бейнелеп, сол тұстағы қат-қабат оқиғаларды таңдап-екшеп ала білді, сөйтіп, сол дәуірдегі замана тынысын, дәуір келбетін лайықты көрсетуге ұмтылып, әлеуметтік өмірдің бар болмыс-бітімін жасады.

Әлжаппар Әбішевтің «Найзағай» романы да осылай, тек автор тарихи шындық фактілерге құрылған Әшімбек Бектасовтың «Мәди» атты деректі шығармасындай емес, өз геройының басындағы тек қана күреске, тартысқа толы кезендерін ғана алып, өз романы арқау етуге тырысқан. «Ақан серідей» «Найзағайда» сол тұстағы қат-қабат әлеуметтік өмір оқиғаларына үңілгеннен гөрі, автор қандай оқиға болсын, бас

герой Мәди төңірегінде алып, сонымен байланыстыра суреттеуге тырысқан.

Жанрлық ерекшелігі жағынан Зейтін Ақышев «Жаяу Мұса» романы арқылы әйгілі өнер адамының бейнесін даралайтын үлкен образдар жүйесін жасап, өмір шындығын (сол тұстағы) бейнелеуге ұмтылған. Сондай-ақ романда бас геройға байланысты емес, әр түрлі этнографиялық суреттер: балуан күресі, мешкейлер, т.б. елес берген. «Жаяу Мұса» да – тарихи роман, тек «Ақан сері» мен «Найзағайға» ұқсамайтын ерекшелігі деп, бұл романның тарихи-этнографиялық ерекшелігін баса айтқан абзал.

Өзінің қамтыған оқиғасы, кең құлашты эпикалық суреттер, кесек-кесек образдар жүйесі арқылы «Ақан сері» қазақ әдебиетіндегі Д.Әбілевінің «Ақын арманы» романына ұқсастау.

Ал, «Найзағай» романы Ә.Әлімжановтың «Махамбеттің жебесі» романына ұқсас. Қос автордың өз геройларының басындағы тек қана елеулі кезеңдерді ғана алуы, күреске-тартысқа толы өмір кезеңдерін суреттеуі – осының дәлелі.

З.Ақышевтің «Жаяу Мұса» романы жанрлық ерекшелігі жөнінен, бас геройдың бүкіл өмірбаянын суреттеу ерекшелігімен өнер адамының өмірінен жазылған С.Бакбергеновтің «Қайран шешем» романына ұқсас. Тарихи-биографиялық ерекшеліктері – осы екі туындыны өзара жақындастырып тұр. Тек Бакбергенов романында «Жаяу Мұсадағыдай» кең көлемдегі этнографиялық жайларды қазбалап суреттеу жағы жоқ мәселеге осы тұрғыдан келсек, З. Ақышев романын тарихи этнографиялық ерекшеліктері басым тарихи-биографиялық роман деп атағанмыз дұрыс.

Ә. Әлімжанов, Д. Әбілев, С. Жүнісов, С. Бакбергенов, З. Ақышев, Ә. Әбішевтердің біз жоғарыда айтқан туындыларына М. Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясынан тартылған желі бар. Тарихи роман туады сол уақытта, «Когда народное сознание обращается к воспоминанию прошедшей своей жизни» – деп жазды Н.А. Добролюбов.

Рас, «Махамбеттің жебесі», «Ақын арманы», «Ақан сері», «Қайран шешем», «Жаяу Мұса», «Найзағайлар» М. Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясының деңгейіне жеткен жоқ. Соңғы

жиырма жыл ішінде жарық көріп, оқырман қолына тиген оннан астам тарихи роман, әрқайсысы осы жанрдың «Абай жолы» секілді заңғар шоқысы болудан гөрі ұлы таудың кең жайытқан сілемі секілді әсер туғызады.

С. Жүнісовтің «Ақан сері» романы Ақандай әйгілі өнер иесінің өмірін суреттеу арқылы, ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы қазақ сахарасындағы замана тынысын, дәуір келбетін жасауға ұмтылды. Автор өз геройын әр түрлі драмалық оқиғаларға батыл араластырып, өмір шындығын кең түрде бейнелей алатын образдар жүйесін жасады, Россияда орын тепкен орыс капитализмі элементтерінің қазақ сахарасына кіре бастауын бейнеледі, сол арқылы сол кезедгі халық тұрмысын, елдің жай-күйін, беймезгіл заманның сроақылықтарын, өнер иесіне деген озбырлығын көркем тілмен суреттеп берді. Ақан басына түскен бірінші кітаптағы Қаратал қойнауы, Сырымбет саласындағы, Ереймен баурайындағы үш соққы, патша тұяғының қазақ даласындағы сапары, ел ікнділерінің момын жұртқа билік жүргізудегі жанталасқан әрекеттері, қалың бұқараның біртін-біртін ояна бастауы, сахараға кең жайылған әділетсіздік, барымта, айып-айбана – бәрі де автордың көркем тілі арқылы оқырман жүрегіне берік ұялаған. Міне, осындай кең көлемді суреттері арқылы, «Ақан сері» романы шың мәніндегі тарихи роман жанрының жүгін көтеріп тұр. «Найзағай» романында автор, жоғарыда айтқанымыздай, өнерпаз Мәдидің өміріндегі елеулі кезеңдерді ғана алып, оны күрес-тартыс ортасында көбірек көрсеткен. Жазушы бұл тақырыпқа сәл кейінірек тағы оралып, өзінің «Жаралы сұңқар» атты повесін жариялады. Повесте 1916 жылғы әйгілі патша указынан кейінгі көтерілген қалың жұртқа Мәдидің өміріндегі елеулі кезеңдерді ғана алып, оны күрес-тартыс ортасында көбірек көрсеткен. Жазушы бұл тақырыпқа сәл кейінірек тағы оралып, өзінің «Жаралы сұңқар» атты повесін жариялады. Повесте 1916 жылғы әйгілі патша указынан кейінгі көтерілген қалың жұртқа Мәдидің жол сілтеуі баяндалады. Мінеки, жоғарыда айтқанымыздай автор Мәдидің өміріндегі ең елеулі деген кезеңдерді ғана алып көрсетіп, революцияға дейінгі ел өнерпазының өмірін суреттеу арқылы сол тұстағы халықтың тұрмысына, әлеуметтік

қайшылқытары мол өмір шындығына, дәуір келбетіне бүгінгі күн тұрғысынан үнілген. Романның бас геройы Мәдиді алуан түрлі күрес ортасында көптеу көрсетіп, сол арқылы замана қайшылығын оқырманға бейнелеп бермек болған. Осы тұрғыдан алғанда (кейбір кемістіктерін осының алдындағы тарауда айтқандықтан тоқталып жатуды артық көрдік), Ә.Әбішевтің «Найзағай» романы да тарихи роман жанрына қосылған елеулі туынды дей аламыз.

Дәуір тынысын, беймезгіл заманның өзіне ғана тән заңдылықтарын романындағы Мұса мырза, Мұстафа болыс, Құсайындар образы арқылы, қорлыққа төзбей, өктемдікке қарсы тұрған Жаяу Мұса образы арқылы бейнелемек болған З. Ақышевтің «Жаяу Мұса» романы да тарихи роман жанрының қазақ әдебиетіндегі бір туындысы дей келіп, жоғарыда айтқанымыздай, романның сюжет желісіндегі орасан көп этнографиялық, биографиялық жайларды романның өзіне тән ерекшелігі депқабылдауымыз керек екенін айтқымыз келеді.

«Ақан сері» сияқты дилогия жазған Сәкен Жүнісовтің өзіне тән стилі осының алдында туған прозалық туындыларында қалыптаса бастаған болатын. Бұл заңды да. Әдебиеттегі үлкен қаламгерлердің стилі қалыптасу мәселесін сөз етсек, мысалы, М. Шолоховтың «Көтерілген тың», «Тынық дон» эпопеяларында әбден қалыптасып, кейін жеке-дара ағымға айналған өзіне тән стилі оның ертеректе жарық көрген «Дон хикаяларында» аздап көріне бастағанын, ал М. Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясындағы өзіне тән стилі оның сонау жиырмасыншы жылдары жазған әр түрлі тақырыптағы әңгімелерінде байқала бастағанын айтуға болады. Бұндай мысалдарды өте көптеп келтіруге болады.

Сонымен, С. Жүнісовтің «Ақан сері» романындағы өзіне тән стилі оның бұрынырақ жазған прозалық туындыларында, әсіресе «Жапандағы жалғыз ұй» романында қалыптаса бастады. Тақырыбы жөнінен «Жапандағы жалғыз ұн» мен «Ақан сері» романдары, әрине, әр алуан туындылар. Бірақ осының өзі прозаик ретінде Сәкен Жүнісов творчествосының екі стильдік арнасының бар екенін көрсетеді: біріншісі – тарихи тақырыпқа байланысты стиль, екіншісі – бүгінгі күн тақырыбына

байланысты стиль. Әрине, алғашқысында автор өткен дәуір сырына үніледі, соны көркемдікпен беруге ұмтылады, ал екіншісінде қамтымақшы болғаны – советтік дәуірдегі замандастар өмірі.

Әлжаппар Әбішев пен Зейтін Ақышевтің де «Найзағай», «Жаяу Мұса» романдарындағы өздеріне тән стилі сәл бұрынырақ жарық көрген прозалық туындыларында қалыптаса бастағанын айтқан абзал.

Әрине, стиль деген ұғым өте кең ұғым. Бір ғана совет әдебиетінде Горький, Маяковский, Шолохов, Толстой, Есенин, Твардовский, В.Лацис, Э.Чренц, Самед Бургун, Садриддин Айни, С.Сейфуллин, М.Әуезов творчестволарынан өрбіген стильдік ағымдар бар. Стилі пішінделмеген жазушының шығармасы да пішінделмеген болады. Проф. Қ. Жұмалиев: «Стиль – шын талант, ұлы ақын-жазушылардың қаламдарына тән сипат. Кез-келген ақын-жазушыдан стиль іздеу – бекершілік. Өйткені, барлық өлең қиыстырушыларды ақын, сөз жаза білушілерді жазушы десек, қателескен болар едік. Дарын жоқта – стиль жоқ. Бұл екеуі сабақтас. Оқырмандарының ойына азық, жанына сусын бермейтін можантопай шығармалар жазып, «Жазушы» атау мүмкін. Бірақ ондайлардың өзіне тән стилі болады деу – қате. Құбатөбел қойторыларда стиль болмайды. Олардың бірінің шығармалары егіз қозыдай екіншілеріне ұқсас келеді» – деп жазды [61, 23-24].

Қазақ совет әдебиетінде ертелі-кеш туған «Жолдастар», «Ботакөз», «Тоқаш Бокин», «Ақ Жайық», «Қан мен тер» сияқты тарихи-революциялық романдардың, сондай-ақ «Офицер күнделігі», «Курляндия», «Қазақ солдатты», «Қаһарлы күндер», «Москва үшін шайқас», «Күткен күн», «Ормандағы от» шығармаларының, соңғы жиырма шақты жылдың үлесіне тиетін «Ақын арманы», «Найзағай», «Махамбеттің жебесі», «Қайран шешем», «Ақан сері», «Жаяу Мұса» романдарының, көріп отырғанымыздай, өзара үндес бір тақырыпқа орай жазылып, жарық көруінің басты себебі – өмір материалының бойға мол, терең сіңуі қажет екенін, ал бұның өзі әдеби стильдің де қалыптасуына бірден-бір шарт екенін байқауға болады.



Ә.Әбішев, С.Жүнісов, З.Ақышев романдарындағы стиль мәселесін сөз еткенде проф. З. Қабдоловтың мына сөзін еске ала отырғымыз келеді: «Сонымен, бір әрбір жазушының күллі творчествосының өн бойынан идеялық-көркемдік негіздің (идея – тақырып, тіл) тек сол жазушыға ғана тән ерекшелігін аңғарамыз. Мұндай ерекшелікті жазушы творчествосының мазмұны мен пішініне қатысты басқа жайлардан да іздеп таба беруге болады. Міне, стиль – әр суреткерге тән осындай творчестволық ерекшелік» [62].

«Ақынның жеке даралығын оның творчествосының тәсілдерінен, сүйікті образдарынан, оның метафораларынан, оның өлшемінен және ұйқасынан байқауға болады» –деп жазды В. Брюсов. Әрине, бұл айтылған сөз прозалық туындыларға да қатысты сөз деп пайымдауымыз керек.

Жазушының стилі оның ішкі өмірінің айнасы екенін айтқан Гете. Ұлы жазушы Мұхтар Әуезовтің тек өзіне тән стилі бүгінде қазақ әдебиетіндегі үлкен стильдік ағымға айналып отыр. Әуезов қаламына тән өзіндік ерекшелік сол: жазушы өзіне керек емес, негізгі идеялық-көркемдік мақсатына жәрдемдеспейтін қосалқы фактілер мен оқиғалардан аулақ болды.

Зейтін Ақышевтің «Жаяу Мұса» романына байланысты пікір айтсақ, романдағы уақиғалардың тым созыңқылығын, ол оқиғалардың өзара динамикалық байланысының солғындығын, адамдардың тым көптігін айтар едік.

Сәкен Жүнісов пен Әлжаппар Әбішевтен Зейтін Ақышевтің айырмашылығы сол: Ақышев стилінде адам характерінің психологиялық жайларына суреткерлік көзбен терең үнілуден гөрі құбылысты, іс-әрекетті сырттан сипаттап әңгімелеу жағы басым. Романның бас қаһарманы Жаяу образының күрескерлік рухын танытуда, оның Мұстафа болыстан таяқ жеп, еліне жаяу келе жатқандағы бейнесін алайықшы:

«Нағьштың құрсағынан жерге түскенде Тайжан молданың құлағына азан айтып қойған Мұса атынан айырылып, жиырма бірден жиырма екіге жаңа шыққан жас жігіт – Ащы өзенінен өтіп, Ақкелін адырына кірді. Бойын кернеген ыза мен кек. Бірде аяндап ойға батады, бірде жүгіре жөнеледі. Неге жүгіргенін, неге аяндайтынын өзі де біліп келе жатқан жоқ. Іші-бауыры

өргеніп бара жатқандай, жүрегі тулап келіп, алқымына тығылады. Кейде басы айналып кеткендей болады, ылдидан төмен түсе беріп, екпінімен жығылып кете жаздайды. Көзі қанталап, алдында не тұрғанын, артында не қалып қойғанын білмейтін тәрізді. Үсті-басында сау-тамтық жоқ, сонау Омбыдан киіп келгiшiн қызыл шапан жағасынан етегiне дейiн бөксерiлiп қалыпты, тек иығынан түсiп қалмады демесең еiмдiк сәнiнен кеткен. Белiне буынған үш кез қызылсаң белбеудiң қайда қалғаны есiнде жоқ (оны алғаш арбаға қарай сүйрей жөнелгенде Сәрсен алысып-ұлысып жүрiп шешiп алған да, өзiнiң қойнына тығып жiберген), екi етегi делендеп келедi. Жалаң бас, бөркiнiң қайда қалғанын да бiлмейдi. Бүкiл жотасы Мұстафаның қамшысынан әуелде қанталап, бiлеуленiп кетiп едi, ендi сiресiп қалыпты, жүргiзбей келедi, оқыс қозғалып қалса ауырып, жанын көзiне корсетедi. Бiрақ оған да етi үйренiп кеттi, оне бойындағы жараны, көздiң алдының күлтiлдеп көгергенiн елең қылатын емес» [37, 205]. Мiне, корiп отырғанымыздай, зәбiр шеккен Жаяудың тұлғасын осы тұста автор сырттай суреттеу арқылы осылайша берген. Өзiнен-өзi сұрақ туады: жазушы сырт бачндаудан гөрi геройдың iшкi жанына үңiлiп, психологиясына тереңiрек бойламас па едi? Бар корген қиянаты, шеккен азабы, қорлығын терең психологиялық суретпен, Жаяудың уытты iшкi толғанысы, отты тiлi арқылы жарқ-жүрқ еткiзiп беруге болмас па едi? Рас, зәбiр көрген Жаяудың:

«–Ата мекен, ұлан-байтақ туған жер! Сен маған қоныс болап түрiн жоқ. Қайда барып паналасам екен! Көлдiң срытындағы Үңгiртас паналатар ма екен?! Қайран дүние-ай, мұнша кендiгiннен не пайда, жанға сая болатын колеңкең жоқ?» [37, 206] – деп толғанып, атақты «Ақ сиса» әнiн шығаратыны да осы жолы. Осынау диалог-толғаныс, «Ақ сисаны» шығарып, айтар тұстағы кейiпкердiң психологиясы, онердi жасау процесi жалаң баяндаумен, әнгiмешiлдiк сарынмен бiрiлiп тұрғанын айтқан абзал.

Беймезгiл заманның өзiндей адамарға тартар сыйы – қасiрет бұлтын кешу екенiн ерте түсiнген Мәдидiң өмiр туралы, адам туралы толғанысын қарасақ, Әбiшев стилiнiң ерекшелiгi жалаң баяндау емес, кейiпкердiң iшкi толғанысын, монологын

дұрыс пайдалану арқылы өмір шындығын көзге елестету екенін айрықша байқауға болады:

«Адамбыз дедім, ә? Адам...адам... Ол өз бойынан биікке көтере алмайтын қанатсыз, бірақ ол қанаттылардың бірде-бірін құтқармайды. Ол екі аяқты, бірақ төрт аяқтылардың бірде-бірінен жеңілмейді. Адамның бар бақыттылығы осы. Ия, осы. Басқа нендей бақыты бар? Бар бақыты бірін-бірі бақытсыз ету гой. Ұяласының сыбағасын тартып ішкен ит те өзінше бақытты. Біздің екі аяқты «бақыттылар» солардан артық емес-ау. Біздер, тым болмаса, солар басқан ізді баспасақ екен. Тым болмаса жаңағы тұйғындай өр болсақ екен. Қырандардың ішіндегі ең кішкентайы осы тұйғын. Оның не жұбайы, не балапаны мына нажағайлы нөсердің арғы бетінде қалып қойды, оның ұясына күн сайын осы мезгілде хауіп төндіретін бір сарбас жылан бар. Егер жауынның басылып, күннің ашылуын күтсе, сол сарбас жылан оның ұясын талқандап, балапандарын жалмап кетуі мүмкін, сондықтан өл ажал оғынан да жасқанбай дауылға қарсы самғады. Сол ерлік бізде, қанаттылар мен тырнақтылардың бәрінен де күштіміз дейтін бізде не бар? Бар болса неге біздер өз мақсатымызға жету үшін сол тұйғынша самғамаймыз? Неге біздер аяқ басқан сайын бұғауға кездесеміз? Неге біздер көзімізді ашқан сайын бірін-бірі жазықсыздан жазықсыз жаралап, тірідей жеп жатқан жыртқыштарды ғана көреміз. Адамшылық, дегеніміз: алдау, арбау сияқты бірдеңе. Қанаты жоқ болса да біріне-бірінің істейтін қастандығы бұлттан да әрі асады. Аяғы екеу-ақ болса да төрт аяқтылардың бәрінен де зұлымдары толып жатыр. Неге олай? Жердің беті сондайлардан тазарып, қой үстіне бозторғай жұмыртқалайтын заман бола ма, жоқ па? Болса қашан? Қалай?.. Сондай заманды көруіміз мүмкін бе?» [35, 143].

Міне, өмірден қиянат көрген Жаяу мен Мәдидің толғанысын, қиянатқа қарсы күресін қос автор осылай берген. Бірінде, кейіпкердің ішкі сырына терең бойлаудан гөрі баяндау, әңгімелеу стилі басым да, екіншісінде найзағайдай жарқылдаған жауынгер жанды ақынның ішкі сырына үңілу, оны толғанту, толғанту болғанда да найзағайдай өткір салу стилі бар.

Азнабай болыстың әпербақан поштабайынан таяқ жеген Біржан сияқты Ақан да Нұртаза тобынан таяқ жеп, өлгелі жатқан Басараланы көргенде ит те болса сонау қызық күндерінде серігі болған онғымен іштей сөйлескенін қараңызшы: «Қайран, Басарала, ажалың шынымен жеткені ме? Бекер-ақ сені алып шыққан екем. Ажалыңнан бұрын өлетін болдың-ау. Өлімтігіңді корсетпей жапанда жалғыз олгің келді ме?.. жарайды, Басаралам, сенің жауың – дала бөрісі. Жауыңмен соңғы рет бөріспей алысқан екенсің. Жарайды, арманың жоқ. Мына мен ғой... Мен... ауыл иттеріне таланып келген...» [34, 202].

Үш автордың бас кейіпкерлерінің тұлғасын даралау, қоғам мен геройдың қарым-қатынасын, өр даусын, көрген қиянатын бейнелеудегі үш түрлі стилін байқап отырмыз.

Сәкен Жүнісовтің «Ақан сері» дилогиясының композициясы беймезгіл замандағы үстем тап пен езілуші таптың күресіне негізделген. Дилогияның сюжеттік желісінде әлеуметтік ішкі қайшылықтардың беті ашылады, әлдіден зәбір көрген беймезгіл замандағы қалың бұқараның әділетсіздікке шыдамауы, өктем күш иелеріне деген отты тілін қару еткен онер иелеріне деген құрмет-ықыласы, әсем әнді қадірлеуі, роман композициясына шебер қиюласқан. Осынау процесте жеке адамдар тасада, қалың оқиғалардың тасасында қалып қоймай өз көрінісін тауып, осының нәтижесінде әр характер орнын тапқан. Дилогияның екі кітабында да шұғыл оқиғалар романның композициялық құрылысын, сюжеттік желісін ширықтырып отырады. Романдағы әрбір кейіпкердің тебіренісі, ісі, әрекеті, сөзі олардың образын аша білген.

Міне, осы айтылғанның бәрі тек өзіне тән Сәкеннің стилін айқындайды.

Романда табиғат суреті, адам мен табиғат құбылысының ара қатынасы лайықты орын алған. Мұхтар Әуезовтің эпопеясында шәкірт Абайдың елін сағынып, жүрегі алып-ұшып, елге жеткенше шыдамай келе жатқандағы табиғат суреті мен көңілсіз түрде қалаға аттанып бара жатқан кезіндегі табиғат суретінің арасында үлкен айырма бар емес пе еді? Әуезов өз кейіпкерінің

жан күйіне, ішкі сезіміне табиғаттың суретін қалайша ғажайып сәйкестендірді десенізіші!

Сәкен Жүнісовтің диалогиясында да осындай табиғат суреті, кейіпкерінің ішкі сезімін айқындайтындай әсерлі бояулар бар.

«Жұт жайлаған құтсыз жерге тесіле қарап, Зеренді тауының ығынан туған, бетінде самұрық құс бедері бар патшаның алтын империалындай қызыл шұбар суық аз қазақ аспанына көтеріліп келеді» [34, 312].

Осына ғажап поэтикалық суреттеу Біржанның інілерінен аумайтын оз інілері: Мұхаметтерден тиісті сөзін естіп, мылқау баласымен қайғырып отырған Ақанның ауыр халін ғана емес, қазақ сахарасына келе жатқан үлкен ауыртпалықтың, жоқшылықтың таяу қалғанын, патшалық қанаудың шегіне жеткенін, бүкіл бұқара жұртының ауыр күндер кешетінін әйгілейтін тамаша бояу емес пе?

«Гүлдеп жел тұра бастады. Түні бойы жауған ұлпа қар енді ысылдап, терістіктен шыққан жел өтенде ұйтқи жөнелді. Өлгінде ғана қастарынан өткен аяулы достар, көгендеулі қасіретті бейбақтар мінген жайдақ шаналар көз ұшында қарауытып, әлден уақытта бір қыр асып қарасы өшті.

Әр жерде состиып, алысқа қарап үнсіз мелшиген адамарды көміп кетердей ысқыра сөкқан Арқаның есірік бораны көтеріліп сүйсей берді. Қамшы тиген бір көзі мүлдем жұмылып, екіншісі қанталап кетіпті. Далала ұйытқыған ақ боран Мөңкенің көзіне қан борандай көрінді» [34, 171]. Нұртаза тобынан таяқ жеген тұстағы серінің аянышты алай-түлей сезіміне орай жазушы суретін быйлай берген:

«Қысқы дала тым-тырыс. Ақ қардың бетінде сарбас жыландарша ирелендеп алақаншық борасынның болмашы ысылынан бөтен дыбыс жоқ. Көздің қарашығын жапқан ақ шолдей жұқа перде бұлттың арасынан өлеусіреп ккрінген бозамық ай да, маңайдағы тұнжыраған тоғайлар да мидай далада екі аяқты адмдардың неге қырқысқанын білмейді. Бір-біріне сыбырлап айтар тіл де, жалғыз қалған адамды жұбатар үн де жоқ. Өз тіршіліктері өзінде. Ессіз далада адам науыт болса да қабырғасы қайысар тіршілік жоқ» [34, 201].

Сондай-ақ Ұрқияны алып қашып, үнгірде паналағанда көрген ел жақтың суық түсі. Хадиша трагедиясы тұсында ел басына небір ауыр қайғының белгісіндей болып көрінген тірі аруақтай киінген қорқынышты тіленші бейнесі. Гүлназия қайтыс болар тұстағы табиғат суреті – бәрі-бәрі де Жүнісов стилінің ерекшелігі деп білуімізге мүмкіндік береді.

Болғалы тұрған, келе жатқан, ел басына, өзіне түскелі тұрған белгісіз ауыртпалықты Ақанға автор қалайша білдіріп, ұтымды тәсіл қолданады десенізші! Осының өзі-ақ тек Сәкенге ғана тән стильді айқындамай ма?

«Ақан сері Станислав ленталы медалін мойнынан сыпырып алып, жерге ұрды.

Бағанағы бүркіт жападан-жалғыз әлі қалықтап жүр. Көне грек елінен ауысып, Ресей империясының гербінен орын алған самұрық аспанға көтеріліп, қазақтың кең даласының асты-үстін тінте қарап, болат тегеурінді темір тұяқтарын қай бүйірден қадауды бағдарлап жүрген сияқты» [33, 272]. Осынау шағын сурет, Жүнісов қаламына тән стильдік ерекшелік сол кездегі әлеуметтік жағдайды, қазақ даласына молынан ене бастаған патшалық Россияның отарлық езгісін айқындап тұрған жоқ па?

Ел әкімдері өз жөндерін тауып, қазақты талай беретін қомағайлығынан танбас-ау, сорлы елдің, қалың бұқараның екі жақты езгісіне түсер еңбекші, кедей жұрттың қорер нәубеті, бар ауыртпалығы осынау бейнелеу арқылы айқын көрініп тұрған жоқ па?

Ел басына түсер аты жоқ пәле – жұт Жүнісовтің мына бір өзіне тән әдемі суреттемесінен де көрініп тұр.

«О, ғажап. Бұл не деген ғаламат? Қанша жыл аңшылық, саятшылық құрып жүріп мынадай сұмдықты Ақанның бірінші көруі. Өз көзіне өзі сенбеген адамдай тесірелей қарап, үнсіз отыр: жалпақ түзден жосылып, шұбыра көшкен жүздеген, тіпті асырып айтқанда мыңдаған сұр тышқандар, сұр тышқандар! Әрқайсысының аузында бір-бір домалақ кесек. Ақан жақындамай, алыстан қарап жобалады: жылқының кепкен қиы. Ия, солай екен. Келе озенге шолп-шолп түскен тышқандар сынық сүйем күйрықтарын қайқайта шаншып, жеңіл қиды тістелеген күйі ағын судың бойымен қиыстай ағып, арғы жаққа

қылт-қылт етіп жалдап барады, жалдап барады. Өзен бетін бір қауым уақытқа дейін тышқандар, сұр көшкін басып кетті. Ақан мекенінен безген ордалы жылан көшін, илеуін тастап жосыла жер ауған құмырсқа көшін, тіпті қар қалың жылдары жылы жаққа табын-табын босқан киіктерді көріп еді, мынадай ғаламатты тұңғыш көруі. Бірақ қоян, сарышұнақтардың ауатынын қарттардан талай есітген Ақан, жерінде, інінде қалуға дәрменсіз титімдей тышқандардың көшіне қарап тұрып, әлде кімге айтқандай:

–Биыл, шынымен жұт болады екен! – деді. – Байғұстар-ау, сонда қайда барып паналамақ. Қалың қарлы Сібір ормандарының арасынан жазда, алдын-ала мекен-жай сайлап алмақ-ау. О, ғажап! Жаратылыс – не деген құпиялы ғаламатсың! Тіршілік ағынынан аузына тезек тістеп те амалдап, жалдап өтетін мақұлықтар бар-ау! Қайтсін, үлкен апаттан ұрпағын аман алып қалуға тырбанған титімдей жаратылыс!..» [34, 274-275].

Жоғарыда айтқанмыз сияқты, Сәкен Жүнісов стиліндегі тағы бір ерекшелік – сөзсіз болуға тиісті жағдайды алдын-ала тұспалдап, оқырманға бейнелі суреттермен бере білуі. Жоғарыда айтқан әйгілі аңшы ит Басараладан айырылуы, жел жетпес Құлагерінің мерт болуы өмірлік серігі – саятшылығы, аңшылығы, әншілігі, серілігінің біртін-біртін қалып бара жатқанын, әділетсіз өмірдің өз дегеніне иекмдеп, бұған да улы тырнағын батыра бастағанынан елес берсе, иссіз көл басында кешегі сүйіктісімі, жүрегін жарып шыққан атақты «Сырымбет» әнін өзі тарту еткен аяулы Ақтоқтымен көрпе жуып тұрып кездесуі – серілік өмірдің мәңгі-бақи келместігінің айқын дәлелі. Сол күні түнде дүниеге келген «Қараторғай» әні де, түн қата аттанып бара жатқандағы Ақтоқтының мына ойы да осы бұлтартпас шындықтың жарқын дәлеліндей:

«Ел еркесінің, ел сұлуының әрқайсысын әнге қосып, ұмытылмас дұғадай тәмам жұртқа жаттатып әрқайсысының өлмес атын қалдырған ақынға бұлар не сый тартты?! Қайғысына қайғы, мұңына мұң жамағаннан басқа тым құрмаса бір сәт қуанта алар, жұбата алар дәрмендері де жоқ екен-ау. Дос-жараны, сүйгені мен сүйінгені сиреген сайын сері әні де сұйылып, суалмаса нетті. Өне ақын жанына медеу тұтқан

жастықтың, серіліктің бір белгісі Қараторғай да Ақанынан біржола кетті. Ән туғызар серіде енді не қылды? Қайран Ақан аға. Асыл аға! Оқшау жаратылған, дара біткен дарынды аға! Енді корем бе, кормеймін бе? Көргенде, менен не дәрмен? Бар қолымнан келері «Қараторғайынды» ертең-ақ елге таратармын. Жақсы әнінді жақсы әншіге ғана еншілікке беруші ең ғой. Өл достарың да жоқ қасында. Мына әнінді енді мен еншілейін. Бір түйірін бұзбай жеткізейін жұртына. Бұзбаймын. Мен айтпаймын, жүрегім айтады әнінді. «Жүрек алдамайды, жүрек жаңылмайды» деуші едің ғой, Ақан аға. Баламның баласына үйретермін әнінді. Ендігі қолдан келері осы ғана, Ақан аға!» [34, 361].

«Ақан серінің» авторына тән тағы бір стильдік ерекшелік – бір оқиғаны айтып, оның немен бітетініне оқушыны қызықтыра, ынтықтырып отыру. Бұған айқын дәлел ретінде Керей еліне жасалған барымтадан соң, екінші кітаптың басындағы торы аттың – иесінің өлі денесін сүйреп, Қанжығалы еліне келуі, қанжығалы жігіттерінің оны бос қоя беріп, соңынан еріп отыруы, ақыры Көкшетау кңірін жайлайтын қалың Қарауыл елінің Нұртаза болыстың жылқысы жатқан өңіріне келуі – бәрі де өзгеше бір әрі жұмбақ, әрі бір жағынан қорқынышты үрей ұялатқандай болады оқырман жүрегіне.

Прозаик Сәкен Жүнісовтің дилогиясында ерекше қолданған тәсілі – әр оқиға, әрекетті ақ елең үлгісімен беруі.

Профессор Қирабаевтың пікіріне сүйенсек, «Бүгінгі қазақ прозасында байсалды реалистік үлгіде дамыған эпикалық туындылар мен лирикалық, сыршыл проза үлгілері қатар дамуда. Әншілік пен өлең өнерін ғасырлар бойы жанына серік қып өскен халықтың әдебиетінің сыршылдықтан, жүрек терберлік сезімтал лирикадан алыс дамуының өзі мүмкін де емес қой... М.Әуезовтің «Абай жолы» толып тұрған ән ғой. Вс. Иванов кезінде мұны «роман о песне» деп тегін атамаған» [34, 159-160].

«Ақан серідегі» тұнып тұрған лирика, кемерінен аса төгіле жаздап тұрған ақ өлең тәсілі жазушының өзіндік стилінің тағы да бір ерекшелігіне жатады. Өзіне қастандық жасалып, мұрттай ұшқанда Құлагер «ойы» қандай шеберлікпен берілген десеңізші!



«...Міне, адам деген қандай мейірімді! Жылқы баласына бұдан асқан дос жоқ! Ендеше қазір не болды? Шекесіне соққы қайдан тиді? Әлгі бір жат адам жанаса бергенде болды бір кәдік!

Жоқ, адам баласы өйтпейді! Мүмкін, нажағай түскен шығар? Мүмкін шекесіне тиген жай оғы болар. Ана жылы Жыланды жағында жүріп, көз алдында өлген бір биені көргені бар...

Бірақ бүгін аспан шайдай ашық емес пе? Қайдағы жай оғы? Не де болса адам емес. Екі айғыр таласса ортасына шыбын-шіркей боп түсіп, көкке қарғыған болат тұяқтан қаймықпай басын ажалға тігіп, айыратын адам баласы тап мұндай қатыгездікті жасамайды. Зұлымдық адам баласының қолынан келмейді. Ол тек мейірімділікке жаратылған» [33, 347].

Сәкен Жүнісовтің өзіне тән және бір стильдік ерекшелігі – өзге қаламгерлер сияқты, әр кейіпкерлерін өзінше, өзіне тән тілдерімен сойлетуі. Романда корініс берер кейіпкерлер оз сөздері арқылы оздерінің кім екенін таңытады.

Ақанның құдасы Баялының Жанболатының сөзін қарайық:

«—Ау, Ақан, осы туысқа да, жатқа да айқайынды сала, тілінді жұмбай келесің. Не өткізіп қойғаның бар. Шешен тіл, сұлу әніннен де не пайда таптың. Ылғи достан да, басқадан да өзіне дұшпан, жау көбейткеннен басқа, мыссылдай септігің көрдің бе? Жерінді берген мен емес ана Нұртаза. Ол да қайтсын. Ақ патшадан мықты боп па. Казак-орыстарға, переселендерге жер керек деді. Ертең алам десе, өз қонысымызды да беріп жүре береміз, ақ патшаның құрығы ұзын, оған кім қарсы келеді. Өле алмай жүргеміз жоқ. Енді ол қонысыңнан саған бұлт жуық» [34, 315].

Осы сөзі арқылы оз халқының әніне, өнеріне, сол өнерді жасаушы өнер адамына деген болыстың көзқарасы айқын аңғарылады.

Сонадай-ақ тағдыры орыстың озіндеі кедейлерімен бірге өмір кешіп жүрген кедей балықшы Әлтайдың мына сөзінен де аңқылдаған еңбекші адамның ақ жарқын жүрегін анық байқауға болады:

«—Былтыр мына көк соққырға бір тамыры келіпті. Ертеңіне «Әлтай» деген досым бар, барайық» – десе, анау : «Өһо, барсақ,

барайық, қазақтар қой сойып, бас тартады, білем, білем» деп өзеуресе керек. Мына Барыс: «Е-е, Алтайдың жөні басқа, қазақтанбір бөлек, ол бас тартпайды, кілең тіл тартады, тіл жейсің» дейді. Содан бұлар келе қалмасын ба, Екеуінің уағдасын қайдан білейін, қақтаған балықты қаймаққа қуырып, шай бердік. Менің сөзуарлығым қанадй, екеуіне жол тимей, таң атқанша өзім мыжып, жеке көсілсем керек. Үйлеріне кетіп бара жатып әлгі досы Барысқа: «Ей, Борис, әлгі тілің қайда жегізетін, бас та, тіл де жегізбейді ғой» десе, мына менің көксоққыр құрдасым: «Падажди, сен не жегенінді ұмыттың што ли, әлгі қазақ таң атқанша тілімен кормит еткен жоқ па, содан артық не керек» –депті [34, 97].

Үйіне жинаған жиһазы, байлығы тура өзінің топас кейіпін беретін жайынбек те өзінің кім екенін мына сөзі арқылы айқын білдіріп тұр:

«–Бізге сол да жарайды. Сен құсап әулекіленіп ел қыдырған өленші емеспіз, –деп Жайынбек ыржия күліп, самауыр түймішін берді. – Мә, одан да тиск жаса, бос сөзді қайтесің, олеңінді айтсайшы, езіп ішесің бе, үлкен кісілер сұрап отыр, әйтпесе маған көк тиынға да керегі жоқ» [34, 147].

Барымташылар жайлы сұраған Ақанға мировой судьяның тілмашы Асылқожаның қайырған жауабы да оның қандай адам екенін, Жайынбекке, Тұрлыбекке қарағанда көкірегінде аздаған саңылауы бар адам екенін, әрі озі күшті қызметте болмағаны оң халіне, тірлігіне оқырманның аянышын туғызатын жан екенін көрсетеді:

«–Бүгін айтарым да, ертең айтарым да біреу. Тыңдаңыз... Жігіттер осында-түрмеде... Жағдайлары жақсы емес... Түрмеде екі рет сұраққа қатыстым. Әрине, тілмаш ретінде. Жауаптары біреу-ақ: «Барымта жасаған өзіміз, жылқыны құртқан да өзіміз... «Кейбіреулердің күткені өсы. Осы жауап олардың түбіне жетеді. Шамңыз келсе, тез арада жолығыңыз. Ұрлатып алған сіз емессіз ғой?... ендеше, кім алдырған? Айтса, іс те созылады, жолаушының кешіккенінен үміттен деуші ме еді... Ал, әйтпесе... жаман! Жаман! Ақан аға! Неге жаман? Кімдер бұған араласып жүрген? Оны сұрамаңыз. Оны тірімде айтпаймын... айта алмаймын, Ақан аға! Менің де бала-шағам бар, арқа сүйер

ешкімім жоқ. Шет жағасын байқадыңыз ғой. Осы арадан кеткім келеді. Тез кете алсам жарар еді... Біздер әншейін от диірменге салатын бір түйір дән сияқтымыз. Үге салады. Қай ұнның, қай кебектің арасында кеткенінді де ешкім білмей қалады...» [34, 151].

«Ақан серінің» өзіндік бір жетістігі – күлкілі, аңқау образ Су Құсайынның бейнесін жасауы. Осы Су Құсайын барымтаны жасатқан Нұртаза екенін айтып, мәселенің мән-байыбына бармаған суайт сорлы жарылып кетердей ашуланған Нұртаза мен Сүлейменнің алдында да ештенені аңғармастан өзінің суайт мінезіне салып, бар болмыс-бітімін айқындап тұр:

«—Ол, Сүлеке, ғұмыры ұрғалы атаулының тамағына тиіп көрмеген біздің ерінде не мән бар дейсің. Ылғи ат үстінде, желдің өтінде ел ақтап жүрегн еріннен не сұрайсыз. Кейде жарадар байғұстың қаны судай сорғалайды. Әй, поштабай, әй. Қайда кетті әлгі. Нұреке, осы үйде қаймақ бар шығар. Е, ит басына іркіт төгіліп жатқан үйде не болмаушы еді. Құстың сүтінен басқаның бәрі табылар-ау. Маған бір шәй кесемен бірінді қаймақ алдыра қойыңызшы, шынында ернім тілім-тілім жарылып... ай, түн баласына удай ашып, көрер таңды көзіммен атқызып шығатыным бар кейде. Сүлекең жақсы еске салды-ау. Әй, поштабай! Ақи бала, қаймақ, қаймақ әкел!» [34, 61].

Дилогияның екінші кітабындағы әйгілі би, айтулы шешен, сөйлеген кезінде небір ел мықтыларының өзі «құп» алатын атақты Қылышпай би мен Ақан серінің Мәмбетәлі үйінде шарпысуы әлеуметтік ортаның қалтарыс жақтарын ғана көрсетіп, Ақан бейнесін тұлғаландырып тұрған ғана фактор ғана емес, сонымен бірге биді бише, ақынды ақынша сөйлете білген Жүнісов стилінің ерекшелігі:

«—Әэ, Мәмбетәлі қарағым, елден жырақ жүріп көп нәрсенің жүйесін, көп жайдың ретін біле бермейсің. Саған жазық жоқ. «Құлагер әні», «Құлагер зары» дедің, Мәмбетәлі. Егер бір адамның басындағы зарды, бір бейбақтың бойындағы мұнды, көптің мұң-зары деп, Ақанға түскен қайғы, қасіретті когендеп тізіп, санай берсек, болашақ ұрпаққа жеткізеріміз сол ғана болмақ па. Өз қарақан қара басына қайғы егіп, уайым жамап жүрген диуана жанның есірік есер тіршілігі халқымның,

заманымның атынан садақа кетсе болмай ма. Біз ұрпағымызға жаманымызды апарып, жақсымызды көміп кетер ел болсақ, несіне ұрпақ жайып, несіне түтін түтетіп, қауым, жұрт боп отырмыз. Мөлдір бұлақ пен ағын суда да жел түсірген шөп-шалам бола бермек. Ондай шөп-шалам өз-өзінен шығып қалады, не шіріп қалады, су аға береді, оған қарап бұлақ көзі бітіп, ағын су тартылмайды. Ақан қайғысы – елден, жұрттан жырақ жалғыздық қайғысы. Атам қазақ айтқан – жалғыздың аты, жаяудың шаңы шықпайды. Өзі туған жұртына, халық ұстаған дініне найза ала ұмтылған жігітті қашан да ер емес, жер болмақ. Атадан безген, батадан безген жігіт көптің қарғысына ұрынбақ. Алыстан, сапардан келіп ем дейді Ақан. Қай жұртыңның, қай еліңнің лұқсатымен кетіп ең сол сапарға. Қайтып келер есігінді қатты серпіп кетпеп пе ең?! Ел ақсақалы, ел ырысы деп дүйім жұрт сыйлаған менің қотанымнан өтіп бара жатып, қайырыла кетуге арланып ең. Жауға шапса да, дауға шапса да менің босағама келіп, ақ батамды алмай аттанар мұсылман баласы жоқ. Менің батам ел батасы, ата аруағының батасы, қыдыр дарыған елдің тілегі. Оны аттаған жігітті ата қарғысы, бата қарғысы ұрар еді, әманда. Сол қарғыстың ұшы еді ғой, саған жай боп түскен. Құлагерің ғана құрбан болды. Ана шатасқан барымташы екі-үш әумесер ғана елді лаңға салып, ақыры қарасы өшіп тынды. Соған тәубе. Сенің де мұсылман боп тәубеге кеп, шаждаға маңдайынды тигізер кезің жетті!» [34, 194-195].

Қылышпай бидің сөзі – бұл.

«—Ақ бата, ақ бата дейсіз, Қылышпай. Қай жерде ақ батаң адал бата, түзу бата болып еді. Сонау жылдары аға сұлтан Ыбырай ел үстіне найзағай ойнатып, бүкіл керей-уақтың, атығай-қарауылдың, алтай-тоқаның азаматтарын қойша қуып, шетінен ұстатып, атығайдан Жүкен мен Қасымды, керейлік Сүлейменнің Айдаркесін ит жеккенге айдағанда, ақ батаң жүрсе, үйіңнен ылғи дәм ішіп жүрген сол мүсәпірлерге бір сауабың тимес пе еді? Атығайдың Тәңірбергені мен Тоқаның Әтекесі сөзге, дауға түсіп салысқанда, бетінді сыртқа бұрып ін түбіне қарап жатып алмап па ең. Мынау Шәбек балалары болыстыққа таласып, итше ырылдасып келеді, қайсысына ауып, қайсысына оң батаңды беріп жүрсің? Кеше ғана керей елі

қотанынды құйындатқанда, ошағыңа ел жуандарын жиып алып, тағы да ақ батамен аттандырып ең. Соның артынша-ақ екі елдің азаматы мендуана жегендей қырылысып, түздегі жыртқыштарша бірін-бірі талап, жаралап кетті...» [34, 196].

Арынды Ақаннан Қылышпай алған сый – бұл.

Ә. Әбішев пен З. Ақышевтің стильдері Жүнісов стиліне ұқсамайды, бұның өзі әр жазушының өзіндік қалам мәнерін танытады.

Ә. Әбішевтің өзіне тән стильдік ерекшелігіне: автордың әр оқиғаны романның бас геройы Мәдидің төңірегінде құруы. Роман композициясына негіз етіп алынған беймезгіл заман мен Мәдилердің күресі-түгелдей дерлік Мәдидің күрес-тартысы арқылы көрініп жатады. Әрбір оқиға, әрекетті берерде жазушы қаламына тән сипат өткірлік, уыттылық. Бұл стиль ерекшелігі жазушы оқиғаны баяндап отырғанда да, сондай-ақ кейіпкерлері сөйлегенде де белең береді. Осының барлығы бір жағынан үнемі жарқылдаған сөйлемдер оқырманға сәл қолайсыздау боп көрінсе де, Мәди образын, соның іс-әрекетін ашуда геройдың өз мінезі сияқты етіп алынған сөйлемдер сияқты әсер қалдырады.

Көктем суретін, яғни табиғат құбылысын адамның сезім-күйіне орайластыра беру Әбішев стиліне тән сипат.

«Көктем...көктем..

Ол өзіміздің осы долы ғасырымыздың төртінші көктемі еді.

Өл халқымыз өзінің Абайынан айырылып, аһ ұрған жылдың көктемі еді.

Сол көктемнің мейірімі әлі жібімеген, көгінің күні әлі күлмеген, күлсе де жымыш тұрып шытынай қалатын шағы еді.

Өмірі сол әлі көктемеген көктемдей, жаны сол қу даладай құлазыған бір бала жапан түзде жалғыз зарлап келе жатты» [36, 3].

«Найзағайда» әрбір кейіпкердің сөйлеген сөзі бас герой – Мәдидің тұлғасын ашуда үлкен қызмет етіп тұр, сонымен бірге сол адамның қандай жан екенін де оның сөзі арқылы байқауға болады.

«–Сіз таудың асқар шыңысыз да, даланың шалқар көлісіз ғой, Мәди аға. Асқар таудың шыңы биік, шалқар көлдің түбі, терең, ол екеуіне жететін көз менде жоқ. Жастығым үшін ол

кінәмді кешіюіңіз де, бір тілегімді қабыл алыңыз. Егер айдала қалсаңыз, мені өзіңізбен бірге ала кетіңіз. Оллаһи, мен сіздің өмір бойы серігіңіз бола аламын, тек Текештен кегімді бір әперсеңіз болды» [36, 58].

Мәди жас жүрегіне ұялап, оны бой тұмардай кеудесінде сақтаған. Текештерге деген кек оты лаулаған Иманның осындай қасиеттерін осынау сөздері арқылы байқадық.

Қазақ қыздарының бойын тән ұяндық, сыпайылық роман кейіпкерлерінің бірі – Келбетте де бар. Әкесі Түнекбайдың жылқысын Мәди шауып алғанда, күйеуімен бірге жылқы соңынан келген Келбет өзінің атағы жер жарған Мәдиді қалай құрметтейтінін былайша білдіреді:

«–Бүгілуді білмейтін тіземіз де сізге ғана бүгілді, иілуді білмейтін басымыз да сізге ғана иілді, ендігісін өзіңіз біліңіз, ағажан» [35, 66].

Қазақ қызының бойына тән ерекшеліктің бірі – тұспалдап сөйлеу, өз ойын тікелей айтпай жобалап жеткізу. Мұндай оқиғаны Әбішев өзіне тән стильдік ерекшелігімен Келбеттің аузына салған. Осынау ержүрек қыз өзіне қызыққан Мәдиге әжесінің ертегісін айтып беріп, сол арқылы екеуінің арасындағы қиындық асуын тұспалдап жеткізеді, өзінен Мәдидің күдерін үзгенін қалайды.

«–Әжемнің ертегісі осымен бітті, ендігісін сіз айтыңыз. Мен қасқыр тартқан сол кер құлан секілдімін ғой, елімнің арыстаны Мәди бола тұра, мына сияқты бөлтірік тартып кеткен құлынды қайтесіз» [35, 68].

Мәди мен Келбет арасындағы осы кездесудегі әрбір сөз кейіпкерлердің қандай жан екенін әйгілеп тұр, әрі әдемі қалжыңға, бұлтартпас ақиқатқа, назды күлкіге құрылған. Әрине, Әбішев стилінің ерекшелігі осыдан көрінеді.

Романның алғашқы бөлімі мен екінші, үшінші бөлімдерінің басталуы өте ұқсас. Бұның өзі сол бөлімге арқау болар оқиғаның алдын ала хабаршысы сияқты.

«Сағым...тағы да сағым...

Сол сағымның ішінде шырқалған әдемі ән келеді.

Ән...тағы да ән...

Көк жиегі көлкілдеген көлге ұқсас сағым көмкерген бұл жасыл даладан қазіргі көреріміз сол сағым, еститініміз сол ән ғана.

Ән сағымға айналып, сағын ән салып келе жатқан секілді.

Ән шырқалған сайын сағым үзілместен, жұмырлана құлпыра түседі. Ол кейде – теңіз болып тербеледі, кейде – қаулаған жалын болып лапылдайды, кейде – меруерт болып әуеге шашылады, кейде – сол меруерт теңіздің толқынына айналады, бірақ ән үзілмейді. Сол әдемі әнді жұтып алып, есіп етер еліне ала кеткісі келгендей Арқаның әйгілі самалы да тына қалыпты. Өзін осы даланың бұлбұлы көретін боз торғайлар да сол әнге қанат қақтастан табынып, керк екілді бетегелерді саялапты» [35, 84].

«Түн...

Нәсерлі, нажағайлы, найжағайлы, дауылды түн...» [35, 156]. Бұл – үшінші бөлімнің алдындағы сөйлемдер. Екінші бөлімнің басындағы Әбішев стилінің ерекшелігі – сол бөлімде бас герой аз да болса әнімен, кешегі махаббаты болған аяулы Назгүлімен кездесетінінен алдын ала хабар берген сияқты.

Ал, үшінші бөлімнің алдындағы қорқынышты түннің суреті – көп ұзамай сол Текеш аулына Мәдидің найзағайша сорғалап, кек алатынын мезгеп тұрған сияқты.

Шомбал аулына келе жатқанда Мәдилердің алдынан жолыққан қойшы жігіттің айтқан мына сөзі де кейіпкердің қандай жан екенін, ерлікті, өнерпаздықты мұрат тұтқан елдің перзенті екенін айқын дәлелдеп тұрған жоқ па?

«–Ей, Мәдиді білмейтін кімсің-ей, өзің қайдан шыққан енемсің? Әнші Мәдиді, ақын Мәдиді, батыр Мәдиді білмесең, билетінің кім сонда? Мен бе?» [36, 89].

Мәди – бәрінен бұрын істің, қимылдың адамы. Оның өмір түгелдей дерлік ат үстінде өткен. Ол – жауынгер ақын. Сондықтан оның Атаманов отряды ауылға келгенде былайша толғануы да заңды. Бұл толғаныс – әлділерге деген кек оты жүрегінде лаулаған батыр адамның кім екенін дәлелдеп тұрған Әбішев стилінен туған фактор:

«–Мен көп кешікпей жынданармын, жындандырмай қоймас мынау сұм замарн... Заман... сұм заман! Қарашы! Қаланың жеті

мысығы ауылға келіп еді, жетеуі бірдей жолбарыс бтолды да кетті. Осы да өмір ме? Осы отырған тоғыз ауылда мың шамалы адам бар, сол мың шамалы адамнан осы жетеуінен қалтырамаған біреуі жоқ. Бұл не? Мұндай өмірге келудің қажеті не? Түсінбеймін. Егер құдадйың жазуы солай болса, неге олай? Мұндай әділетсіздік оған ен үшіе керек? Ол бақ дәулетке мұқтаж емес, бәрін жаратып алып адам баласына үлестірген өзі. Ендеше, ол не үшін, біреудің етін біреуге жегізетін әділетсіз. Егер бәрін бірдей бақытты, бәрін бірдей дәулетті ету қолынан келмесе, онда Әзірет Әлінің Мәдиіне берген ерлік пен еркіндікті өзгеге неге бермейді? Сонда ғой, адам дүнеиден кеткісі келсе кетіп, келгісі келсе келеді. Әкем байғұс менің атымды Мәди қойыпты, сондағы оның арманы да менің сол Әзірет Әлінің Мәдиіндеі блуым-ау, ә? Қиямет қайым болған күні көктен Ғайса пайғамбар түсіп , жерден Мәди шыққан кезде Қарқаралының бір асаялы сайынан мені де шыға келсін, деді-ау байғұс. Жаман емес, амал не, оның бәрі қиял. Тыс болмаса мен бүгін мына жалмауыздың көзіне сол жер астынан шыға келген Мәдидей көрінсем» [35, 230].

«Найзағайда» Текештің бәйбішесі Шарапат деген келіншек бар. Байының анда-санда жанына қонғанын «жалғаннан көрген жалғыз рағатым» деп бағалайтын осы сұғанақ келіншек «Жаяу Мұсадағы» Кәрім саудагердің тоқалы Рәшида мен Мұстафа болыстың тоқалы – Айкүміске өзінің әрекет-қылығымен жақын тұр.

Автордың оның аузына салған мына бір ауыз сөзінің өзі-ақ келіншектің қандай нәпсіқұмар екенін дәлелдейді:

«—Сондай асылзаданың атын Жапалақ қойған қандай ғана лағнат екен, ә? Ол, Жапалақ емес, ақ таңдақ қызыл түлкінің бір түнде талайын талқандайтын мұзбалақ қыранның өзі ғой, өзі... Шіркін, сондай қыранның темір тегеурініне бір түссем, далдалымды шығарса да рахаттанар едім» [35, 207].

Әулие қарт Серкебайдың Мәдиді алғаш көргенде кім екенін білмесе де домбырасын қиғысы келмеген жігітке:

«—Қорықпай-ақ қой, бере бер, алып қаша қалса қуып жететін мен бармын, аты қанша жүйрік болса да менің



сақалымнан құтылмас» [35, 135] – деп астарлы сөйлеуі, сондай-ақ Абайдың қазасын естігенде:

«–Абай өлді дегенше, бүкіл қазақтың асқар тауы құлады, айдын көлі суалды десеңіші!» [35, 139] – деуі қазақ даласынан қай уақытта болсын сөз қадірін түсінер өнерлі жандар үзілмегенін білдіретін, олардың өзіне ғана тән ұтымды сөзбен сөйлейтінін білдіретін Әбішев стилінің ерекшелігі деп қабылдауымыз керек.

Жоғарыда айтқанымыздай, XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ даласындағы әлеуметтік теңсіздікті, беймезгіл заманның астарлы жақтарын ашуға прозаик Әбішев Мәди өмірінің елеулі кезеңдерін ала отырып көрсетуге ұмтылған. Романның басынан аяғына дейін автор Мәдиден көз жазбайды. Сондықтан әрбір сөйлемі, әрбір әрекет – оқиғаны берудегі өзіндік стилі жарқ-жүрқ еткен өткір сөзден, өткір болудан анық байқалады. Романда ара-кідік үйдің жасауын, табиғаттың суретін тамылжыта суреттеп беру де кездеседі. Мысалы: Шомбал үйінің ішкі жасауы, генерал-губернаторды Шайтанкөл басында күтіп жатқандағы көл төңірегіндегі ғажайып табиғат суреті – Әбішевтің өзіндік стилі.

Ә.Әбішев сондай-ақ бар оқиғаны, әрекетті бас герой Мәдидің төңірегіне құрғандықтан, кейбір жайлардан мағлұматты кез келген кейіпкердің ойындағы лирикалық шегініс арқылы береді. Бұған Шарapatтың құшағында жатып, ойланған Текештің ойы дәлел. Текеш сол жылы, сол күні Қарқаралыдан келген, ояз, ел болыстары болып, генерал-губернатордан Мәдиді ұстауға отряд сұрап, соған рұқсат алып қайтқан. Генерал-губернаторды ел шонжарларының тосып алуы, мәжілісте ел жуандарының Мәдиді қаралап сөйлеуі – бәрі-бәрі Текеш ойы арқылы лирикалық шегініспен беріледі.

Зейтін Ақышевтің «Жаяу Мұса» романына байланысты стиль мәселесін сөз еткенде, ең бірінші көзге ұрар стилі – әңгімешілдік. «Аттыдан жаяу жүріп кегін алған, аспандағы аққуға үнін қосқан» Жаяудай өнерпаздың сан қырлы образын ашуда өткір де жарқылдаған ситуациялар аз кездеседі. Әрине, бас геройдың күресі, образының ашылуы, қоғаммен қатысы,

өнерді жасау процесі, сол тұстағы психологиясы, жайлы алдағы бірінші тарауда айтқандықтан тоқталмаймыз.

Бірақ көп жағдайда бас герой Жаяудың күрескерлік образын ашудан гөрі автордың этнографиялық суреттерді көбірек тәптіштеп кететіні қынжылтады.

Майасар деген кісінің үйіне түстеніп отырған Ботпай, Байғабыл, Байжандардың түстікке көңілдері толмағандары қаншама бетті алған десеңізші! Тағы да сол Ботпайдың Мұса мырза губернатордың шақыруымен Омбыға кеткен кезде көрген түсі, күйші Тәттімбеттер құдалыққа келгендегі ұзақ ақылдасу суреттері, Қараөткел тойына барардағы кеңесу, Базінген бәйбішенің олер алдынада моллаға – баласы Мүсеттің шын әкесінің кім екенін айтуы, Жаяудың шын мәнінде Байжаннан емес, аға сұлтан Боштайдан туып қалғаны, Әли деген жігіттің әкесі Әбжақай емес, Тоқа Байдалы би екені, Есен деген тентек жігіттің Жәуке батырды сабап жатып, әкесінің осы өзі сабап жатқан Жәуке екенін білуі – бәрі-бәрі де үлкен романның стиліне тән үлкен кемшіліктер. Сондай-ақ Жұпар деген мешкейдің басындағы жағдайды автордың ұзақ баяндауы, интимдік сорақы көріністер: Рәшида-Шыңғыс, Әндірей Жақып – Халима байланыстары да негізгі идеяға еш қатысы жоқ басы артық жайлар. Сондай-ақ Александр патшаның крепостнойлық правоны жою мақсатында сөйлеген сөзі, Россия империясының ішкі көптеген мәселелері көп беттерді алып, ұзақ баяндалады. Егер де З.Ақышев дәл осы оқиғаларды С.Жүнісовтің тәсіліне салып, Новиков сияқты кейіпкердің аузымен айтқызса, сол оқиғалардың барлығы негізгі мақсат – бас геройдың эволюциялық өсуіне фактор болып, үлкен күрестерге бастайтын құрал ретінде алынса, онда, әрине, өз басқа.

Романдағы Байжан – кеудесінде кек оты лаулаған Жаяу емес. Сондықтан да Жаяудың Мұстафа болыстан көрген қиянатына шыдай алмай, әрі жерінен айырылу хаупі туғанда кек алмақ болған жігіттерді басуы – беймезгіл замандағы әлділер мен әлсіздер арасындағы әлеуметтік теңсіздікті ғана көрсетіп тұрған жоқ, сондай-ақ Байжанның да тұрмыс тауқыметінен, үстемдерден зәбір корғен жан екеніне кейіпкер сөз дәлел бола алады:

«—Арғысы Толыбай, Бергісі Олжабай бабамның заманы өткен. Қартайған ақиыққа шықылықтаған сауысқан да қожа. Қасқыр көмектессе алты ай құр жүрген атты шыбын да жығады. Осы күні біз сияқты кедей ауылға қожалық жүргізбейтін, күш көрсетпейтін жан жоқ. Батырсынып жүріп бірдемеге ұшырайсындар. Тұрсынбай балалары бір құдайдан басқадан қымсынбайды, шырағым. Бұлардың кеудесі өсіп отыр, оны ешкім де баса алмайды. Сен үшеуіңнің атқа қонғаныңнан қорқады дейсіңдер ме? Қолдарыңа шошандатып сойыл алғандарыңды тілеп отыр Құсайын. Оған ілік керек. Бір күнде күлімізді көкке ұшырады. Үндемей құтыла бергеннен дұрысы жоқ. Арқа сүйейтін кімің бар? Шорман балалалры қол ұшын берер дейсің бе? Жер жиегінде тұрсаң желкемізден итеріп, суға құлатуға сылтау ізлеп отырған жоқ па?» [37, 214].

Әр кейіпкердің өзінше сөйлеуі, өзіне тән ой-өрісі, — стильдің ерекшелігін көрсетеді. Осы тұрғыдан алғанда, өзіне тән тілмен сөйлеуі кейіпкердің кім екенін анықтайды. Романдағы қазақтың аяулы перзенті Шоқан мен генерал Черняевты, әрине, салыстыруға болмайды. Әулисата жігіттеріне генерал оқ атпақ болған кезінде екеуінің келіспей қалып, қатты сөзге барысуы, осынау екі адамның қандай жан екендіктерін дәлелдейді.

«Черняев Шоқанға дікендеп жетіп келді.

—Сіз кім жағындасыз, штабс-ротмистр мырза, соны айтыңызшы маған!

—Мен әділеттік жағындамын, генерал мырза. Қарусыз халыққа оқ аттырмаймын. Мен ең алдымен өз залқым — қазақ халқы жағындамын. Одан кейін Сібірді, одан кейін бүкіл Росиияны жақтаймын. Орыстар қазақтарды төмпештеп ұрып жатса, мен орыстарға қарсымын, ал егер француздар орыстарды соққылап жатса, мен орыстар жағында боламын. Өйткені Россия — менің Отаным. Мен тағы айтамын сізге! Өздері тиіспесе, оқ шығарушы болмаңыз, генерал мырза, қан төгіледі. Егер сөзге келмей, лап қойса, бір дүркін залп беріңіз. Бірақ бастарынан асыра атсын. Бұларда қару жоқ, зеңбірек даусы шықса, өздері де беті қайтып шегінеді» [37, 330].

Ауыл адамдарының зілі жоқ аңқау сөздері, бейкүне қылықтары, аңыздар, ат жарысы, бәйге, балуан күресі —

қысқасы, этнографиялық ерекшеліктер Ақышевтің стильдік ерекшелігі арқылы, әңгімешілдік сарын арқылы берілген. Әрине, бас геройдың образын даралау тұсында болмаса, этнографиялық жайларды, автордың халықтың өткенін көп білетін білімділігіне әңгімешілдік стиль теріс те емес.

Князьдің әйелі Мұса Шорманов аулында бұрын көрмеген таңсық асы құрт пен ірімшікті көмейлеген сайын ауыл қазақтарының: «Мына шіркін құрт пен ірімшікке жерік пе?» [37, 351] – деп күнкілдеуі, сондай-ақ князьдің өзінің ас пен ішімдікті қалай-қалай жұтатынын көргенде: «Патша әулетінің өңеші мен қарны қалай кең? Мына түрімен қазақтың малы мен жерін түгел обып қояр» [37, 351] – деуі оқырманға еріксіз езу тартқызатын штрихтар.

Іс-әрекетімен «Ақан серідегі» атақты суайт Су Құсайынға ұқсайтын Ботпай мен Байғабылдар да әр сөйлеген сөзімен оқырманға күлкі сыйлайды. Әрине, бұл да Ақышев стилінің өзіндік ерекшелігі.

Мысалы, Мұса Шорманов аға сұлтандыққа тағайындалып, елге келгенде, осы екі шал Мұса мырзаны мадақтап, тіпті болмаған оқиғаны да болдыруға жорып, қалың елге жаяды. Омбыға барарында қанша дегенмен, орыс төресі ғой, жәрдемі тиіп қалар деген оймен Мұса мырзаның өзімен бірге ала барған Баянауыл станциясының становой приставын осы екі шал былайша «мадақтайды»:

«–Бірақ онда барғанда бір ұстайтын мырзаға торғайдың саңғырығындай пайда тимепті, Омбыда Коспарт, Коткобский деген оң үлкен екі ұлық бар екен, олар бір ұстапты керек қылмақ түгіл пысқырып та қарамапты. Мұсаның өзі де жетіп жатса керек. Ал бұл өзі тендестерін тауып алып, солармен қарт ойнап, арақ ішіп ләйліп кетіпті» –дейді [37, 142].

Жарылғапберді энші жайлы суреттегенде Ақышев оқыс серпіліп, осынау өнер иесі жайлы тартымды жазады.

Романның бойындағы үлкен бір мін: жан жары Сапар қатты ауырып, сырқаттанып жатқанда жанында Жаяу бола алмайды. Тіпті Сапар бұл дүниеден еткенде де бір уыс топырақ сала алмайды.

Себебі «Жаяу Көкше бойында екі-үш жылдай жүріп қалды. Біржан босатпады. Оны өкпелетіп кете алмады»—деп жазады автор. Ақиқатында да солай шығар, бірақ осы жерге бұшл оқиғаны кіргізіп қажеті жоқ сияқты.

Сондай-ақ сол аяулы Сапарының әкесі Құлтай байды Жаяудың үнемі келеке етіп, әжуа өлең шығаруы – аса жақсы әсер қалдырмайды. Өзіне бұйырмаса да, аяулы Ақтоқтысының жұртын Ақан сері әсте ғайбаттамайтыны – біртүрлі бір жылы сезім ұялатушы еді ғой оқырман жүрегіне.

Әбішевтің де, Жүнісовтің де, Ақышевтің де сөздік қоры мол, сөйлем құрылысы оралымды, шебер, халықтың байырғы көркем тіл өрнектеріне сай бейнелеу, шебер теңеу құралдары бар.

Ә.Әбішевтің «Найзағай» романындағы Мәдидің үстем тап өкілдерін жыландарға, аждаһаларға, жолбарыстарға теңеуі, С.Жүнісов романындағы серінің ояз бастығы Коновалевты «мұрты тікірейген, ақсақ, ат бас шегірткеге» теңеуі, генерал Лосевский тобымен Қоскөл жағасында жүргенде болыстарды – көл үстінен күн көрген тұйғындарға, жуас, момын халықты – қарашаға, урядниктерді – қарақұстардың ұясын тартып алатын ителгілерге, қазақ билерін – күндіз көздерін жыпылықтатып, түнде ұрлық жасайтын жапалақтарға, жандайшап ауылнай, шабарман, поштабайларды – тышқаншылаған кезкүйрық, күйкентайларға, оязды – былапыт құладыңға, мешкей тағанаққа, ал генералдың өзін – жемнің үлкеніне, семізіне түсетін «қырандарға», «ақ патшаны – екі басы бар, тамақтанғаны – ойын, ойыны – нөсер, бүкіл құстың, аң атаулының көз жасынан жиналған нөсермен ойнайтын самұрық құсқа теңеуі өте үйлесімді, әрі ұтымды шыққан.

Әдемі тілмен әсем бейнелеу «Ақан серіде» де, «Найзағайда» да, «Жаяу Мұсада» да бар.

Ыбырай әншінің көмейінен төгілген «Толқын» әнін Сәкен Жүнісовтің тек өзіне ғана тән стилімен суреттегенін қараңызшы: «Толқын»—толқын десе толқындай. Ән ырғағы нажағайлы, дауылды күнгі шалқар көлдің ортасынан бірін-бірі қуа жүгірген жал-жалдың толқындарындай жарысып, әнші көмейінің тереңінен күмбірлеп келе жатады да, гүмп етіп жағадағы

меніреу тасқа соғылғандай ақ көбіктерін аспанға атады. Шашудай шашылған толқын суынан үркіп, шаңқ етіп көкке көтерілген шағаладай, қанатты үн, әнді тіке шырқап, ең шыңырау биігіне жеткенде біраз уақыт жемін аңдыған әлгі шағаладай ауада ілініп тұрады да, енді бірте күрт құлап, шабақ ілгендей қайта қалықтай жөнеледі. Ән соңында күмбірлеген үн ел аңызында айтылатын бұлтты күнгі шайтан қуған періште арбасының донғалағындай күркіреп, енді бір кеште періште қамшысындай сарт етіп бітеді. Әнші жүзі де «Толқын» үстінде неше өзгеріп, біресе түйілген, біресе жадыраған қабақ, шоқтай жайнаған көз, аруақтана қозған қимыл, бар дене, бар бітімімен неше құбылады. Әсіресе, атышулы ұста әкесі Сандыбайдың бір басылып, бір көтерілген мес көрігіндей, әнші Ыбырайдың алқымы бірде ісіп, бірде басылғаны-ақ көрер көзге ғаламат. «Толқын» әнін толқытқанда патша мұрагерінің көзіне қазір не көрінгенін, сезіміне не оралғанын кім білсін, әйтеуір осы әнді Ыбырай айтқан сайын, Ақан сері көзіне Бурабай, Шалқардағы дауылды күн, толқынды көл, ақ шағалалар елестейді» [34, 266-267].

С.Жүнісов Ақан сері сияқты геройы арқылы өзіне тән стильдік ерекшелігімен ел әкімдері патша баласымен табақтас болуға жанталасып отырғанда ел шонжарларын «мұрнынан суы ағып, тілсіз маңыраған, бырс-бырс түшкіргеннен басқаны білмейтін, сақалдары шошандаған сасық төкелерге теңеуі – өте өткір, өңменіңнен өтетін зәрлі әжуаға толы.

«Жарылғапберді әнді ерттеп, күйді мінген әнші еді. Арқада Жарылғапбердінің аты түгіл, әнін естімеген жан кемде-кем. Даусы биікке шырқап барып, ақша бұлттың ар жағына өтіп кеткен қырандай самғап, аспан әлемін дүрліктіріп біраз жүреді де, жерге қарай шүйілгендей, күмбірлеп қайта ағады. Кейде бұлбұл боп сайрайды, қаз боп қанқылдайды, аққу боп сұңқылдайды. Жарылғапбердінің айғайы шыққанда, Ақшоқының іші-тысында жайылып жүрген жылқы бастарын жерден жұлып-алып, құлақтарын тігіп, адырая қарайды» [37, 401].

Бұл – әнші Жарылғапбердінің қандай өнер иесі екенін білдіретін Ақышев қаламының өзінді мәнері.

Табиғаттың суретін бейнелі сөзбен бейнелеп, әдемі сурет жасау Әбішевте де бар:

«Алыстан асқар тау болып көрінетін адырларды кесек-кесегімен жалмай жұтып, екпінімен барып кең даланы құша құлаған қара бауыр, тарғыл сауыр көкала бұлт Мәдилердің жолын кесіп өткелі нөсерлетіп келеді». Бұл – тек табиғаттың ғана әдемі суреті емес, беймезгіл заманның өнер иссіне деген қарым-қатынасын білдіретін астарлы бейнелеу емес пе? Әрине, Әбішев стилінің ерекшелігі осы тұстан көрініп қалады.

Стиль ұғымы – өте кең ұғым. Сондықтан біз де аталмыш романдардың стильдік ерекшелігін түгелдей дерлік қамтып, айтып шықтық дей алмаймыз. В.В. Виноградов айтқан ғой: «Өнер тану, әдебиет тану мен лингвистика саласында стиль термині мен стиль ұғымынан асқан көп мағыналы термин жоқ» –деп.

Әдеби стиль әдебиеттің бағыт-бағдарын айқындайды, әрбір суреткердің өзіндік қалам мәнерін танытады. Стильдік бағыт сол ұлт әдебиетінде қалып қоймай, әлем әдебиетінің арнасына құяды. Осы тұрғыдан келгенде, әдеби стильдің бағыт-бағдарын қалыптастырудағы жазушының жалпы ағымға қосар үлесі болады.

Сонымен, осы айтылғандарды қорытындылай келсек, қазақ әдебиетінің соңғы жылдар прозасында Әуезовтің шеберлік мектебінен өтіп дүниеге келген өнер адамдары жайлы романдар әдеби процесіміздің басым бөлшегін құрайды екен. Осы тақырыпқа жазылған романдардың көркемдік сипаттарын аз да болса саралауға тырыстық. Бір ескеретін жайт – осы шағын еңбекте шығарма текстіне көп үнілдік, кейіпкерді сөзіне, толғанысына, жазушының өзі ұстанған идеясын орындаудағы баяндау тәсіліне де көп орын бердік, себебі, әр студент көркем шығарманы талдау, оның табиғатына үңілу қасиеттеріне баулынса екен деген мақсатты көздедік.

С. Сматаевтың «Дүние өтерінде шыр айналды» повесі жазушының қаламгерлік шеберлігін, тіл тазалығына деген ықтияттылығын айқындап, Біржан ғұмыр кешкен уақыттың барша жай-жапсарын оқырманға толыққанды жеткізе алған.

Аяқ-қолға қыл бұрау түскеніне үш жыл толды. Жүйрік домбыра күмбірінің күрмелгеніне де үш жыл болды.

Көктем шіркін тіршіліктің желпініп, желкілдеп өсер бастауы ғой. Жан-жануар біткен өлі жүнін түлетіп, жаңа көктемнің жаймашуақ нұрына бой ұрғанда, құрсаулы қолын қозғай алмай, үнсіз ой қудыратын дәл осы жазғытұрымын бұрын-соңды кездестірмеген қимасындай қорсау ме, қас қағымдай шаққа сонау, сонау бір кеуденің түкпіріндегі әлдебір қуысынан үрей аулайды. Сол-ақ екен, тұла бойын түгел дірілдетіп, бақайшақтан жоғары өрмелеп келіп, суық қорқыныштың тарамыс саусақтары алқымына тас кенедей жабысады. Жабысады да, осынау соңғы көктемнің құлпырып оянған қызыл-жасыл қызғалдақтарын көз алдына төндіре тақап әкеліп, өмір көкsegіш қазымыр аңсаумен қош-қош айтар сағатының жақындап қалғанын қоңыраулатып тұрып және қинайды. Рақымсыз тірлік қуатын ұрласа, әлсіз үміт ақырғы шырағын да, өшіріп алыпты. Содан ба, талайдан бері өзін-өзі о дүниеге дайындап, қиялмен қиямет асуын жиі-жиі елестететін. Кей-кейде осы торығу мен түңілуден сәл айығып, өткен күннің мұнартып көлбеген сұлбасымен қауышып, ой шырағы жанғандай көзіне нұр жүгіретін. Сол кезде жанары жасаурап, ерні жыбырлайды. Әлдебір құштарлықпен ішкі зейіні еміс-еміс шалып қалған бір әуенді бал сорғандай тамсана созады. Ондайда домбырасын іздейді. Шырмаулы қолын жұлқып-жұлқып қалып, жарасының аузын ашып алады. Сыздықтаған қанға да, жанына батқан жараға да қыңбайды. Баяу басталып, бірде шұғыл, бірде тосаң саздарға ілесе күбірлеген еріннің уілінен асқақ сазға ауысқан өз халін де аңғармайды. Лезде қаяулы жүзі сан құбылып, бір нұр, бір жалынмен алау атып, сонау ешқашанда ұмытылмас уазипалы шағын қайта кешкендей жүрек лүпілінің діріл қаққан ынтығымен қоңыр саздың әсем нақышына сүңгіп кетеді.

Жанбота, осы ма еді өлген жерім,  
Көкшетау боқтығына көмген жерің...

Ән шырқағанда, көңіл шешіледі. Қай-қайдағы ойға түседі. Ащы күйік намысты бұрқ еткізсе, сол намысты өршіткен



содыр соққысы отыз жыл бұрынғы бар бояу-бедерімен көлбеңдеп оралды...[40,5-6].

«Дүниеде мұң жоқ.Уайым-қайғы жоқ. Шаттық бар,шадыман тірлік бар.Күліп өтейік,күлдіріп өтейік.Нұр аулаған ынтықшыл көңіл сарыжайлау мекенін қызық пен думаннан ғана сайлайды.Ыстығы-суығы аралас, оты мен ойына көп желең шақ алпыс екі тамырдың түгел иіген құмар аңсауындай емес пе.Теңселіп барып,лықсып қалып жол беретін ән мен әуен-серінің серігі ғой.Ескек желдей құтырып,атой үніндей дауылдап,шығандап барып атырап пен атыраптан мың сан қауымды дүрілдете тік өргізіп әкелетін ән құдіретін мен тапсам,ол осынау шуақ көңілдің алаңы жоқ тазалығынан ғана болар.Саумал көлдің майда желпіген лебіндей қалың жұрттың жүрегіне тұнған кіреукені серпіп бір кетсем, сергітіп бір тастасам,одан артық сыбағаны қалар ма едім.Қыз ерніне үйірілген сұлу күлкіні сыбырлаған бұлақ үніндей ақтартып жібере алсам, одан арғы өмірде нені іздермін.Іздерім жоқ.Сол өзі жетеді.Әнмен уантып, әуенмен көңіл көлеңкесін қуалай білсем-дүниенің басқа бәсіне таласарым болмас-ау!» [40,8].

Біржан домбырасын құшақтап орнынан жұлқынып тұрды.Өмірінде алғаш рет басқа тиген сұмдық соққысы осы болар. Иісі қазақтың қай аулына барса да,атынан көтеріп түсіріп,аялап алақанда ұстайтын серісі туғалы көрмеген қорлығын бүгін көрді. Іштей бір сөз,жалғыз сөз сан қайталанып,миына шақ-шақ тиеді. «Қорлық!Қорлық!» Көзі түк көрер емес,қанталап сала берді. «Ұрды-ау!Кеудемді бастырмаған асқақ ем,басыма сұмдық соққы тиді-ау!Бұдан өткен қорлық бар ма? Ішімді өртеген жалын денемді қорлық боп шарпи ма?Одан да неге біржолата жоқ қылмайды.Ұрды-ау!Асынабай содырдың жаман құлы ұрды-ау!Өттең-ай,неге өліп кетпедім!Неге?...». Осы бір удай ой әншінің бар сезім –түйсігін шырмап алып,құрсап барады. Тұла бойда алдымен әлсіз діріл жүгіріп,сәл-сәлден кейін денесін түгел қалшылдатып әкетті.Үзік-үзік ой баурайды. Бірде ашу, бірде қорлық қамайды. Осы екі қызу жалынды сезім кезек-кезек арпалысады. Дүние – алау, дүние – өрт. Өртеп,күйдіріп барады. Қинап,қорлап барады. Ынтықтық, пәктік жайлаған болмысы алдамшы сағымдай сусып

ұстатпай кетті де, кеудеге жалын аралас өксік пен өкініш оралды. Қамығу мен күрсіну жетті. Ах ұрған көкіректің ыстық лебі жалғыз ғана «қорлық!» деген сұмдық сөздің ызғарынан қалтырай суынып, асқақ жанды өлермендікке жетелейтін де тәрізді. [40, 14-15].

«Неге тудым? Осындай қарғыс соққысы тиер болса, о баста тумасам етті. Мақтан етер азаматы болсам, мені мынандай қорлыққа батырып отырып, жұртым қалай шыдайды? Үндемей, бір бұлқынбай өмірден өгейсіп өте бергені ме? Қысасты кім тыяды? Жауызды кім ауыздықтайды? Мұңым, жоғым бір халқым қара көрсете алмаса, жалғыз қара мен не таба алам? Не таба алам?..»

Талықсып, булығып демі үзілердей қиналып тұрған әнші тысқа жүгіріп шықты. Кермеде байлаулы тұрған атына қарай асыға адымдап барды да, қалт тоқтады. Үндемей кете берсе, ақындық сүйегіне түскен таңбасы мәңгі – бақи бірге ілесетіндей сезіледі ме, ақ ордаға шұғыл бұрылды. Қара көздерге кекшіл уыт оттары оралды. Жас тыйылды, діріл басылды. Біржан сал табалдырықтан аттағанда, сері домбыра ашулы күмбірге ауысты. Күйік шағу емес, күйінішке кек ату күмбірі. Сонау зеңгір көктен құлдилап, тас түйін боп шүйіліп түсетін қаршыға болатын. Шығандап барып- барып, оқтай құйылатын. Әнші даусы дәл солай аспандап шырқап тұрды да, лек-лек толқынымен намыс боп, ыза боп, қарғыс боп төгіліп-төгіліп кетті.

Жанбота, осы ма еді өлген жерім,  
Көкшетау боктығына көмген жерім.  
Кісісін бір болыстың біреу сабап,  
Бар ма еді статьяда көрген жерім.

Жанбота, өзін болыс, әкең Қарпық,  
Ішінде сегіз болыс шенің артық.  
Өзіндей Азнабайдың поштабайы  
Қолымнан домбырамды қалды тартып.

Тартса да домбырамды бергенім жоқ,  
Есерді поштабайдай көргенім жоқ.  
Қамшымен топ ішінде ұрып еді,  
Намыстан, уа дарига, өлгенім жоқ [40,15-16]

–Уай, Жанбота!Мені ұлыдың дедің гой.Ұлығаным рас. Ұлытқан Азнабай мен сен! Біріңнің қорлығың, екіншінің зорлығың өтті. Қалай адасқам. Сендерден рахым күткенше, қара тастан ізгілік іздесемші. Өнеге болар қай қылықтарың бар еді. Үлгі шашар қасиеттерің де жоқ. Кеш білсем де, анық ұқтым. Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ. Қай қадір- құрметіңе сеніп ілесіп едім? Ол құдірет сенде жоқ екен. Әттең кеш біліп, адасып келгеніме өкінем. Қатты адасып келгеніме қапаланамын. Бірақ, енді адаспаспын. Ендігі мақсатым – адасқандардың көзін ашу болар, –деп, майда қоңыр бір сазды бір сазды бастап кетті.

Созады Біржан даусын қоңыр қаздай,  
Басқаға бір өзіңнен жүрмін жазбай.  
Жиылысы жандаралдың болады деп,  
Жанбота, мазамды алдың ала жаздай.

Айтады Біржан өлең ентелетіп,  
Біржанды халқым қойды еркелетіп.  
Есерге поштабайдай көз алдында  
Біржанды қойғаның ба желкелетіп...

Ән бітті. Жиын үнсіз. Әнші кілт бұрылып үйден шықты.Ән мен өлең сөзді қабат өріп,өр қиялы тудырған құдіретпен азулы болысты жермен-жексен етіп кеткен Біржан салға риза болған жігіттер бірі тізгінін ұстап,екіншісі қолтықтап көтеріп аттандырып салды.Қос ішекті домбыраның күмбірі мен жез таңдайдың бұлбұл нақышы бүкіл атырау,алапқа жуансып келген паң көкіректі бір-ақ сілкіп, жермешел етіп тастағанын Көкшетау өңірі алғаш рет кездестірген еді.

Кеш батып қалған.Жайлаудың оты шайылмаған шалғынды құрағына көліктерінің бауырын сыздырып,батысқа маңдайын түзеген әнші тобы батып бара жатқан күннің қызыл арай,қызыл

алау нұрымен түйдек шоғыр жалынға айналып алыстап барады.Салдың кең маңдайы,үлкен көздері осы күңгірт қоңыр бояуды ерекше өзгеріп,ішкі ширыққан күйдің әсерімен «Адасқақ» әуенінің шалдуар, серпінді қайырмасын лекілдете қайталайтындай. «Сен астамсып едің,артықсынып едің.Шеніме келмей қалғаныңды ұға алдың ба?Қорғалап күн кешкен көп сорлыға ең болмаса бір рет қажыр қосар қаракет танытсам керек. Ылайым,әнімді атой қып өтермін-ақ. Бүгінгі тапқаным осы болды-ау. Адаспай таптым.Бұрынғы күнімді,бұрынғы адасуымды айғақ етіп мына әнімді «Адасқақ»деп атайын.Тілін безеп,жанын жалдап ел ақтаған ақын көп.Солардан сәл де болсаоқшау тұрып,ел жүзіне қуаныш әкеле алсам екен.Жалғыз да болсам жауыздықпен жағаласып кетермін.Жол азығым да, жан азығым да әнім,тек қана әнім болар...»Әнші үнсіз.Әнші үнсіз болғанмен,ой жүйрік,қиял ұшқыр.Осы шаққа шейін елемей келген көңіл түкпірінен тың арна ашты да, мына жарты әлемді жалын жалауға ораған күнге қарап келе жатып іштей серт байлап, көңіл жатыратқан қошуақ тыным тапты [40,18-19].

Қол-аяққа қыл бұрау түскеніне үш жыл толды.Арқаның атырабына сыймаған ор кеуденің керегенің сағанағына байланғанына да үш жыл болды.Шорланып біткен ескі жараның орнын қанталап жаңа жара басты.Әнші көңілді мұң жайлады.Нәзік әуенді кеудеден қуып, шерлі толғау оралды.Уануды ойламаған, қасірет сімірген қапалы жанның көз алдына күңгірт кештей өлім суреттері елестеді. Ақырғы сағатын шыдамсыздана күтті.Сонау күндерде шарасына сыймай буырқанған жастық жалыны « ажал», «өлім»деген ұғымды ескертіп пе еді.Күліп еңген дүниесімен жылап қоштасатын соңғы сәттің көз ашып-жұмғандай тез жететінін қалай білмеген.Енді сол құтылмас тұзақтық дем-лепті сығымдап тауысып бара жатқанын сезгенде, «не де болса тезірек жетсе екен» дейтін бір ынтығу,асығуға іштей бой алдырғанына өзі де қайран.Біреп сәт қимылсыз қалып сыртқа телміреді.Көктемнің балауса

шағы.Жұпараңқиды.Жалбыздың,шайырдың,түйежапырақтың кермек иісі жетеді.Көктем-тірліктің бастауы,жас өркеннің талпынуы. «Апыр-ай,мына көктемді тағы да бір көре алармын

ба?Әй,енді көрмеспін-ау.Қарға адым аттап шығуға да зар болып тұрғанда, ілік етер күтерім не?Неге күтем?Нені күтем?Ынтығарым бар ма?Жоқ қой.Жетпеді ме күткенім.Ажалдан артық бостандығым, еркіндігім бар ма еді?»

Кеудеге суық леп шымырлап енгендей болады.Сол суықпен сап етіп белгісіз үрей оянады.Алқымға әлдене кептеле тіреледі.Нұры сөнген көздерге қорқыныш ұялайды.Сол сәт аспан төмендеп тобесіне құлайтындай,жер жарылып тереңіне тартатындай қайдағы бір құбыжық ойларға шым батады.Көкірегін қарс айырған арманындай, булығып жеткен өксік демдей шала есірік халінде сипап оралар әуені және бар.Соны еске алғанда,ерні жыбырлап,көмейден небір ән төгіледі.Өткен дәуреннің күй созып,үн салып тұратын мамыр шағы тағы да аударылып-төңкеріліп келіп,әншінің әбігері көбейген мына сұсты күндеріне кәдімгідей талшық болады [40,21-22].

Қол аяққа қыл арқан түскеніне аттай үш жыл толды. Қиналған жанға қайғы-шері көп толғақты күйік жамалғанына да тура үш жылдың мұғдары өтті.

Іштегі жегіден құтылар пана таба алмай, екіленіп бұлқынғанда, шорланып біткен ескі жараның орнына білем-білем жаңа жара түседі. Шып-шып қан шығады. Қыл арқан қан сіңіп, қақ-қақ болған. Аяқтағы темір кісен күн өткен сайын ауырлай түсіп, зіл батпан салмағымен қозғалуға пұрсат бермей, керегенің сағанағына тапжылтпай таңып тастаған. Содан ба сахараның сағымындай сусыған еркін, ерке Біржан бұл күнде үстіне жалған жапырылып құлағандай ауық-ауық күрсінгенде, көкірегі қарс айрылады.

Алғаш, осыдан төрт-бес жыл бұрын шау тартып, ақшулан сақалы молайып, кәріліктің алғашқы сызды салқынын сезіп, бұрынғыдай ұзақ-ұзақ сапарға шықпай үйінде отырып қалып еді. Теміртас, Қалкен ұлдары өсіп, Ақық, Асыл қыздары бой жетіп барады. Халал жұбы – Әпіші баяғысындай. Салдың қас-қабағынан көңіл күйін танып, жүріп жататын.

Біржанның Ержан, Нұржан ағалары інісінің осы бір үйкүшік болған тірлігіне шүкіршілік білдіріп, «Енді қартайған шағында әуп-әуп етіп беделінді түсірмей шаруамен айналыс.

Осыншама жын қуғаның жетеді», –деп өздерінше ақыл айтып қоятын.

Біржан біраз шыдады. Біржан шыдағанмен, сал-сері жолдастары шыдамады. Ат көпір боп келіп жатты, ауылды думандатып жатты. Қонақасы судай төгілді. Біржан кедей болғанмен, ағайын-туыс бай. Бірақ бай туыс бағыланының басы кеміген сайын кейістігі ұлғайып, кедей Біржанға кекірейе қарайтын болды. Ауылда жиын азайды. Дүрмек дүбір жоғалды. Ақын жалғыз қалды. Ақының өзімен бірге ойы ғана қалды. Дәрменсіз ой ұзай түседі. Ұзатып аулаққа, оңашаға әншіні алып кетеді. Біржан жалғыз қалған, жайрап қалған дүниеден іңкәр іздеп, көңіл алдап, ән шырқатады. Оңаша егіледі, оңаша жылайды. «Айтып қалайын, соңғы рет ашылып қалайын» дейтіндей оқшау терекке сыр шертеді, серек жартасқа тіл қатады. Күбірлеп жыр жолдарын іздейді, күніреніп әуен шақырады.

–Ей, дүние! Мен саған ән сыйладым, сен зар бердің! Мол бердің. Аямадың. Тулаған жанымның парша-паршасы шыққан тілім-тілім жарасын көрші...

–Ей, дүние! Мен асқарыңа құлаш сермедім, сен шыңырауыңа тарттың. Соншама азап берердей ненді бүлдіріп ем. Не жазып ем саған!..

–Ей, дүние! Бозторғай құрлы қадірім жоқ. Сар далада жалғыз түп қараған да бой көтереді. Көлеңке түсіреді. Менің саямнан пана тапқан тірі пендені көрсетпедің. Не істедім саған мен?..

Әнші зары тынбайды. Ән күніреніп шалқиды, күрсініп төгіледі. Улы дертпен бойды алған оңаша ойы аулақ-аулақ әкете береді.

Біржанның оқшаулануы көбейді. Оның үстіне Қарауыл мен Керейдің дау-жанжалына қарамай Қарауылдағы дос, серіктерінен де қол үзбеді. Бөріктінің намысы бір. Бірақ намыс қуған Біржан жоқ. Оның қуары – ойы. Оңашалығы. Қымбат дүние тәрк етсе, қимас тірлігі азабына айналды. Ықылық атқан көкіректен запыран төгіліп, «Ей, дүние!» дейтін бітпес шерге ұласты. Соның аяғы « Біржанды шалық басты, жын иектеді»

деген еұмдық кесікке байлап, аяқ-қолға кісен салдырды. Асқак Біржанды тұтқын қылып ұстады.

Әл-куат күн санап кеміп барады. Мысқалдап таусылған дәрмен ес-сананы да әлсіретеді екен. Есі кейде бар, кейде жоқ. Қауесет хабар аздап шындыққа айналғандай. Бота көздері жасаурап, құр сұлдерімен керегенің тор көзінен қараңдайтын жандарға үнсіз, дәрменсіз тесіледі. Әннен тыйылған әнші сөзден де қалды. Ендігі ермегі де, бір уақыт уанышы да ойы. Бітпейтін, үзілмейтін ойы [40,38-40].

«Әй, осы көктемім ақырғы көктемім-ақ болар. Енді көре алмаспын. Қараңғы көрдей мына бейуақ ертең таң болып қайта білінер ме? Теміртас, Қалкен-қос қарашығым, қайдасындар? Келсеңдерші, маңдайларыңнан иіскейін. Қолымды босатындаршы, арқан батып барады. Әпіш-ай! Сені де сорлатты ғой. Жібермейді ғой маған. Кім көрінгеннің тепкісінде кетермісіндер. Келсеңші! Қусаңшы мына меңіреу қараңғылықты. Шам жақшы! Әкелші жарықты. Ең болмаса саңылау енгізіші мына қапасақ.

Көктем иісі аңқыды-ау! Түнлікті түріп тастар ма еді. Теміртасым – қарағым, айдарыңнан бір сипатшы. Келе ғойшы, құлыным...» [40,42].

– Біржан басын көтерді.

– Не айтайын деп ең, Төрекүл?

Төрекүл үндеместен артына бұрылып, домбырасын алды. Салға ұсынды.

– Қолымды босат.

Домбыра қолына тиісімен күмбірлеп шешен сөйлей жонелген жоқ. Кібіртіктеген саусақтар қос ішекті бірбірлеп шертіп отті. Ақырын күрсінген әлсіз кеудедей қат-қат ызың шықты.

– Қасиетті, қара домбыра-ай! Сен екеуміз ықтиярсыздық кебін тартып, бір-бірімізден айрылып қалып едік. Ақырғы сәтте табысып отыр ма екенбіз? Бір безілдеші, кәрі серігім!

Осыдан кейін үншіл аспап құйқылжып кетті. Алыстан дауыл үйіріп, толқын аулады. Тыстағы дүрілдеп жеткен нөсерге қосылып бебеу қақты. Сонау жоғалып кеткен достарды бүліне іздеді. Сонау ыстық достық мейірді сағына шақырды.

Перзенттеріне бақыт тілеп, аңырап шарқ ұрды. Көп-көп толғады. Көп-көп құбылжытты. Сонау қызуы мол жастықты огейсіді. Соншалық нәзік мұңмен тіл қатып отырып, ақтық қошқошын айтты. Сонау дүбірлі кезеңін көз алдына елестетіп отырып, енді бір қайта қауышпас өкінішімен күрсін атып, ақырғы аманатын жолдады. Сонау тілек кешінде арманы қабысқан Әпішке сырын шертті. Қоштасып, бақұлдасып шертті. Сонау көркіне құмартып, көңілмен танитын көп құрбысына құпия назын арнады. Армандап, ащы жасы ағындап отырып арнады. Сонау әнімен ұйытқан тесік өкпе, алқынған демді елжұртын ойлай түсіп, қапастағы халінен ауыр күй төкті. Зарығып, аңсап, қоштасып отырып төкті.

Төрекұл жүзін жас жуды.

Домбыра жылады.

Нөсер төпеледі.

Сонау жазирада жай оғындай жалт-жұлт еткен жалынды жігіт үзілер шағының соңғы демін екі ішектен ықылық атқыза шығарып жатыр...

Қыл ішек үзіліп кетті. Саусақтар сұлық қалды. Ақ сақал төске құлады. Үш жылдың азабына төзген алып жүрек, ақын жүрек соғуын тоқтатты.

Алпыс төрт жасқа аяқ басқанда, 1894 жылдың көктемінде Біржан мәңгі көз жұмды.

Домбыра бебеуі тыстағы дауыл үніне жалғасты. Сонау-сонау күндердің мол ызыңын жоғалтпай, іліп әкетті [40,54-55].

Қазақ әдеби үдерісіне соңғы жылдары келген шығарма – Т. Тілеухановтың «Соңғы сері» романы [41, 243-245].

Қазақ әдебиетіндегі драмалық, поэзия жанрындағы прозалық шығармалардың бірталайы ертеректе ғұмыр кешкен, ұлтымыздың озық әдет - ғұрпы, салт-дәстүрі және рухани игіліктерінің бірден бір символына айналған сал, серілердің шығармашылық жолына арналуы ұлттық сөз өнерінің өрлеуі деп білгеніміз абзал.

Егер С.Жүнісовтің «Ақан сері», З.Ақышевтың «Жаяу Мұса», «Иманжүсіп», Ә.Әбішевтің «Найзағай», «Атыңнан айналайын», С.Сматаевтың «Дүние өтерінде шыр айналды» шығармаларының басты қаһармандары ХІХ ғасырда ғұмыр



кешкен қазақтың біртуар перзенттері, яғни Ақан сері, Жаяу Мұса, Иманжүсін, Мәди, Біржан десек, қаламгер Т.Тілеухановтың «Соңғы сері» романы өткен, XX ғасырдағы сал, серілердің соңғы тұяғы іспеттес Әбдірәс өміріне арналған.

«Соңғы сері» уақыты жағынан Ақан серілер заманынан бір ғасыр кейінгі мерзімді қамтиды. Ақан серілер заманы патшалық Ресейдің қазақ жерін отарлаудың, қанды қақпанына түсіріп, әбден тұралатқан, ұлттық ой сана, болмысты бұғаулауға бағытталған саясаттың шарықтау шегіне жеткен кезі болса, Әбдірәс серінің заманы Ресей патшалық империясының бірден - бір заңды мұрагеріне айналған кеңестік биліктің салтанат құрған кезеңі болатын.

«Соңғы сері» жоғарыдағы ойымыздың бірден бір бұлтартпайтын нақты дәлелі.

«Соңғы сері» – біржола жоғалып кетпесе де, біртін біртін құрдымға бет алған қазақтың ұлттық болмысынан туындайтын әдет-ғұрпының, салт-дәстүрінің, салдық, серілік өнерінің еңкейгенге еңкейіп, шалқайғанға шалқаятын биік рухының құлдыраған қазіргі көрінісі.

«Соңғы сері» – «адамды заман билемек, замана оны илемек» уақыттың шынайы келбеті. Өзгерген уақыттың, жаңарған заманның ұстанымы аясындағы реалистік өмірдің бедері.

«Соңғы сері» – тек Әбдірәстің басындағы ғана трагедия емес, тұтас қоғамның басына түскен нәубет.

Қазақ ғұрпында өткен тарихқа тас лақтыру, мансұқтау әдетке еңбеген. Алайда жетпіс жылдан астам салтанат құрып, октемдігін жүргізген сол мызғымас кеңестік жүйенің бір оқ атылмай, жалп етіп құлап түсуі көп нәрсені аңғартса керек.

Романда суреттелген бас қаһарман – Әбдірәс. Тұтас қазақты аузына қаратып, рухани сұранысын қанағаттандырған кешегі сал, серілердің соңғы тұяғы.

Роман бірден табиғат суреттеуден басталады:

«Аспан мен жердің астасқан тұсынан бері қарай алдымен қыратты қырқалар көлбеңдейді. Бірінен кейін бірі тізіліп, біріне бірі иек артып, жылыстап көшіп бара жатқан-сынды. Қыс күндері шошақ шоқысының үкілі басын жел қағып қарайтып

кеткен тікшелері ғана алабажақ көрінеді. Ал қалғандары – ойлы қырлы дөңестер мен еңістер. Ақ дөңестер, ақ еңістер. оңға, солға, ары қарай ұзағынан, жалпағынан созыла береді. Бітпейді, таусылмайды.

Ал, бері қарай... Іркес-тіркес ентелеп келеді де, беріге таман итіне - итіне түсіп, шегіншектей қалысады. Қайтадан кері серпіліп, сапарларын қайтадан жалғстырмақ. Бәрі бір тәртіппен ентелеп, бір тәртіппен тежеле қалмайды, әрине. Іштерінен оқшау озып, шашау шығып бөлініп тұратындары да бар. Қасындағылары табандарын тіреп тежелісіп қалғанда, алдыға екпіндей ілгерілеп кегіп, енді не істеудің жөнін таппай, албырап салбырап шашыла түсіп жатқандары да баршылық.

Тығыздала сығысып, жалпағынан тұтасып, жердің бетін апырып-жапырып келе жатқан осы жойқынды тежеген, әбігерге салған не күш?

Ие, жолындағының бәрін апырып-жапырып, өркеш-өркеш, жал-жал болып ентелеп, еңселеп келе жатқан жойқын күш албырап-салбырап кенет тоқтай қалады» деп басталады да, «Жолындағының бәрін апырып-жапырып талап келе жатқан жойқын күшті кері серіпкен-осы сырлы сөзен. Сырлы, жырлы өзен. Нәрлі, әрлі өзен. Жер астымен тамырлана тарап, екі жағалауына жайылған сан мың талшықтарынан жер бетіндегі көкөрімнің бәрі нәр алады. Тіршіліктің бір құдыреті – өзі. Тіршіліктің бір құдыреті. Тіршілік көзінің бірі. Сондықтан да анау жойқын күш еріксіз тежеледі» – деген тұжырыммен аяқталады [41, 5-6].

Ұтымды экспозиция. Символдық мәні бар. Әсіресе, «...сығысып, жалпағынан тұтасып, жердің бетін апырып – жапырып келе жатқан осы жойқынды тежеген, әбігерге салған не күш?» деген жолдары бейне бір жалпақ әлемге жар салған, сауал жолдаған сияқты әсер қалдырады да, «Жолындағының... тежеледі» деген соңғы жолдар астарлы ишаратпен, символ арқылы күдік пен үміт тайталасын меңзейді, ерте ме, кеш пе, соңғысының үстем боларын, себебі, негізгі арнасын аса құнарлы, нәрлі де нулы, ешуақытта сарқылмас тереңде жатқан бастау көзден алған өзеннің де мәңгілік ғұмыры бар екенін айғақтайды.

Ақанның, Жаяу Мұсаның, Иманжүсіп пен Біржанның, Мәдидің қандай уақытта өмір сүргені, тағдырларының қаншалықты ауыр да азапты болғаны мәлім. Олар патша заманында да, кеңестік дәуір тұсында да туған халқының ыстық сүйіспеншілігі мен махаббатына бөленсе де, ешқандай мейірім, ілтипат көрген жоқ. Ал, тәуелсіз еліміз оларды мерейіне бөлеп, әруақтарына тәу етіп, ұлттық руханият тарихына есімдерін алтын әріптермен жазуда. Демек, экспозициядағы «сырлы, жырлы өзен» халық жадының тиімді символдық бейнесі.

Әбдірәс – жүйрік қос шырағы бар, алғыр екі тазысы бар, қыран бүркіті бар азамат. Кешегі сал, серілердің козін көріп, сарқытын ішпесе де, олардың өнегелі өмірін, ғаламат өнерін әрі насихаттап, әрі жалғастырып жүрген жан. Қос тұлпарының бірі – Ақтабан, екіншісі – Әссәкөк. Әбдірәс та өзгешелеу киім киеді. Жүген, өмілдірік, құйысқан, тос айыл, үзенгі, таралғы, ер тоқымы – бәрі де күміспен күптелген. Заманы өтіп кеткен сал, серілер дәстүрі Әбдірәс бойына тек жүйрік ат, қыран құс, алғыр тазы ұстауы, сал, серілерге ұқсап, ерекшелеп тұратын киім киюімен ғана емес, жан дүниесі, бүкіл болмысына сыналап енген. Оны кешегі сал, серілердің соңғы тұяғы дейтініміз де сондықтан. Алайда уақыт та, заман да басқа еді. Егер Біржан мен Ақанның, Жаяу мен Иманжүсіптің, Мәдидің заманында бұлардың тілекшісі, қамқоры, тобесіне көтерер жұрты бүкіл қазақ қауымы болса, Әбдірәсті де қолдап, өзгеше өмір салтына, кірпияздығы мен текті болмысына айрықша құрметпен қарайтын, сырттай болса да, іштей болса да амандығын тілейтін біршама адамдар бар. Бірақ олар көп емес.

Әбдірәс – бойына ұялаған ата-баба дәстүрін, өлмес, жасампаз өнер тудырған ұлы сал, серілер ұлағатын өнеге тұтқан тұлға. Өз жанынан эн шығармаса да, көне мұра, хисса, жырларды төселдіріп жырлайтын өнерпаз жан. Кірпияз жан біреуді өз идеалына баласа, сол адамға өле-өлгенше кір жуытпай өтеді. Әбдірәстай адам Ақан мен Біржан, Мәди мен Иманжүсіптей әрі батыр, әрі өжет, әрі өнерпаз ғана емес, дәл солардай өнерді құрметтеу, оны киелі, қастерлі деп санау арқылы сұлулыққа ғашық, әсемдікке іңкәр жан. Романда Әбдірәс – Балзия қатынасы автор тарапынан асқан нәзіктікпен,

сыршыл шеберлікпен берілген. Жазушы бар қаламгерлік қуатын аямай жұмсап, полифониялық тәсіл, кейіпкер жан дүниесін аша алар түрлі тәсілдерді ұтымды қолданған.

Балзия – күйеуі соғыстан оралмаған азаматтың жесірі. Корікті, биязы, салмақты. Өзі сұлу, тартымды жас келіншекке жылмаң сөздің үйір болатынын да сезгендіктен, ақылды, орнықты мінезімен өз атына «жеңіл жүрісті әйел» деген атауды жапсыртпаған адам.

Әбдірәс – отбасылы. Әйелі – Мәркен. Балалары – Әзия, Кавказия, Ақтілек, Жастілек. Бір қарағанда, үйлі баранды адамның жесір келіншекпен түнде оңаша болуы, ерекше ләззаттанып, тояттауы кешегі заман үшін де, бүгінгі уақыт үшін де кешірілмес күнә. Алайда автор Әбдірәс – Балзия қатынасына ерекше психологиялық салмақ жүктеген. Бұлардың арасында тән құмарлығынан гөрі, жан құмарлығына іңкәрлік басым. Екеуінде де дыз етпе мінезден гөрі, шынайы ғашықтық, бір - бірін қадірлеу, бір - біріне лайық екенін іштей сезіну бар. Әбдірәс үшін өмірлік қосағы –Мәркеннің бойында көнбістік, қақ-сақпен ісі жоқ салмақтылық, күйеуіне қамқорлық жасап жүретін мейірімділік бар. Көп реттерде Әбдірәсті еркелететін де, тіпті әйел деген аты болмаса, ер адамға тән іс әрекет ететін де сол Мәркен. Әбдірәстің Мәркенге қояр кінәсі жоқ. Алайда Мәркен-Әбдірәс ынтық болған, ішкі сыртқы сұлулығы шебер қиюласқан, парасаты мен пайымы үйлесімді тоқайласқан Балзия емес. Әбдірәс пен Балзия үнсіз ұғысқан, ақыл-ой, сана өреденгейі бір-біріне сай жандар.

Ел аузында түрлі қиял-ғажайып әңгімелер тудырған, жүріс-тұрысы бекзат та текті сал, серінің бүгінгі тұяғы Әбдірәстің мына қамшының сабындай келте ғұмырда аман-саулығын, кіршіксіз жаны мен азаматтық рухының аласармауын тілейтін де – Балзия. Шығарма басында бір эпизодта ғана көрінетін аңшылық, саятшылық өнер Әбдірәстің аң аулауға деген құлшынысын ғана емес, тұз тағысы мен тазының шайқасында әділ арпалысқа ынтық болуын да көрсетеді. Жанындағы достарының да жекпе-жекке араласпауын өтінеді. Ал, Ұлы Октябрьдің 30 жылдығы атты мерекеде аудандық денгейдегі додада алдына талай аламанда қылқұйрық салмаған Ақтабанның

мәреден екінші боп өтуі, тіпті озатыны анық болса да, құлшынбауы, жас сәйгүлікке жолын беріп, өте самарқау болуы – бәрі де символдық мәнге ие!

С.Жүнісовтің «Ақан сері» роман-дилогиясының бірінші кітабындағы әйгілі сырттан Басаралының елді қан қақсатқан Біршек қасқырды тең шайқаста әділ түрде жеңгенін, ал, Сағынайдың асында үш жүздей тұмар қатысқан аламан бәйгеде Құлагердің әлдебір қауіпті сезгендей сұлқ, селсоқ тұруы – бәрі де «Соңғы серідегі» жоғарыдағы біз көрсеткен жайттарға ұқсайды және олар да символдық мәнге ие болып тұр. Қасқыр мен иттің жекпе жегінің көрінісінде Әбдірәстің және Ақан серінің әділ, азаматтық қасиеттері белгі берсе, ат жарысында Ақтабан мен Құлагердің өзгешелеу күйде болуы астарлық мәнге ие. Ақтабанның қылығы Әбдірәстің басына көп ұзамай-ақ нәубетті күндер туатынын, ескі әдет-ғұрыпты, сал, серілікті, ескі, көне ұлттық мұраларды жинап, арнайы орын ашқаны, сондай-ақ үлкен мерекеде оқушы, шәкірті Мадиярдың «Кенесары-Наурызбай» қиссасын жұрт алдында ерекше шабытпен орындауы бәрі жиналып келіп, бас кейіпкердің «саяси сенімсіз» қатарына қосылуына, сотталатынына психологиялық дәлелдеме ретінде беріліп тұр. Сенімді серіктері Берік, Мұнар, құлай сүйген Балзиясы, перзенттері мен момын Мәркен, талғамы терең, төңірегін қас қабағының қимылымен-ақ тырп еткізбей ұстайтын, ішкі пікірін сыртқа шығара бермейтін Әзкен, аупарткомның екінші хатшысы, мектеп директоры Кәрімбек, түрме бастығы Азамат және көкірегінде сәулесі бар бір-екі шәкірті болмаса, Әбдірәсті қолдайтын, Әбдірәске шаң жуытпай әспеттейтін жұрт шамалы. Көп адам жақсы көрсе де, ара түсе алмайды. «Найзағайдағы» озбыр жандар, «Ақан серідегі» Нұртаза, залым адвокат, ояз бастығы, «Иманжүсіптегі» Райымхан болыс, Чулаков ұлық, қанішер Пересынкиндер, «Жаяу Мұсадағы» Мұстапа, Құсайын, Жақыптардың орнына заман, қоғам, уақыт басқа болғандықтан, күрес-тәсілі де, амал-айласы да мүлде бөлек аудандық тергеуші, коммунист Кәркендер «Соңғы серіде» күрес сахнасына шыққан.

Беймезгіл заманда Ресей империясына бодан болған уақыт арасында орыс ұлықтары мен мансап-лауазым үшін оларға

итаршы болған қазақ жуандарынан зорлық зомбылық көріп, Ақан, Біржан, Мәди, Жаяу Мұса, Иманжүсіп қандай күйге түссе, патша отаршылдығының негізгі бағытын эстафета ретінде қабылдап алған кеңестік билік тұсында азат ойлы ұлтының ұмытылып бар жатқан ұлы құндылықтарын жаңғыртуға ұмтылған ХХ ғасырдағы Әбдірәстің тағдыры да оңай болмайтыны белгілі еді.

Ақыры, солай болды да.

Әбдірәс тағдыры – трагедиялы тағдыр. Кірпияз, таза, өнерді, саятшылықты, ұлттық болмыс иірімдерін жаңғыртуға бағытталған еңбегі еш болды. Сотталды. Оң қабағын билік иелері білдіре қоймады. Жұмыс істемейтін арамтамақ атанды. Түрмеден оралысымен жұмыс істемейсің деп тағы қамалды. Көше сыпырды. Бұл да ештеңе емес-ау, рухы биік, жаны таза, ұлттың асыл өнері мен болмысын танытатын дүниелерді жиғаны үшін, өзі де кешегі сал, серілерге ұқсауға ұмтылғаны үшін зардап шеккендігі өз алдына, сол ұлттың руханияты құрдымға кетіп бара жатқаны, мүлде бөлек, басқа тәрбие көрген ұрпақтың қалыптаса бастауы, бекзат, кірпияз, табиғаты таза, санасы сана жанның өзін құрметтейтін жұрттың көзінше көшенің қоқысын жинауы, ішімдікке үйір болуы, Әзкен қамқорлығымен ауылға кетсе де, аярлықпен құйрығына көпшік қойып, ар жақтарымен зұлымдық ойлағандардың кеу кеуімен ащы суды сіміруді одан сайын күшейткендігі – бәрі де Әбдірәс трагедиясы еді. Шын мәнінде бұл қаны да, жаны да, рухы да, болмыс-бітімі де тоталитарлық тәртіппен үш қайнаса сорпасы қосылмайтын қазақ қоғамының трагедиясы еді. Ақыры, не болды? Әбдірәс Мәркеннен айрылды. Құлдырап бара жатқан жаны жайсаң серіге жаны ашыған, көз жасы көл болған Балзияға «ішпеймін» деп уәде берсе де, орындай алмаған Әбдірәс елден кетіп тынды. «Ақан серіде» бұлдыр болашақты бетке алып, ауру баласымен жолға шыққан бас қаһарман бар еді ғой. Әбдірәс та сондай белгісіз болашаққа беттеп, жоғалды.

Т.Тілеуханов стилінде тым ұзақ – сонар болмаса да, баяндау тәсілі біршама орын алған. Олар, біріншіден, характерлі баяндау үлгісін көрсетеді. Екіншіден, оқырманға сюжеттік желілер тартымды болу үшін жалаң, құрғақ баяндаулардан бойын аулақ

салған автор барынша кейіпкер монологын, полифониялық тәсілді (ой ағымы) кеңінен пайдалануға тырысқан. Ол сәттерде бас қаһарманға іш тартқан автор позициясы да байқалып қалады.

– Бәрі де оз халқымыздың ежелгі бұйымдары ғой.. Заманның ауқымы биледі, дәуірдің салт-санасы өзгерді. Салтты да, дәстүрді де керексіз қылдық. Өмір озды ма, тозды ма, жалпы ауанға қарсы шықпай ақ қояйын, бірақ ерекшелігіміздің берекесі кеткені анық. Осының кобін сәнімді асыру үшін ғана емес, әдейі қасарыспалықпен де істеп жүрмін. Кімге қасарысам? Өмірге ме, қоғамға ма? Әлде заманға шығар? Соны озім де түсінбедім. Әйтеуір, көңілім қыңырайып, әлдеқандай ұмытылған жақсылықты қайта жаңғыртқым келеді де тұрады. Осының бәрі - сондайдың жемісі. – Әбдірәс алдымен шақшасын қолына алды. Ішіндегі насыбайдан бас бармағының тырнағы үстіне ғана бір шокім насыбай шоқайтты. Содан екі танауына кезек кезек насыбай иіскеді. Әлгі бір шокім насыбайдың бірер ұшқын тозаңы ғана кеңсірігін орлесе керек. Түшкірген жоқ, пысқырған жоқ, сәл тыжырындады да қойды. Сонсоң, шақшасын айнала жағалатты.

– Насыбайшыларыңыз керектеріңізше ата беріңіздер. Өзімнің соған құштарлығым шамалы, бірақ анда - санда бір иіскемесем, шақшаны қолыма алып, тық еткізіп бір-екі қағып жіберіп, ырымын жасамасам, оне бойым құрысады да тұрады. – Әбдірәс биязы ғана жымыды. Сәл қысаң тартқан кокшіл жанары нұрға толып, сүйсінген кейіп танытты [41, 21-22].

– Менің бағам деймісің?... Қандай бағам бар? Соған өзім де күмәндімін. Ел-жұртым көтермелеп ақ жатады. Халқымның ұмытылып бара жатқан салтын қайта жаңғыртсам деймін. Рас, әуелгіде тек бой сәндеудің, ерекше корінудің әуенімен ғана жүрдім. Сонсоң, көпшіліктің ықыласы ауды. Қолдады, қолпаштады, хал-қадірлерінше қолғабые комектерін жасады. Өстіп бірте бірте заттарым молықты. Мен де жеке біреудің емес, көптің мұрасына иелік етіп жүргенімді ұқтым. Бірақ қоғамға керексізбін. Керексізді қойып, қоғамға кінәлі сияқтымын. Кінәлі ғана емес, жазалы сияқтымын. Кейде озімді-өзім ұқпай далмын. Өзімді ұқпаймын ба, әлді қоғамды ұқпаймын ба? Бәлкім, екеуін

де ұқпайтын шығармын. – Әбдірәс іштей толғанып кідірістеп қалған [41, 142].

Ал, өзі ше? Сондай сезім мен сенім өзіңде бар ма?

Ие, өзі де пәлендей күмән келтіре қойған емес. Қоғамның ұранына, көпшіліктің сеніміне бұл да жығылады. Құлдықтан құтылуымыз, теңдікке жетуіміз сол көсемдердің арқасы, данышпан идеяларының нәтижесі деп біледі. Адамзаттың бағы мен бақытына жаратылған, арналып туған данышпандар деп сенеді. Адамзат жаратылғаннан бергі қалыптасқан мызғымас қоғамның тас талқанын шығарып, талай ойшылдардың қиялында ғана жүрген теңдікті қоғам орнатты. Тек...

Ие, тек жолшыбайғы жолбикелердің кимелеп, көптеп кіріп кеткендері кесірлерін тигізіп, кеселдерін тым ақ келтіріп жүр.

Байларды жаппай қырып-жою кезінде өрескел асыра сілтеп жіберіпті. Жолбикелердің кесірлері тиіпті. Адамдарды саралай білмеген. Қоғамдағы таптардың жік жігін ажыратпай, бірін біріне тели берген де, біріне тән үкімге екіншісін қоса жыққан. Әділдіктен туған сұрыптау, көпшіліктің қалауынан шыққан қажеттілік емес, әрбір шолақ бастықтың ұйғарымынан кесімді бұйрық болып тараған жазалау науқанына айналды. Кедей аталған топтың көбі өмірден түңіліп, байдың қатарына жатқандар зар еңіреп, қан жұтты. Бекерден бекер қанды жазаға ұшырады. Үрім - бұтағымен жер бетінен құрып кеткендер көп. Елінен, жерінен безіп, тоз тоз болып қаңғырып, босқынға ұшырағандар көп. Солардың бәрін сондай кепке ұшыратқандар - орта жолдан қосылған шолақ белсенділер. Осы шолақ белсенділердің кеселі талай сандақтар мен сабаздарға тиді. Өмірді бұрмалаған уақиғаларға соқтырды. Көпшілікті жалтақ етті. Халық қорқақтыққа, жалтақтыққа бой алдырды. Әкесінің аузынан шыққан сөзге баласы аңдушы. Баласының іс - қылығына әкесінің төрелігі жүрмейді. Сондай лаңшыл кептің салқыны ел-жұрттың бойына әлі де үрей болып ұялап алған [41, 158-159].

– Жаным, Балым, өмірімді күндіз түні сенің қасыңда өткізер едім ғой. Соның амалына жете алмай жүрмін ау. Өзімнің де көңілім күпті, жаным –жалын. Түзге де сыймаймын. Үйге де сыймаймын. Сабыр қылып, саябыр табар жерім жоқ сияқты. Тіпті сенің қасыңда да қайдағы бір ойларға шырмалам. Бұғанға



шейін білмеген, кешпеген жайларым. Кейде өзімді кемсініп, қорсынып жүрем. Өмір шетке шығарып тастаған біреу сияқты көрем. – Әбдірәстың үнінен, шындығында да, тарыққан нышан байқалды.

– Батырым-ау, әлі жерің алыс, жолың ұзақ. Сол жол бойында саңқилы бөгеттер бар. Күресуің керек. Бәрін де жеңуің керек. Босандыққа беріліп, торығуға түссең -богеттерден қалай отесің, дұшпаныңды қалай жеңесің?! Мен білген батыр қиындыққа мойымаса керек, богеттерден жасқанбаса керек. – Балзия Әбдірәстың қолын алып, бетіне басты. – Жүрегің – дүлдүл. Білегің – сом. Күндіз-түні тілегіңді тілер тілекшің бар. Қайратыңды майырылтпа, жігерінді жасытпа. Азаматтығыңды еліңе көрсете біл. Балзияның соңғы сөзі Әбдірәстың жан дүниесін тағы тырнады.

Жан дүниесін қажап жүрген негізгі қыжыл осы болса керек. «Азаматтығың еліңе көрсете білуі»... Ие, нысана сол екен. Мақсат сонда жатыр. «Салмын» деді. «Серімін» деді. «Біржанмын» деді. «Ақанмын» деді. Олардың арттарында сөздері қалды, әндері қалды. Бұл болса, соларды дәріптеді. Солардың сөздері мен әндерін жеткізді. Болғаны сол ақ. Оның озінде де, бірде жасырып жабады. Бірде күбірлеп қана, бірде жан жағына жалтақтап сөйлейді. «Сал», «Сері» деген сөз бұл қоғамға жат болып шықты. Ал, өзінің жасап жүрген серілігі – уақытша ғана ел көзін жұбату. Ары қарай кім жалғастырады? Қалай жалғасады? Тыңдайтын құлақ табыла ма? Әр заманның өз әуені бар. Заман адамдары сол әуенге әуес. Қоғам да өз өкілдеріне сол әуендерді тықпалайды. Қазіргі қоғам өкілдерінің бәрі дерлік заманның күйін күйттейді. Ұранын ұрандайды. Жырын жырлайды. Сөзін сөйлейді.

«Әбдірәс» деген атымен қоғамға кіріге алмай жүрген бұл өзі ғана. Әзірге қоғамға келтірген айдасы да шамалы. Ие, қоғамға бергені де жоқ, алғаны да жоқ. Істеген тұрақты қызметі және жоқ. Ат баптады, палуандар тобына қосылып анда мұнда барғыштады. Осындай осындай тиіп қашпа жұмыстармен басшылардың да, жұртшылықтың да көздерін көлегейледі. Енді қараса, бұл қоғамның «қызмет» деп аталатын істеріне икемсіз

екен. Әрі икемсіз, әрі ықылассыз. Енді мынау бір ісінен іс шығаруы-ақ қажет [41, 243-245].

Осы айтылғандардың өзінен-ақ автордың өз қаһарманының жан әлеміне, ішкі дүниесіне психологиялық тұрғыдан қаншалықты үңіле алғандығын көруге болады.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Жер бетіндегі барша халық өкілдерінің өзгеге ұқсай бермейтін, тек өзіне ғана тән ұлттық ерекшеліктері болады. Бұл ерекшеліктер сол халықтар өмірінің барлық саласында да кездесетіні ақиқат. Мысалы, айтыс өнері тек қазаққа ғана тән емес, шығыс елдеріне (парсылар, арабтар) де, ертедегі Русь еліне де өз кезінде тән болып келген. Бірін – бірі қайталамауы да, тек қана өзіне тән сипаттары да ұлттық болмыс-бітім, кескін-келбеттен туындап еді деуімізге толық негіз бар. Еуропа елдерінде сонау ертеректе рыцарь деген атқа ие болған, басқаларға ұқсай бермейтін жандар болған. Былайша қарағанда, олар ертедегі қазақ қоғамында болып, арқауын бертінге дейін жалғастырған сал, серілер феноменіне келіңкірейді. Алайда оларды қазақ сал, серілерінен өзгешелеу етіп көрсетіп тұрған жайт ұлттық болмыс қырлары дер едік. Ұлттық болмыс адам «шыр» етіп дүниеге келгеннен бастап сол адамға тән құбылыс болса да, уақыт өте келе, мерзім аясында қалыптасқан қоғамдық-әлеуметтік, тарихи, саяси жағдаяттармен тығыз байланыста болып келеді. Батыс елдерінде рыцарьлар қалай мадақталып, әлпеттелсе, қазақ қоғамында сал, серілер де ерекше құбылысқа айналып, халықтың ыстық сүйіспеншілігі мен ықыласына бөленді.

Еуропада айрықша мадаққа боленіп, құрметтелген рыцарьлар көркемөнер туындысының негізгі өзегіне сонау ХІХ ғасырда-ақ айналған. Тұңғыш тарихи шығарма болып есептелетін Вальтер Скоттың Айвенго жайлы романы бұл ойымызға дәлел болса керек. Ал, қазақ ақын-жазушылары атын атап, түсін түстеп, «мынау қазақтың салы», «мынау қазақтың серісі» демесе де, өздерінің тарихи және тарихи сипаттағы шығармаларында ұлт өмірінде ерекше орны бар сал, серілер, образын атүсті болса да, бейнелеуге тырысты. Себебі, тарихи туындыда халық өмірін сал, серілер дәстүрінсіз көрсету мүмкін емес-ті. Сол дәстүрдің элементтерін көрсету С.Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу», С.Мұқановтың «Балуан Шолақ», бертіндегі Д.Досжановтың «Жібек жолы», М.Мағауиннің «Көкбалақ» т.б. романдарына тән екені белгілі. Ал, тікелей сал,

серілер өміріне арналған тарихи шығармаларға С.Жүнісовтің «Ақан сері» роман-дилогиясы, Ә.Әбішевтің «Найзағай» романы мен «Басыңнан айналайын» повесі, З.Ақышевтың «Жаяу Мұса», «Иманжүсіп» романдары, С.Сматаевтың «Дүние өтерінде шыр айналды» повесі жатады.

Жоғарыда айтқанымыздай, тарихи деп аталатын шығармаларда сал, серілер туралы аз да болса, айтылмай қалған жоқ. Қ. Исабаевтың «Серт» атты роман-трилогиясында (үшінші кітабы «Шоң би» деп аталады) танымал ақын Жанақ Жанабергенұлы туралы деректер бар. Роман сюжеті XVIII ғасырдың соңы мен XIX ғасырдың орта кезіне дейінгі мерзімді қамтиды. Автор сол тұстағы тарихи, саяси, қоғамдық-элеуметтік жағдаяттарды Шоң би Едігеұлының коркем бейнесін жасау арқылы көрсетуге тырысқан. Шоңның ірі тұлға, әмірші, төбе би ретіндегі айрықша ықыласы Жанаққа деген қарым-қатынасынан байқалады да, автор оны (Жанақты) төңірегіне әнші, күйші, балуан, мешкей, желаяқ, сиқыршы сияқты жандарды жинаған сал, сері деңгейіне дейін көтереді. Демек, Шоңның Жанақты құрметтеуі халықтың ақынын құрметтеуі деп кең мағынада алуымыз қажет.

Аталмыш жұмысымызда біз негізгі басты қаһармандары Ақан сері, Біржан сал, Мәди, Жаяу Мұса, Иманжүсіп боп келетін қаһармандар өміріне арналған романдарды ғылыми талдаудан өткіздік, сонымен қатар, жоғарыда айтқанымыздай, эпизодтық сипатта көрінсе де, сал, серілер бейнесі сомдалу элементтері бар шығармаларға да тоқталдық. Сондықтан да жоғарыдағы айтылғандарды түйіндей келе, бірнеше қорытынды, тұжырым жасағанымыз жөн.

Біріншіден, қазақ халқының рухани өмірінде сал, серілердің айрықша орны бар.

Екіншіден, қазақтың сал, серілері туралы жазылған С.Жүнісовтің «Ақан сері» роман – дилогиясы, Ә.Әбішевтің «Найзағай» романы мен «Басыңнан айналайын» повесі, З.Ақышевтың «Жаяу Мұса», «Иманжүсіп» романдары, С.Сматаевтың «Дүние өтерінде шыр айналды» повесі, сондай-ақ сал, серілер өмірін арнайы түрде арқау етпесе де, эпизодтық көріністер арқылы олардың өмірі мен өнерін бейнелеген

М.Мағауиннің «Көкбалақ», Д.Досжановтың «Жібек жолы», С.Сматаевтың «Елім-ай» романдары т.б. ұлттық әдебиетте осы сала бойынша әбден орныққан, қалыптасқан дәстүр бар екенін айғақтайды.

Үшіншіден, сал, серілер өмірін арқау еткен қазақ әдебиетіндегі біз қарастырған шығармалар сол дәуірдегі қоғамдық-әлеуметтік, тарихи, саяси жағдайлардан молынан хабар беретінін айтқан абзал.

Тұтастай алғанда, кешегі кеңестік дәуірде дүниеге келген қазақ романдарымен повестерінде, – біз бұл жерде тарихи және тарихи сипаттағы шығармаларды айтып отырмыз, – қазақ сал, серілерінің өмірі аз да болса бейнеленген.

Сонымен, қазақ әдебиеті даму кезеңдерінің ең бір өнімді қуатты мерзіміне ХХ ғасырдың алпысыншы жылдарынан басталатын әдеби үдеріс жатады десек, оған жанрдың көкжиегі кеңейгенін, көркемдік – эстетикалық ізденістер жүйесінің кеңінен қанат жайғанын, алуан түрлі тақырыптардың, олардың ішінде, әсіресе, тарихи тақырыптың молынан игерілуін, алуан стильдік ағымдар пайда болғанын айрықша айтар едік.

Жанрлық ерекшелік тұрғысынан алғанда, аталмыш кезеңдегі тарихи шығармалар легін қазақтың сал, серілері туралы туындылар құрайды деген жөн. Ал, тарихи категория боп табылатын жанрды іштей сараласақ, өзіміз қарастырған роман, повестерді төмендегіше жіктер едік.

С.Жүнісовтің «Ақан сері» шығармасы – тарихи роман-диалогия. Демек, тарихилық сипаты басым. Роман кейіпкерлерінің көпшілігі өмірде болған адамдар. Аса ірі тарихи жағдаят, оқиғаларда авторлық ұстаным айрықша байқалады. Тарихи шындық пен көркемдік шындықтың арақатынасын тепетең ұстауға жазушы айрықша көңіл бөлген. Патша мұрагері Цесаревичтің қазақ жеріне келуі, Омбы губерниясына қарасты Ақмола (Қараөткел), Көкшетау уезі бастықтарының шынайы пиғылы, жергілікті ұлтқа деген қозқарасы, паң Нұрмағамбет, Сүлеймен, Нұртаза, Тұрлыбек Күшенұлы, Жанбота мен Азнабай болыстар, Ақтоқты, Жалмұқан – бәрі де эпикалық жанр талаптарына сай кең тыныстылықты қажет ететін кейіпкерлер. Бір ғана Құлагер трагедиясына байланысты І.Жансүгіровтің

атақты «Құлагер» поэмасын жазғаны мәлім. Поэма эпикалық ауқымы кең шығармаға жататын. Ал, «Ақан сері» романындағы сюжеттік желілердің молдығы, аса ауқымды оқиғалардың қамтылуы авторға әу басында тарихи роман-трилогия жазуға алғышарттар жасағаны, жазушының сондай жоспар жасағаны да мәлім, алайда өмірінің соңғы жылдарында тәуелсіздік рухымен қанаттанған қаламгердің үшінші кітапты жазу үшін жаңа пікір, саны ұстаныммен әдіснаманы қажет еткені және мәлім. Тосыннан келген ажал жазушыға романның үшінші кітабын тәмамдауға мүмкіндік бермеді.

З.Ақышевтың «Жаяу Мұса», «Иманжүсіп» романдары жанрлық ерекшелігіне автордың XIX ғасырдың екінші жартысында ғұмыр кешкен Жаяу Мұса Байжанов, Иманжүсіп Құтпанұлы өмірлерін бейнелеуде халық болмысындағы этнографиялық жайттарды суреттеуді бірінші кезекке шығарғаны байқалады. Мысалы, аламан дода, ат бәйгесі, көкпар, балуандар күш сынасуы, нағашы мен жиен арасындағы, жеңге мен қайны арасындағы әзіл-қалжың, қағытпалар, мешкейлер жарысы т.б. Демек, автор Жаяу Мұсалар ғұмыр кешкен дәуірдегі қоғам келбетін көрсету мақсатында келмекке кетіп бара жатқан қазақ ұлттық болмысы иірімдерін бейнелеу үшін этнографиялық суреттемелерді молынан пайдаланып, бас қаһарман образын даралап, айшықтауда шебер қолдана білген. «Иманжүсіп» романындағы шалт қимылдар, кесек іс-әрекеттері мен есте қалар бас кейіпкер «Найзағайдағы» Мәдиге ұқсайды. Яғни қос қаламгер стиліндегі бағыттастықты, үндестікті бірден байқау қиын емес.

С.Жүнісов стиліне психологиялық талдау тәсілі етене жақын. Диалог, монолог, пейзаж тұтаса келіп, романдағы тартысқа айрықша арқау болған.

Ә.Әбішев стилінде кейіпкердің шалт қимылы мен кесек іс-әрекеттері «мен мұндалап» тұрады.

М.Мағауин стилі ықшам, астарлы, ишаратты баяндаулар мен жоғары зияткерлік және ойнақы сарынымен ерекшеленеді.

З.Ақышев романдары автордың жасы ұлғайған кезінде жазылған. Ұзақ жылдар бойы ұстаздық қызметте болған, көкірегі ел тарихына жетік жазушы қазақы болмысқа көбірек

назар аударып, көп реттерде тартысқа, оның әлеуметтік мәніне назар аударуды бірінші кезекке шығара алмай қалған.

Қысқаша айтсақ, қазақтың сал, серілері өмірін арқау еткен ұлттық проза қазақ әдеби үдерісінде маңызды орынға ие дегенді баса айтқымыз келеді.

## ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Жұмабасв М. Шығармалары. А., 1988. – 431б.
2. Марғұлан Ә. Күйді ерттеп, әнді мінген кемеңгерлер// Жұлдыз, 1983, №9.
3. Жұбанов А. Замана бұлбұлдары. А., 1963. – 383б.
4. Ысмайылов Е. Ақындар. А., 1956. – 291б.
5. Кенжебаев Б. Әдебиет белестері. А., 1986. – 400б.
6. Қирабаев С. Шындық пен шығарма. А., 1981. – 252б.
7. Қабдолов З. Сөз өнері. А., 2007. – 360б.
8. Кәкішев Т. Дәуір дидары. А., 1985. – 304б.
9. Ғабдуллин Н. Ғабит Мүсірепов – драматург. А., 1982. – 164б.
10. Ғабдуллин М. Қазақ эпосы. А., 1971. – 314б.
11. Сыдиықұлы Қ. Елеулі есімдер, бағалы басылымдар. А., 2001. – 91б.
12. Қаратаев М. Әдебиет және эстетика. А., 1970. – 306б.
13. Елеукенов Ш. Ғасырмен сырласу. А., 2004. – 372б.
14. Базарбаев М. Замана тудырған әдебиет. А., 1997. – 296б.
15. Негимов С. Қазақтың сал-серілері. А., 2005. – 128б.
16. Хамзин М. Қазіргі қазақ романы. Қарағанды, 2001. – 200б.
17. Дәдебаев Ж. Өмір шындығы және көркемдік шешім. А., 1991. – 208б.
18. Алпысбаев Қ. Қазақ әдебиетіндегі тарихи шығарма: таным және көркемдік. А., 2008. – 232б.
19. Нұрғали Р. Әдебиет теориясы. Астана, 2003. – 208б.
20. Сейдімбек А. Қазақтың ауызша тарихы. Астана, 2008. – 728б.
21. Тұрсынов Е. Қазақ ауыз әдебиетін жасаушылардың байырғы өкілдері. А., 1976. – 269б.
22. Шәріп А. Қазақ поэзиясындағы ұлттық идея. А., 2000. – 336б.
23. Қамзабекұлы Д. Алаш және әдебиет. Астана, 2002. – 471б.
24. Майтанов Б. Қазақ романы және психологиялық талдау. А., 1996. – 401б.



25. Бердібаев Р. Қазақ тарихи романы. А., 1979. – 391б.
26. Ергөбек Қ. Жазушы шеберханасы. А., 2002. – 292б.
27. Виноградов В. О языке художественной литературы. М., 1959. – 700с.
28. Гусев В. Рождения стиля. М., 1984. – 378с.
29. Гусейнов Л. Социальная природа нравственности. М., 1974. – 200с.
30. Кузьмичев И. Нравственные основы советской литературы. М., 1986. – 206с.
31. Поспелов Т. Вопросы методологии и поэтики. М., 1983. – 336с.
32. Бахтин М. Вопросы литературы и эстетики. М., 1975. – 504с.
33. Жүнісов С. Ақан сері. 1к. А., 1971. – 441б.
34. Жүнісов С. Ақан сері. 2к. А., 1977. – 458б.
35. Әбішев Ә. Найзағай. А., 1969. – 397б.
36. Әбішев Ә. Атыңнан айналайын. Кіт.: Шығ. Толық жинағы. 3-т. А., 1981-1983. – 361б.
37. Ақышев З. Жаяу Мұса. А., 2011. – 456б.
38. Ақышев З. Иманжүсіп. А., 2003. – 416б.
39. Мағауин М. Көкбалақ. Кіт.: Шығ. Жинағы. 6-т. А., 2006. – 248б.
40. Сматаев С. Дүние өтерінде шыр айналды. К.: Көп томд. шығ. жинағы. 2-т. А., 2008. – 432б.
41. Тілеуханов Т. Соңғы сері. А., 2007
42. Исабаев Қ. Серг. Роман. А., 1991. – 464б.
43. Досжанов Д. Жібек жолы. Роман. А., 1979. – 381б.
44. Балашов Д. Младший сын. М., 1971. – 311с.
45. Балашов Д. Марфа-посадница. М., 1969. – 283с.
46. Балашов Д. Великий стол. М., 1973. – 269с.
47. Балашов Д. Бремя власти. М., 1976. – 196с.
48. Задорнов Н. Цунами. М., 1968. – 216с.
49. Задорнов Н. Хэда. М., 1970. – 317с.
50. Задорнов Н. Симода. М., 1973. – 412с.
51. Задорнов Н. Ганконг. М., 1979. – 318с.
52. Загребельный П. Смерть в Киеве. М., 1982. – 297с.
53. Загребельный П. Евпраксия. М., 1983. – 310с.

54. Загребельный П. Первоисточник. М., 1984. – 412с.
55. Ленобль Г. История литературы. М., 1960. – 361с.
56. Бахтин М. Проблемы поэтики Достоевского. М., 1972. – 461с.
57. Конрад Н. Запад и Восток. М., 1966. – 521с.
58. Сигуа С. Миф и логика: структура прозы К. Гамсахурдиа. Тбилиси, 1984. – 366с.
59. Арутюнов Л. Советская литература и мировой литературный процесс. М., 1972. – 359с.
60. Әуезов М. Әр жылдар ойлары. А., 1958.
61. Жұмалиев Қ. Стиль – өнер ерекшелігі. А., 1966.
62. Қабдолов З. Әдебиет теориясының негіздері. А., 1972.
63. Қирабаев С. Революция және әдебиет. А., 1977.

**Хамзин Мәуен**

**Қазақ прозасындағы сал-серілер бейнесі**

**Монография**

Подписано в печать 5.12.2016 г. Формат 60x84 1/16.  
Бумага офсетная. Печать офсетная. Объем 8,75 п.л.  
Заказ № 544. Тираж 500 экз. Цена договорная.  
Отпечатано в ТОО «Типография Арко»,  
г. Караганда, ул. Сатпаева, 15.

